



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ



ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ

МОЛОДЕЖЬ КАЗАХСТАНА

**Аналитический доклад по результатам
социологического исследования**

**Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері
бойынша талдамалық баяндама**

Нұр-Сұлтан, 2022



Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі



«ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ»

ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША
ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА

«Қазақстан жастары» әлеуметтанулық зерттеуі: «Жастар» ҒЗО, Нұр-Сұлтан, 2022. – 122 бет.

Талдамалық баяндама Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша бұқаралық республикалық және сараптамалық сауалнама әдістерін қолданылып жүргізілген «Қазақстан жастары» әлеуметтанулық зерттеу нәтижелеріне сүйене жасалған.

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2022

МАЗМҰНЫ

I. ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ	5
II. ЖАСТАР АРАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН БҰҚАРАЛЫҚ САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ	11
Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы	11
1. ЖАСТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН БОС УАҚЫТЫ	11
Жастардың денсаулығы	11
Салауатты өмір салтына деген көзқарас.....	13
Репродуктивті денсаулыққа деген көзқарас	20
Дене шынықтыру мен спортқа деген көзқарас.....	23
Жастардың бос уақыты	27
2. ЖАСТАР ӨМІРІНДЕГІ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ	31
Білім беру жүйесіне қанағаттану	31
Мектептер	33
Колледждер.....	35
ЖОО	36
Бейресми білім беру	37
Ғылыми қызмет	37
3. ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ	40
Жастардың әлеуметтік өзсезінімі	40
Тұрғын үй жағдайы	44
Жастарды жұмыспен қамту мәселелері	47
Жұмыс іздеу жолдары	48
Кәсіпкерлік қызмет тәжірибесі.....	49
4. ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫ МЕН МҮДДЕСІ	51
Жастардың құндылық бағдары.....	51
Тілдік орта	56
Діни нанымның қалыптасуы	57
5. АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК	61
Жастардың қоғамдық-саяси көңіл-күйі.....	61
Азаматтық белсенділік	65
Наразылық әлеуеті	68
2022 жылғы қаңтар оқиғалары	73
Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс.....	75
Жастар құқығының сақталуы	77
Қауіпсіздік мәселесі.....	78
6. МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ....	80
III. САРАПТАМАЛЫҚ САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ	87
1. Мемлекеттік жастар саясаты шараларының тиімділігін бағалау	87

2. Жастар арасындағы өзекті мәселелер	91
3. Қазіргі жастардың құндылықтары мен қалауы	94
4. Азаматтық және саяси белсенділік	96
5. Жастар мәдениеті: дарынын танытуға жағдай жасау	99
6. Жоғары білім беруді жаңғырту	101
7. Еңбек нарығы және жастардың дағдылары	103
8. Ақпараттандыру және жастармен жұмыс.....	107
IV. ҚОРЫТЫНДЫ.....	111
V. ҰСЫНЫМДАР	118

I. ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының 2022 жылдың басындағы деректеріне сәйкес Қазақстандағы жастар саны ел халқының құрылымында 3 741 083 адамды немесе 20% бөлігін құрап, маңызды стратегиялық әрі кадрлық ресурс саналады. Жастар әлеуметтік қатынастарда, материалдық және рухани игілік өндіруде маңызды рөл атқарады. Тәжірибе көрсеткендей, жастардың қоғамдағы жағдайы және оның әлеуметтік ортаны дамытуға қатысу дәрежесі мемлекет саясатына да, жастардың әлеуметтік-саяси белсенділік деңгейіне де байланысты.

Қазақстан Республикасындағы мемлекет пен жастардың өзара әрекеттесу саласын реттейтін негізгі нормативтік құқықтық құжат – 2015 жылғы 9 ақпандағы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» заң. Бұл заңда жастарды мемлекет тарапынан қолдаудың мақсаттары, міндеттері, негізгі бағыттары, сондай-ақ механизмдері анықталып, жастардың әлеуметтік және саяси құқықтары айқындалған.

Мемлекеттік стратегиялық құжаттарда мемлекет дамуында жас азаматтардың ерекше рөлі бары және қазақстандық жастардың жауапкершілігі мен белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастырудың маңыздылығы атап өтіледі. Мемлекет жастардың шығармашылық және кәсіби тұрғыдан танылу мүмкіндіктерін кеңейту, сонымен қатар олардың әлеуметтік әл-ауқаты деңгейін арттыру саласында тұрақты түрде жұмыс жүргізуде.

Жастарды әлеуметтік-экономикалық процестерге тиімді интеграциялау үшін жастар ортасындағы проблемаларды зерттеу және жастармен жұмыс істейтін мамандардың компетенциясын арттыру қажет.

Осы зерттеудің өзектілігі мемлекеттік жастар саясатын жетілдіру мақсатында жастарды дамытудың негізгі үрдістерін, мәселелері мен ерекшеліктерін тұрақты талдау қажеттілігімен анықталады. Жас қазақстандықтардың, сондай-ақ жастар саясаты саласындағы сарапшылардың әлеуметтік институттарға, ұйымдарға және мемлекеттік бағдарламаларға қатысты пікірлері мен бағасын жан-жақты зерделеу мемлекеттік жастар саясаты аясында қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін талдау үшін ерекше құнды саналады.

Бағдарламаның әдіснамалық бөлігі

Зерттеу мақсаты – өмірдің түрлі аспектісі контекстінде Қазақстан жастарды дамытудың қазіргі жағдайын зерделеу және мемлекеттік жастар саясатын іске асыру тиімділігін арттыру бойынша ұсыным әзірлеу.

Міндеттері:

- жастардың денсаулығы, сондай-ақ олардың бос уақытын ұйымдастырудағы негізгі тенденцияларды қарастыру;
- жастардың өмір сүру сапасына және әлеуметтік әл-ауқатының ерекшеліктеріне қанағаттану дәрежесін анықтау;
- жас қазақстандықтардың құндылық бағдарлары мен мүддесін зерттеу;
- жастарды жұмыспен қамтудың өзекті мәселелерін талдау;
- жастардың білім сапасына қанағаттану дәрежесін анықтау;
- жастардың қоғамдық-саяси көңіл-күйін зерттеу;
- жастардың қоғамдық-саяси процестерге қатысу деңгейін анықтау;
- мемлекеттік жастар саясатын іске асыру тиімділігін арттыру бойынша ұсыным әзірлеу.

Зерттеу гипотезалары:

1. Жұмыспен қамту, білім беру, тұрғын үйге қолжетімділік, табыс деңгейінің өзекті мәселелерін ескере отырып, жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жастардың басым бөлігі жоғары деңгейде бағалайды.

2. Жастар қазіргі денсаулығына көбірек қанағаттанады, олар бос уақытын пайдалы өткізуіне жағдай жасалған.

3. Жастардың білім беру жүйесіне қанағаттануы, кейбір кемшілігіне қарамастан, орташа деңгейден жоғары деп бағаланады.

4. Қазіргі жастар үшін басты құндылық – ең алдымен рухани және бейматериал құндылықтар, яғни отбасы, денсаулық, достық, махаббат.

5. Жастар үшін өмірдің сан алуан аспектісі туралы пікір мен түсінік қалыптастырудың негізгі арнасы – әлеуметтік желілер.

6. Жастардың азаматтық белсенділік деңгейі төмен деңгейде екені байқалады, дегенмен кейбір мәселе бойынша наразылық көңіл-күйі болуы тенденциясы бар.

7. Жастар іске асырылып жатқан мемлекеттік жастар саясатына жоғары деңгейде қанағаттанбайды, өйткені мемлекет тарапынан қолдау шаралары (бағдарламалар мен жобалар) туралы хабардар болу деңгейі төмен және, сәйкесінше, оларға қатысу деңгейі де жоғары емес.

Зерттеу объектісі – репрезентатив қағидаты бойынша жастардың әлеуметтік-демографиялық және аумақтық сипаттамаларын көрсете алатын Қазақстан Республикасының 14 жастан 28 жасқа дейінгі (қоса алғанда) халқы (жастар).

Зерттеу пәні – Қазақстан жастарының денсаулық және бос уақыт, білім мен ғылым, әлеуметтік-экономикалық жағдай, құндылық бағдарлары мен мүддесі, қоғамдық-саяси процестер сияқты өмірдің негізгі аспектілерін бағалауы.

Негізгі ұғымдардың интерпретациясы

Мемлекеттік жастар саясаты – мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға және дамытуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі. Мемлекеттік жастар саясатының мақсаты – жастарды рухани және мәдени ағарту, білімін тереңдету, кәсібилігін арттыру және дене бітімін шыңдау, шешім қабылдау процесіне қатыстыру, табысты әлеуметтендіру және жастардың әлеуетін елді одан әрі дамытуға бағыттау үшін жағдай жасау.

Жастар – бұл жас ерекшеліктерінің жиынтығы және әлеуметтік жағдайдың сипаттамалары мен белгілі бір әлеуметтік-психологиялық қасиеттер негізінде ерекшеленетін әлеуметтік-демографиялық топ. Осы зерттеуде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңына сәйкес «жастар» ретінде Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары қарастырылады.

Әлеуметтік өзсезінім – жеке тұлға өмірлік стратегиясын іске асыруының интегралды сипаттамасы, айналадағы ақиқатқа және оның субъектив жағына деген көзқарасы. Сонымен қатар ол – когнитив қалыптасу түрінде болатын талаптану деңгейі мен субъектінің қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесі арасындағы байланыс.

Қоғамдық-саяси көңіл-күй – бұл нақты әлеуметтік-саяси шындықтың кейбір аспектісінің талаптарға, қажеттіліктерге және мүддеге сәйкестігі бойынша адамдардың айтарлықтай санының жалпы эмоционал-рационал бағасы. *Құндылық бағдарлары* – адамның санасында өмірде стратегиялық мақсат және жалпы дүниетаным бағыты ретінде танылған құндылықтар көрінісі.

Зерттеудің әдістемелік бөлігі

Зерттеуде ақпаратты жинау мен талдаудың сандық және сапалық әдістері қолданылды. Олар – респонденттен жеке сұхбат алу арқылы анкета қолдана отырып бұқаралық сауалнама, сондай-ақ сараптамалық сұхбат жүргізу.

Ақпарат жинаудың негізгі әдісі ретінде 14-28 жас (қоса алғанда) аралығындағы жастар арасында «face-to-face» тәсілін қолдана бұқаралық сауалнама жүргізу. Мұндай әдіс жастар ортасындағы жағдай туралы барынша объектив ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Бұқаралық сауалнама іріктеме негізінде таңдалған және жиынтығында әлеуметтік топтың құрылымын көрсететін респонденттердің көп саны зерттеуге қатысқанын білдіреді. Бұқаралық сауалнаманың нәтижелеріне сүйене белгілі бір дәлдікпен бұқаралық мінез-құлық туралы болжам жасалады. Бұқаралық сауалнамалардың негізгі мақсаты – адамдардың пікірлері, уәждемесі мен әлеуметтік құбылыстарды бағалауы, әлеуметтік, топтық және жеке сана құбылыстары мен жағдайлары туралы ақпарат алу.

Сараптамалық сауалнама – респонденттер ретінде белгілі бір қызмет саласында жоғары біліктілігі бар мамандар қатысатын сауалнама түрі. Бұл әдіс қарастырылып отырған мәселені талдауға және шешуге мамандардың компетенциясы жететініне көз жеткізеді.

Әлеуметтанулық зерттеу жүргізу тәжірибесінде сараптамалық сауалнама қандай да бір құбылыстың дамуын болжау; бұқаралық сауалнаманың ақиқаттылығы дәрежесін бағалау; зерттеу проблемасы туралы алдын ала ақпарат жинау (зондаж); қарапайым респонденттер арасында бұқаралық сауалнама жүргізу мүмкін болмайтын немесе тиімсіз жағдайларда қолданылады.

Сарапшылардың пайымына сүйене қабылданған бағалау мен шешімдердің сенімділігі өте жоғары және көбінесе алынған пікірлерді жинау, талдау және өңдеу рәсімдерінің ұйымдастырылуы мен бағытына байланысты. Рәсімнің өзі зерттелетін жағдайды талдауды; сарапшылар тобын таңдауды; сараптамалық бағаларды өлшеу тәсілін таңдауды; сарапшылар жұмысын тікелей бағалау рәсімін; алынған деректерді талдауды қамтиды.

Іріктемелі жиынтық көлемі 2000 респонденттен құралды. Әлеуметтанулық зерттеу жүргізу аумағы Қазақстан Республикасының барлық өңірін – республикалық маңызы бар Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларын, 14 облыс орталығын, сондай-ақ ауылдық елді мекендерді қамтиды. Зерттеуде квотасы бар стратификацияланған көпсатылы іріктеме қолданылды. Бастапқыда облыстар мен қалалар бойынша халық санына қарай ел өңірлері бойынша іріктеме көлемі айқындалды. Бұдан әрі әрбір өңір бойынша қалалық және ауылдық іріктеменің көлемі есептелді.

Жоба бойынша іріктемелі жиынтықты есептеу, адам*

	Барлығы	Қала халқы	Ауыл халқы	Ерлер	Әйелдер
Қазақстан Республикасы	2000	1126	874	1019	981
Ақмола	74	33	41	38	36
Ақтөбе	91	61	30	46	45
Алматы	210	42	168	106	104
Атырау	71	36	35	37	34
Батыс Қазақстан	66	32	34	33	33
Жамбыл	130	49	81	66	64
Қарағанды	138	107	31	71	67
Қостанай	81	44	37	42	39
Қызылорда	95	39	56	48	47
Маңғыстау	82	32	50	42	40
Павлодар	70	47	23	36	34
Солтүстік Қазақстан	52	22	30	27	25
Түркістан	256	49	207	132	124
Шығыс Қазақстан	125	74	51	65	60
Нұр-Сұлтан қ.	124	124	0	61	63
Алматы қ.	204	204	0	104	100
Шымкент қ.	131	131	0	65	66

*Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының 2022 жылғы 1 қаңтардағы деректері бойынша

Осы зерттеуде бақылау бірліктерін іріктеу бірнеше кезеңде жүргізілді:

1. Облыстар бойынша іріктеу – облыстар және республикалық маңызы бар қалалар бойынша 14-тен 28 жасқа (қоса алғанда) дейінгі халық санына қарай елдің 17 өңірі бойынша іріктеме көлемі айқындалды.

2. Қала-ауыл қағидаты бойынша іріктеу – әрбір облыста қалалық және ауылдық іріктеменің көлемі есептелді. Сауалнама барлық облыс орталығын, жекелеген шағын қалалар мен ауылдық елді мекендерді қамтиды.

3. Сауалнама жүргізу орындарын іріктеу – қалалық және ауылдық елді мекендерде осы елді мекеннің картографиялық тізімінен шағын аудандар мен көшелерді қарапайым кездейсоқ іріктеу жүргізіледі.

4. Үй шаруашылықтарын іріктеу – қалада «сол қол» ережесі бойынша бастапқы орыннан маршрут бойынша 5 реттік іріктеу қадамымен үй шаруашылығы таңдалды. Ауылда квотаға сәйкес келген 1 респондент көлемінде бір үй шаруашылығына белсенді сұхбат беруді шектеумен 3 еселік қадаммен таңдалды. Бастапқы орын ерікті түрде таңдалды.

5. Квотаға сәйкес респонденттерді іріктеу – әрбір жеке алынған үй шаруашылығында респонденттер екі белгі бойынша іріктеледі – жынысы және жасы – жас-жыныс квотасы – сауалнама жүргізу кезінде респонденттің жасы 14 жастан төмен және 28 жастан жоғары болмауы, сондай-ақ жынысы бойынша репрезентатив көрсетілуі тиіс (сауалнама алынатын ерлер мен әйелдердің саны Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес әрбір облыс, қала және ауыл бойынша есептелді).

Іріктеме репрезентатив қағидатына сай келеді, яғни бөлінген параметрлер бойынша респонденттердің құрамы бас жиынтықтағы тиісті пропорцияларға жақындайды. Бұл ретте іріктемелі жиынтықтың орташа сипаттамаларының бас жиынтықтың орташа сипаттамасынан ауытқуы $\pm 2,19\%$ -дан аспайды.

Сараптамалық сұхбаттардың іріктемелі жиынтығы берілген параметрлерге сәйкес 10 сарапшыдан құралады: біліктілік, қызмет саласы (жастармен байланысты зерделенуі тиіс салаларда – денсаулық сақтау, білім беру және бос уақыт, жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру, мемлекеттік жастар саясаты және т.б.).

Инструментарий құрылымы

Бастапқы ақпаратты жинау үшін әлеуметтанулық зерттеу анкетасы – белгілі бір ереже бойынша тұжырымдалған және өзара байланысты сұрақтар жиынтығын қамтитын тираждалған құжат пайдаланылды. Әлеуметтанулық анкетаның сипаты мен қасиеттері, оның көлемі, құрылымы, сұрақтар құрылысының ерекшелігі тығыз байланысты және осы құралды қолдану жоспарланған сауалнама түрімен, сондай-ақ зерттеу объектісі ерекшеліктерімен анықталады. Респонденттер арасында сауалнама 2 тілде – респонденттің таңдауы бойынша қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді. Зерттеудің далалық кезеңінде ақпарат жинауды өңірлік супервайзерлердің басшылығымен арнайы даярланған сұхбат алушылар іске асырды.

Сараптамалық сұхбат зерттеу міндеттеріне сәйкес әзірленген алдын ала дайындалған сценарий (гайд) бойынша жүргізілді.

Зерттеу инструментарийінің құрылымы зерттеудің бағдарламалық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес логикалық блоктарға бөлінген бірқатар сұрақтан құралады.

Сұхбат жүргізу кезінде кейіннен декодтауды (транскрипциялау) және деректерді талдауды жеңілдету үшін аудиожазба жүргізілді. Нәтижесі бойынша аудиожазбаларды таратып жазу жүргізілді және транскрипт жасалды.

Ақпаратты өңдеу әдістемесі

Зерттеудің далалық кезеңінің қорытындысы бойынша сұхбат алушылар жұмысына бақылау (анкеталар дұрыс толтырылғанын 100% тексеру және телефон арқылы 30% қатысушыларды тексеру), сондай-ақ деректерді кодтау, енгізу және өңдеу жүргізілді.

Бастапқы деректерді енгізу, өңдеу, сондай-ақ бір өлшемді, екі өлшемді кестелерді шығару, корреляциялық және кластерлік талдаулар лицензияланған, орыс тіліне бейімделген SPSS компьютерлік бағдарламасының көмегімен орындалды.

Ақпаратты талдау әдістері

Бастапқы әлеуметтанулық ақпаратты талдаудың негізгі әдістері:

- 1) бір өлшемді деректерді талдау;
- 2) екі өлшемді деректерді талдау;
- 3) корреляциялық талдау.

Әлеуметтанулық зерттеуді ұйымдастыру кезеңдері:

1-кезең. Әлеуметтанулық сауалнаманы дайындау.

Мыналарды қамтитын бағдарламаны әзірлеу:

- проблемалық жағдайды анықтау;
- таңдалған тақырып бойынша әдебиетке шолу жасау;
- мақсаты мен міндетін қою;
- тұжырымдаманы операциялау;
- гипотеза ұсыну;
- іріктемелі жиынтық жобалау.

Эмпирикалық ақпаратты жинауға арналған инструментарийді (анкетаны) әзірлеу:

- анкетаны аудару;
- инструментарийді басқару.

2-кезең. Эмпирикалық материалдарды жинау.

Сауалнаманы ұйымдастыру:

- сұхбат алушыларды таңдау, даярлау, нұсқама жүргізу;

- сауалнама жүргізілетін учаскелерді бөлу;
- сауалнама бірліктерін іріктеу;
- анкеталар мен сауалнамаларды толтыру бойынша нұсқаулықтарды тарату;

- сұхбат жүргізу.

3-кезең. Әлеуметтанулық деректерді өңдеу және түсіндіру:

- Статистикалық деректерді талдау және өңдеу үшін бағдарламада макет жасау (SPSS);
- анкеталарды кодтау (респонденттердің ашық жауаптарын кодтау);
- анкета деректерін енгізу;
- далалық зерттеуді бақылау;
- сызықтық есептер мен әлеуметтік-демографиялық параметрлер бойынша есептерді өңдеу және шығару;
- статистикалық талдаудың басқа түрлерін қолдану.

4-кезең. Алынған деректерді талдау.

Бастапқы талдау жүргізу:

- сауалнама нәтижесінде анықталған тәуелділіктерді анықтау;
- кесте шығару;
- диаграмма құру.

Деректерді екінші талдау:

- салыстырмалы талдау;
- қосымша ақпаратты тарту;
- жаңа болжам мен ұсыным беру;
- зерттеудің қорытынды есебін дайындау.

II. ЖАСТАР АРАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН БҰҚАРАЛЫҚ САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ

Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы

Зерттеуге 14-18 (34,3%), 19-23 (30,8%) және 24-28 жастағы (35,0%) азаматтар қатысты. Респонденттердің гендерлік құрамы 1012 ер адамнан (50,6%) және 988 әйелден (49,4%) тұрады.

Жалпыланған түрде жастардың 70,7% – қазақ, 20,0% орыс этносының өкілі, ал 9,4% басқа этнос өкілі.

Жастардың 67% туыстарымен немесе ата-анасымен бірге тұрады.

Жастардың басым бөлігінің өз отбасы жоқ (65,9%), 30,5% – тіркелген некеде, ал 3,1% азаматтық некеде тұрады. Үштен екі бөлігінен астамының (71,7%) баласы жоқ, үш және одан да көп баласы бар отбасылардың үлесі – 3,3%.

Жастардың 40,8% жұмыс істейді, 36,2% тек білім алады, ал 11,1% бір мезетте білім алып, жұмыс істейді.

Жас азаматтардың 46,2% өз қаражатына күн көреді, ал 38,9% бөлігін ата-анасы қамтамасыз етеді.

Жұмыс істемейтіндердің үлесі – 41,9%. Жұмыс істейтін жастар көбінесе қызмет көрсету, сауда, ғылым, мәдениет және білім салаларынан болды.

1. ЖАСТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН БОС УАҚЫТЫ


Жастардың денсаулығы

Денсаулық – адам өмірінің сапасына әсер ететін маңызды фактор. Респонденттердің пікірін зерттеу арқылы жастардың денсаулық жағдайы зерттелді.

Зерттеу көрсеткендей, респонденттердің жартысынан көбі денсаулығын өте жақсы, үштен бір бөлігі (32,7%) жақсы деп санайды. 8,3% қанағаттанарлық баға берді. 1,1% бөлігі денсаулығын нашар/өте нашар екенін айтты.

Респонденттердің жауаптарында жасына байланысты өзара корреляция байқалады: кіші жас тобы (14-18 жас) денсаулығын жақсы бағалайды (орта есеппен «өте жақсы» (67,3%) деген бағаны орта (58,4%) және үлкен (47,9%) жас топтарына қарағанда 10-20%-ға артық таңдады) (№1 диаграмма).

№1 диаграмма. «Денсаулық жағдайыңызды 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалаңыз, мұнда 1 – өте нашар, 5 – өте жақсы» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, жасы бойынша, %



Респонденттердің жауаптары бойынша гендері, өңірі, әлеуметтік мәртебесіне сай корреляция жүргізу кезінде айтарлықтай жіктелу байқалған жоқ.

Денсаулық жағдайын дәлірек бағалау үшін зерттеу инструментарийіне мынадай нақтылаушы сұрақ енгізілді: «Сіздің жағдайыңызға келесі сипаттамалардың қайсы сәйкес келеді?». Бұл ретте жауап нұсқалары ретінде жекелеген проблемалық аспектілер ұсынылды.

Респонденттердің жауаптарын қарасақ, сауалнамаға қатысқан әрбір бесінші адам көру қабілеті нашарлағанын (21,6%) айтқан. 13,3% – АІЖ (асқазан-ішек жолдары) сырқаты барын, 11,1% – арқа сүйегінің ақауы және 11% артық салмақ проблемасы барын айтты. Созылмалы аурулар себебінен дәрігердің есебінде тұрған жастар үлесі – 8,2% (№2 диаграмма).

№2 диаграмма. «Сіздің жағдайыңызға келесі сипаттамалардың қайсы сәйкес келеді?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Жасына байланысты корреляция бар: респонденттің жасы үлкен болған сайын, денсаулыққа байланысты проблемалық аспектілерді жиі айтатыны анықталды. Дәл осындай үлгі елді мекен түрі корреляциясында да байқалды. Қала жастары денсаулыққа қатысты белгілі бір проблема бар екенін жиі айтты. Респонденттердің жауаптарына сүйене отырып, қыздар артық салмақ, нашар көру және асқазан-ішек проблемаларын жиі айтатыны туралы қорытынды жасауға болады.

Тұратын өңір корреляциясы бойынша жауаптар келесідей бөлінді: Батыс Қазақстан облысында сауалнамаға қатысқан әрбір бесінші адам (21,2%) *созылмалы ауруы барын және есепте тұрғанын* айтты. Бұл мәселе бойынша жалпы республикалық көрсеткіштен (8,2%) асатын өңірлер мыналар: Алматы қ. (13,2%), Қарағанды (13%), Қызылорда (12,6%), Қостанай (11,1%), Алматы (10%) облыстары.

Артық салмақ проблемасы Солтүстік Қазақстан облысының әрбір бесінші респонденті (21,2%) және 2 мегаполистің жастары атап өтті: Алматы қ. – 16,7%, Нұр-Сұлтан қ. – 16,1%.

Нашар көру проблемасы Ақтөбе (38,5%), Қызылорда (32,6%) облыстары, Алматы (30,9%) және Нұр-Сұлтан (25,8%) қалаларының жас респонденттері үшін аса өзекті.

Арқа сүйегінің ақауы туралы Қызылорда (23,2%) және Шығыс Қазақстан (22,4%) облыстарында тұратын респонденттер жиі айтты.

Сауалнамаға қатысқан Қызылорда облысының әрбір үшінші тұрғыны (32,6%), Алматы қаласының (21,1%) және Павлодар облысының (20%) әрбір бесінші тұрғыны АІЖ проблемасының бар екенін айтты.

Салауатты өмір салтына деген көзқарас

Жалпы, салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығын бағалау кезінде жастардың басым бөлігі оң жауап береді. Сонымен, респонденттердің жартысына жуығы (49,6%) салауатты өмір салты өзі үшін маңызды десе болады екенін айтты. Респонденттердің 40,6% үшін СӨС өте маңызды. 8,3% теріс жауап берді (дәлірегі, маңызды емес (6,5%) және мүлдем маңызды емес (1,8%) деген жауаптар жиынтығы).

Респонденттердің жасына сәйкес салауатты өмір салтының маңыздылығы корреляциясын қарастырайық (№1 кесте). «Өте маңызды» және «дәлірегі, маңызды» деген екі жауап нұсқасының қосындысы жалпы респондент жауаптарының 90% және одан жоғары болды.

№ 1 кесте. «Сіз өзіңіз үшін салауатты өмір салтын ұстану маңызды деп санайсыз ба?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, жасы бойынша, %

Жауап нұсқалары	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас
Иә, мен үшін бұл өте маңызды	42,0	40,7	39,0
Дәлірегі, маңызды	48,6	50,1	50,1
Дәлірегі, маңызды емес	5,0	7,3	7,3
Мүлдем маңызды емес	1,9	1,5	1,9
Жауап беруге қиналамын	2,5	0,5	1,7

Гендер бөлінісінде респондент жауаптарында айтарлықтай айырмашылық анықталған жоқ.

Ауыл жастары үшін (94,3%) салауатты өмір салтының маңыздылығы қалалық жастарға қарағанда (87,5%) жоғары.

Сауалнама көрсеткендей, жастар арасында жиі кездесетін жаман әдет – кеш жату және 6 сағаттан аз ұйықтау, осылай 43,1% респондент жауап берді. Респонденттер арасында ең өзекті зиян әдеттер – дұрыс тамақтанбау (34,9%) және әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізу (43%). Әрбір төртінші респондент дерлік (26%) зиян әдет ретінде көп отыратын өмір салтын атап айтты (№2 кесте).


№ 2 кесте. «Өзіңізге көбірек тән ҮШ зиян әдетті атаңыз» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %

Жауап нұсқалары	%
Сағат 24:00-ден кейін жатамын немесе тәулігіне 6 сағаттан аз ұйықтаймын	43,1
Әлеуметтік желілерде өте көп уақыт өткіземін	43,0
Пайдасыз тамақтарды жиі жеймін (фастфуд, жартылай фабрикаттар және т.б.)	34,9
Аз қозғаламын	26,0
Компьютерлік ойындарға өте көп уақыт жұмсаймын	24,1
Темекі, электрондық темекі немесе вейп шегемін	20,8

Әрбір бесінші респондент (20,8%) үшін электронды темекі немесе вейп пайдалану мәселесі өзекті болып отыр (№3 диаграмма).

Деректерді 2021 жылғы ақпаратпен динамикада талдау зиян әдеттердің тізімі ұқсас реттілікпен сақталғанның көрсетеді, бірақ сандық мәндер 8-10%-ға өскен. Бұл осы мәселенің өзекті бола түскенін көрсетеді. Осылайша, пайдасыз тағам жейтін жастардың үлесі 10%-дан жоғары мөлшеге өскен; әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізетін жастардың саны 8,1%-ға өсті; бейнеойындарға көп уақыт жұмсайтын жастардың саны 12%-дан астам мәнге өсті; шылым шегетін жастардың саны 7%-дан астам мөлшерге өсті.

№3 диаграмма. «Өзіңізге көбірек тән ҮШ зиян әдетті атаңыз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %*, 2021-2022 жж.



*Жиынтық 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Жас бөлінісінде кіші жас тобындағы (14-18 жас) респонденттер орта және үлкен жас топтарына қарағанда әлеуметтік желілер мен компьютерлік ойындарға айтарлықтай көп уақыт жұмсайтынын атап өтуге болады. Орта жас тобындағы жастар жаман әдет ретінде ұйқыға кеш жататынын айтты. Үлкен жас тобындағы жастар үшін басқа жастар топтарына қарағанда аз қозғалатын өмір және электронды темекі, вейп қолдану өзекті болып отыр (№3 кесте).

№3 кесте. «Өзіңізге көбірек тән ҮШ зиян әдетті атаңыз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, жасы бойынша, %

Жауап нұсқалары	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас
Әлеуметтік желілерде өте көп уақыт өткіземін	50,7	42,0	36,4
Сағат 24:00-ден кейін жатамын немесе тәулігіне 6 сағаттан аз ұйықтаймын	39,7	45,9	43,9
Пайдасыз тамақтарды жиі жеймін (фастфуд, жартылай фабрикаттар және т.б.)	35,6	32,2	36,4
Компьютерлік ойындарға өте көп уақыт жұмсаймын	32,3	24,1	16,0
Аз қозғаламын	22,5	26,0	29,4
Темекі, электрондық темекі немесе вейп шегемін	11,1	22,6	28,6
Аптасына екі реттен жиі ішімдік ішемін	2,8	4,9	8,9
Есірткі қабылдаймын, оның ішінде марихуана, кокаин, LSD	1,8	1,6	1,4
Насыбай, снюс қолданамын (темекі өнімдерінің түрлері)	0,7	1,0	1,6
Құмар ойындарын ойнаймын (бәс тігу және т.б.)	1,0	1,1	1,1
Жаман әдеттерім жоқ	5,7	3,4	4,0
Жауап беруге қиналамын	4,5	3,1	2,3

Бір айта кетері, «әлеуметтік желілерде көп уақыт өткіземін» деген жауап нұсқасын таңдау жиілігі ауылдық жерлерде жоғары (ауылда – 46,7%, қалада – 40,6%). Бұл ауылдық жерлерде бос уақыт өткізетін инфрақұрылымның жоғына немесе жеткілікті емесіне байланысты болуы мүмкін.

Қала жастары зиян әдеттердің ішінен «сағат 24:00-ден кейін жатамын немесе тәулігіне 6 сағаттан аз ұйықтаймын» жауап нұсқасын 40,6% ауыл жастарына қарағанда 44,7% көбірек таңдады (№4 кесте).

№4 кесте. «Өзіңізге көбірек тән ҮШ зиян әдетті атаңыз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, елді мекен түрі бойынша, %

Жауап нұсқалары	Қала	Ауыл
Сағат 24:00-ден кейін жатамын немесе тәулігіне 6 сағаттан аз ұйықтаймын	44,7	40,6
Әлеуметтік желілерде өте көп уақыт өткіземін	40,6	46,7
Пайдасыз тамақтарды жиі жеймі	38,4	29,5
Аз қозғаламын	25,9	26,1
Бейнеойындарға өте көп уақыт жұмсаймын	21,0	28,6
Темекі, электрондық темекі немесе вейп шегемін	22,1	18,7
Аптасына екі реттен жиі ішімдік ішемін	6,0	4,9
Құмар ойындарын ойнаймын	1,2	1,0
Есірткі қабылдаймын, оның ішінде марихуана, кокаин, LSD	1,7	1,4
Насыбай, снюс қолданамын	0,7	1,6
Жаман әдеттерім жоқ	4,3	4,5
Жауап беруге қиналамын	2,6	4,4

Жастардың денсаулыққа деген көзқарасы өте маңызды мәселе, бірақ денсаулықты тиісті деңгейде ұстауға деген ұмтылыс та маңызды. Жастар өз денсаулығына қалай және қандай жиілікпен көңіл бөледі?

Жастар үшін денсаулықты қолдаудың ең танымал шаралары:¹ таза ауада серуендеу (60%), дәрігерлерге уақтылы жүгіну (35%), тамақтануға мұқият қарау (30,4%), ұйқы режимін сақтау (29,4%), дене жаттығуларымен айналысу (29,2%), Интернеттегі СӨС бойынша ақпаратты қолдану (23,7%), дәрігерлерге жүйелі қаралу (21,9%).

Респонденттердің жасы корреляциясына сәйкес, жастардың кіші жас тобы таза ауада серуендейді (65%), жаттығумен айналысады (33,7%) және ұйқы режимін сақтауға тырысады (30,8%). Өз кезегінде, үлкен жас жас тобы өзінің тамақтануына аса мұқият қарайды (31,3%), Интернеттегі ақпаратты жиі қолданады (25,9%) және дәрігерлерде жүйелі түрде тексеруден өтеді (23,9%). Бұл тұрғыда жастардың орта

¹ «Үнемі» жауап нұсқасы

жас тобы ең осал саналады, олар жасына және әлеуметтік мәртебесіне байланысты денсаулықты қолдау шараларын кейде ғана қолданады.

Гендер бөлінісінде: ұлдарға қарағанда қыздар денсаулықты қолдауға саналы түрде қарайды – ұйқы режимін көбірек сақтайды, дәрігерге уақтылы жүгінеді және жүйелі түрде дәрігерге қаралады. Ұлдар белсенді формаларға артықшылық береді: дене шынықтыру, жүгіру (№4 диаграмма).

№4 диаграмма. «Денсаулықты сақтау үшін төменде аталғандардың қайсын орындайсыз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, («үнемі» деген жауап нұсқасы), гендер бойынша, %



Респонденттердің жауаптарының елді мекен түріне қарай бөлінісі ерекше. Зерттеу көрсеткендей, ауыл жастары денсаулығына мұқият қарайды, бұл келесі бағалауларда көрінеді. Ауыл жастарының 34,9% бөлігі әрдайым дене шынықтырумен айналысады (салыстыру үшін: қала жастары – 25,4%); тамақтануына мұқият қарайды – 36,2% (қалада – 26,6%); дәрігерлердің тексеруінен жүйелі түрде өтеді – 27,1% (қалада – 18,5%); Интернеттен СӨС бойынша ақпарат оқиды және тыңдайды – 31,5% (қалада – 18,6%). Бұл жауаптар ауылда денсаулықты сақтау және қолдау мүмкіндігі аз деген таптаурын пікірді жоққа шығарады. Ең бастысы – бұл жастардың осы мәселеге деген көзқарасы, болашақта өмір салтын қалыптастыратын субъектив компонент.

Жастардың денсаулық жағдайын қолдаудағы мінез-құлық тәжірибесі белгілі бір жағдайға байланысты болуы мүмкін, ал ол адамның әл-ауқатына және жалпы өмір сүру сапасына теріс әсер етеді. Респонденттердің көңіл-күйін ретроспектив талдау олар келесі сұраққа берген жауабы арқылы жүзеге асырылды: «*Өткен жылы мыналардың бірін бастан өткердіңіз бе?*» (№5 диаграмма).

14,7% – ұйқысыздық пен ұйқысы бұзылғанын айтты, 10,4% – мазасыздықты бастан өткерді, 10,3% – депрессияға шағымданды, 9,9% – созылмалы төмен көңіл-күй, 8,8% – күйзеліс, 8,2% – апатия, 6,9% – қорқыныш, 6,4% – тамақтанудың бұзылуын атап көрсетті (№5 диаграмма).

№5 диаграмма. «Өткен жылы мыналардың бірін бастан өткердіңіз бе? (кез келген жауап саны)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Гендерлік ерекшелік №6 диаграммада ұсынылған, онда қыздар белгілі бір жағдайдың әсерін жиі көрсететіні байқалады.

№6 диаграмма. «Өткен жылы мыналардың бірін бастан өткердіңіз бе? (кез келген жауап саны)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Эмпирикалық деректерді талдау барысында қала тұрғындары ауыл тұрғындарына қарағанда белгілі бір жағымсыз сезімдер мен эмоциялар әсерін жиі атап өтетіні көрсетті (№5 кесте).

№5 кесте. «Өткен жылы мыналардың бірін бастан өткердіңіз бе? (кез келген жауап саны)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, елді мекен түрі бойынша, %


Жауап нұсқалары	Қала	Ауыл
Апатия	9,3	6,4
Қорқыныш	6,5	7,4
Депрессия	11,8	7,9
Үрей	9,9	11,1
Созылмалы көңілсіздік	11,7	7,1
Күйзеліс	9,9	7,1
Тамақтанудың бұзылуы	7,0	5,3
Ұйқысыздық немесе ұйқымен байланысты басқа да бұзылулар	16,2	12,4
Дүрбелең шабуылдары	2,4	1,3
Аталғанның ешқайсысын сезінген жоқпын	56,4	66,2
Жауап беруге қиналамын	1,0	1,8

Өткен жылы жағымсыз сезімді, жағдайды және т.б. бастап өткергендерден аталған жағдайларда *біреуден көмек сұраған-сұрамағанын* анықтадық.

Зерттеу нәтижелері респонденттердің жартысынан көбі (57,4%) – ауыр психологиялық жағдайды өз бетінше жеңе алатынын көрсетті. Әрбір төртінші респондент (23,9%) «өте қиын болған кезде» ғана көмек сұраған. 11,7% бөлігі ғана осындай жағдайларда көмекке жүгінетінін атап өтті.

Ауыл жастары қалалық жастарға қарағанда көмек сұрауға жиі дайын екені назар аудартады (№7 диаграмма).

№7 диаграмма. «Сіз ауыр психологиялық жағдай, күйзеліс, мазасыздық, депрессия және т.б. сезінген жағдайда біреудің көмегіне жүгінесіз бе?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Бұл ретте, жас бөлінісінде респондент жауаптарында айтарлықтай айырмашылық анықталмағаны назар аудартады: мектеп оқушылары да, студенттер де, үлкен жас тобына жататындар да көбінесе көмек сұрамайды. Сонымен қатар бұл сұрақта гендерлік ерекшелік те байқалмайды, бұл әйелдердің ауыр психологиялық жағдайда көмекке жүгінетіні туралы пікірдің таптаурын екенін дәлелдейді.

Бұл сұрақты елді мекен бойынша корреляция жүргізген кезде ауыл мен қала жастарының жауаптарында шамалы айырмашылық байқалады. Осылайша, ауыл

жастары қиын психологиялық жағдайда көмекке жүгінуге дайын екенін жиірек айтты (№6 кесте).

№6 кесте. «Сіз ауыр психологиялық жағдай, күйзеліс, мазасыздық, депрессия және т.б. сезінген жағдайда, біреудің көмегіне жүгінесіз бе?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, елді мекен түрі бойынша, %

Жауап нұсқалары	Қала	Ауыл
Иә, әлбетте	9,7	15,7
Иә, қатты қиналған кезде	23,6	24,6
Жоқ, ешқашан жүгінген емеспін, өзім еңсеремін	60,8	50,7
Жауап беруден бас тарту	5,9	9,0

Жастар өзінің психологиялық, эмоциялық жағдайын жақсарту үшін қандай тәсілдерді таңдайды?

Теріс жағдайлардың ерекшелігі, жоғарыда айтылғандай, олардың өмір сапасына әсер ету қабілетінмен байланысты. Бұл тұрғыда жастардың біреуден көмек сұрауға әзірлігі – маңызды мәселе.

Жастардың пікірінше, жағдайды жақсартудың ең тиімді тәсілдері №8 диаграммада көрсетілген. Бірінші орында жақындарымен әңгімелесу, одан әрі жастардың үштен бірі Интернеттен ақпарат іздеуді жөн көретінін байқаймыз және әрбір бесінші респондент жағдайды жақсартудың ең жақсы тәсілі – салауатты өмір салтын (спортпен шұғылдану, тамақтану және т.б.) жүргізу екенін айтты. Зерттеу көрсеткендей, психологиялық қызметке қоңырау шалу сияқты дәстүрлі көмек тәсілдері жастар арасында таралмаған.

№8 диаграмма. «Жоғарыда көрсетілген күйлердің бірін бастан кешкен (кешіп жүрген) болсаңыз, онда жағдайды жақсарту үшін нені таңдайсыз? (үш жауаптан асырмаңыз)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Жастардың белгілі бір бөлігі СӨС маңыздылығы туралы хабардар емес деген болжамды жоғарыда айтылған сұрақтың зиян әдеттер туралы сұрақтармен корреляциясы жанама түрде растайды (№7 кесте). Мәселен, насыбай, снюс қолданатын 40,9% респондент Интернеттегі СӨС жөніндегі ақпаратты ешқашан оқымайтынын, тыңдамайтынын айтты, бұл көрсеткіш электронды темекі шегетіндер арасында 42,2%, ал аптасына екі реттен жиі алкоголь ішетіндер арасында 64,0%-ға жетті. Бұл жағдайда көретініміз: Интернет салауатты өмір салты мәселелері бойынша жастар үшін ақпарат алудың екінші ең танымал көзі болса да, белгілі бір топ үшін ақпарат көзіне жатпайды.

№7 кесте. «Егер Сіз №5 сұрақта көрсетілген күйлердің бірін бастан кешкен (кешіп жүрген) болсаңыз, онда жағдайды жақсарту үшін нені таңдайсыз? (үш жауаптан асырмаңыз)» / «Интернеттен салауатты өмір салты туралы ақпаратты оқып, тыңдаймын» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %

Жауап нұсқалары	Аптасына екі реттен жиі ішімдік ішемін	Темекі, электрондық темекі немесе вейп шегемін	Сағат 24:00-ден кейін жатамын немесе тәулігіне 6 сағаттан аз ұйықтаймын	Есірткі қабылдаймын, оның ішінде марихуана, кокаин, LSD	Насыбай, снюс қолданамын (темекі өнімдерінің түрлері)	Құмар ойындарын ойнаймын (бәс тігу және т.б.)
Үнемі, жиі	13,5	13,0	22,8	12,5	31,8	31,8
Кейде	22,5	44,8	50,8	68,8	27,3	36,4
Ешқашан	64,0	42,2	26,5	18,8	40,9	31,8

Респонденттердің пікірін ескере отырып, дәстүрлі көмек қызметтерін онлайн форматқа ауыстыру немесе құпиялылық ережелерін бұзбай, смартфондарда қолдануға болатын мобильді қосымшаларды әзірлеу мүмкіндігін қарастырған жөн.

Елді мекен түрі бойынша жауаптарды бөлу қала жастарының психологиялық көмек тәсілдеріне деген үлкен қажеттілігін көрсетеді (№9 диаграмма).

№9 диаграмма. «Жоғарыда көрсетілген күйлердің бірін бастан кешкен (кешіп жүрген) болсаңыз, онда жағдайды жақсарту үшін нені таңдайсыз? (үш жауаптан асырмаңыз)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Репродуктивті денсаулыққа деген көзқарас

Салауатты өмір салтының маңызды құрамдас бөлігі және жастардың денсаулыққа қатынасының сипаттамасы – репродуктивті денсаулық туралы хабардарлық деңгейі. «Репродуктивті денсаулық туралы білім деңгейіңіз қандай?» деген сұраққа мынадай жауаптар алынды: 38,7% «естуім бар, бірақ нақты не екенін білмеймін» деп атап өтті; 29,9% оның не екенін білмейді және 29% бөлігі бұл туралы жақсы хабардар.

Репродуктивті денсаулық туралы хабардар болу деңгейі респонденттің жасына тікелей байланысты: респондент неғұрлым жас болған сайын, хабардарлық деңгейі де соғұрлым төмен (№8 кесте).

№8 кесте. «Репродуктивті денсаулық туралы білім деңгейіңіз қандай?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, жасы және елді мекен түрі бойынша, %

Жауап нұсқалары	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас	Қала	Ауыл
Алғаш естуім, оның не екенін білмеймін	43,4	25,4	20,7	28,3	32,3
Естуім бар, бірақ нақты не екенін білмеймін	38,7	40,2	37,4	37,0	41,4
Жақсы білемін	14,9	32,2	39,9	32,0	24,3
Жауап беруге қиналамын	3,1	2,3	2,0	2,7	2,0


Қалалық жастарға қарағанда репродуктивті денсаулық туралы аз хабардар ауыл жастарына қатысты ұқсас жағдай. Мәселен, ауыл жастарының басым бөлігі (41,4%) репродуктивті денсаулық туралы үстірт ақпаратқа ие, респонденттердің үштен бірі (32,3%) оның не екенін мүлдем білмейді. Салыстырмалы түрде, қалалық жастар арасында сауалнамаға қатысқандардың үштен бірі (32%) бұл туралы жақсы біледі (ауылда – 24,3%), ал 28,3% – ештеңе білмейді.

Репродуктивтік денсаулық саласы шетін мәселе болуына байланысты қоғамның түрлі топтары үшін көбінесе тыйым салынған болып саналады, осыған байланысты өзіндік қыр-сыры бар. Сонымен бірге, жыныстық және репродуктивті денсаулықтың маңыздылығы туралы білмеу, тікелей ақпарат беру арналарының жоқтығы, осы тақырыптың жабындығы айтарлықтай теріс салдарға әкелуі мүмкін, олар ерте жүктілік, жастар арасында ЖЖБИ диагнозы, жасанды түсік және т.б. Осыны ескере отырып, жастарға жыныстық және репродуктивті денсаулық туралы ақпарат беру өте маңызды.

Зерттеу көрсеткендей, респонденттердің төрттен бірі мұндай ақпарат алмайды (25,3%), шамамен осындай бөлігі (25%) ақпаратты интернет-жарияланымдардан алады. Әрбір бесінші респондент (21,9%) достарынан, туыстарынан біледі. 16,7% бөлігі білікті ақпарат көзі – дәрігерлерден ақпарат алады, 16,5% – бұл тақырыпты отбасында талқылайды. Жастардың 7,6% ғана осындай ақпаратты мектепте алады, бұл өте жеткіліксіз көрсеткіш (№10 диаграмма).

Деректерді динамикада талдау 2021 жылмен салыстырғанда репродуктивті және жыныстық денсаулық туралы ақпарат жоқ деп жауап берген жастар саны 10%-ға артқанын көрсетеді; Интернетке жүгінетін жастар саны азайды. Сонымен қатар, достар мен отбасы сияқты ақпарат көздерінің маңыздылығы 4-6%-ға өсті. Мектептерде өмірдің осы саласы туралы ақпараттандырудың жеткіліксіздігі «мектеп сабақтары мен талқылаулар» нұсқасын бағалаудың 2021 жылғы 17,7%-дан 2022 жылы 7,6%-ға дейін төмендегенін айқын көрсетеді.

№10 диаграмма. «Өзіңіз үшін репродуктивті және жыныстық денсаулық туралы ең беделді ҮШ ақпарат көзін көрсетіңіз (үш жауаптан асырмаңыз)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %*, 2021-2022 жж.



*Жиынтық 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Репродуктивті денсаулық туралы ақпараттандырудың маңыздылығы, біріншіден, оны сақтауда, екіншіден, жастардың негізгі қауіп факторларын білуі маңыздылығында. 40,1% репродуктивті денсаулықтың бұзылу себептері – жыныстық жолмен берілетін инфекциялар екенін атап өтті. Респонденттердің тең саны (26,4%-дан) нұсқа ретінде гигиена ережелерін сақтамау және жыныстық өмірдің ерте басталуын таңдады. 23,2% репродуктивті денсаулыққа нашар экология әсер етеді деп санайды. Сауалнамаға қатысқан әрбір бесінші адам (20,3%) репродуктивті проблемаларды генетикалық ауытқулармен байланыстырады. 19,7% респондент репродуктивті денсаулыққа жасанды түсік теріс әсер етеді деп санайды және шамамен соншалықты үлесі (19,5%) – жыныстық серіктестердің жиі өзгеруін атады (№11 диаграмма).

№11 диаграмма. «Қалай ойлайсыз, репродуктивті денсаулықтың бұзылуына не себеп болуы мүмкін? (үш жауаптан асырмаңыз)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Дене шынықтыру мен спортқа деген көзқарас


Салауатты өмір салты мен жоғары сапалы өмірдің маңызды құрамдас бөлігі – физикалық белсенділік. Бұл мәселе дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысуды қажет ететін жастар үшін өте маңызды. Зерттеу көрсеткендей, респонденттердің 60%-дан астам бөлігі дене шынықтыру және спортпен тұрақты (22,5%) немесе ара-тұра (38,2%) шұғылданады (2021 жылдан бастап динамикада, «ара-тұра» нұсқасын таңдау бойынша 5,5% шегінде шамалы өсу, бірақ «тұрақты» жауап нұсқасын таңдау санының 5,6%-ға төмендегені анықталды). Жастардың төрттен бір бөлігі (25,4%) спортпен өте сирек айналысады, 13,7% – мүлдем айналыспайды. Осылайша, жастардың 39,1% астамы дене шынықтыру және спортпен мүлдем айналыспайды немесе ара-тұра айналысады. 2021 жылдан бері осы жауап нұсқалары бойынша бағалау сол деңгейде (-1,2%) қалғанын көреміз. Бұл көрсеткіш айтарлықтай жоғары және тиісті мемлекеттік органдар тарапынан жіті назар аударуды талап етеді (№12 диаграмма).

№12 диаграмма. «Сіз дене шынықтыру, спортпен айналасыз ба, жоқ па? (бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %, 2021-2022 жж.



Жауаптарды талдау трендтердің өзгергенін көрсетті: егер өткен жылы ауыл жастары қалалық жастарға қарағанда тұрақты дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға аз тартылса, ағымдағы жылы ауыл жастарының 65%-дан астамы дене шынықтыру және спортпен шұғылданады. Қала тұрғындарының 40%-дан астамы, керісінше, дене шынықтырумен мүлдем айналыспайды немесе өте сирек айналысады (№13 диаграмма).

№13 диаграмма. «Сіз дене шынықтыру, спортпен айналасыз ба, жоқ па? (бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, елді мекен түрі бойынша, %




Респонденттердің жауаптарының жасына байланысты саралануы күтілген және түсінікті: 14-18 жас – 69%-дан астамы, 19-23 жас – 60%-дан астамы, 24-28 жас – 52%-дан сәл астамы спортпен шұғылданады. Бұл жағдайда кіші жас тобындағы жоғары көрсеткішті бір жағынан мектептердегі дене шынықтыру сабақтарымен түсіндіруге болады, ал екінші жағынан жас ұрпақтың денсаулыққа қатысты белгілі бір тенденцияларын көрсетуге болады.

Спорт – жеке тұлғаның дамуына белсенді әсер ететін қызмет түрлерінің бірі. Ерлер үшін дәстүрлі әлеуметтену процесі әйелдерге қарағанда спортпен шұғылдануды қамтамасыз етеді. Зерттеу дене шынықтыру және спортпен шұғылданудың гендерлік ерекшелігі бар екенін растады, жігіттер қыздарға қарағанда спортпен тұрақты түрде айналысады (айырмашылық 10%-дан асады: 27,8%-ға қарсы 17,1%).

Көріп отырғаныңыздай, жастардың едәуір бөлігі белгілі бір дәрежеде спортпен шұғылданады. Сонымен қатар, жастардың дене белсенділігін қайда көрсететінін білу маңызды. Бұл жағдайда ерекшелік мынада. Бір жағынан, спорт пен дене шынықтыру жастардың күнделікті өміріне кірігуі және ойын-сауық, соның ішінде уақыт өткізудің үй формалары арқылы да көрінуі маңызды. Сонымен қатар, үйден тыс жерде дене белсенділігі мен спортпен шұғылдану – бос уақыттың максималды пайдалылығы мен жан-жақтылығының белгісі, жоғары өмір сапасының маңызды шарты және жоғары өмір стандарттарына ұмтылудың көрсеткіші. Бұл адамның әлеуметтік өмірін неғұрлым толық етеді және оның өмірдің көрсетілген саласына қанағаттану дәрежесіне әсер етеді.

Респонденттердің жауаптары көрсеткендей, үштен бірі (34,0%) спорт кешендеріне, 27,8% – фитнес-клубтарға барады, шамамен осындай бөлігі (27,7%) спортпен үйде, әрбір төртінші үйдің ауласында (25,5%) шұғылданады (№14 диаграмма).

№14 диаграмма. «Сіз қай жерде спортпен айналысуды қалайсыз немесе артық көресіз? (үш жауаптан асырмаңыз)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %, 2021-2022 жж.



*Жиынтық 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

2021 жылдың нәтижелері динамикасында институционалдық нысандар (спорт кешені, фитнес-клуб) бойынша мәндердің 3-9% шегінде өсуі және саябақтарда спортпен айналысатын жастар үлесінің 6,3%-ға ұлғаюы байқалады.

Гендерлік ерекшелік спорттың таңдаулы формаларында көрініс тапты. Қыздар фитнес-клубтарда (31,0%/24,7%) және үйде (31,0%/34,4%) спортпен шұғылдануды жөн көреді. Жігіттердің 40,9% бөлігі спорт кешендерінде спортпен шұғылдануды жөн көретіндігін атап өтті (26,8% – қыздар). Үйдің ауласында 30,0% ұлдар және 20,8% қыздар спортпен шұғылданғанды жөн көреді. Бұл жағдайда жастар үшін (қыздар да, ұлдар да) спортқа кем дегенде екі фактор әсер етеді: салауатты өмір салтына деген ұмтылыс және имидж компоненті.

Респонденттердің артықшылықтары олардың жасына байланысты: кіші жас тобы көбінесе материалдық тұрғыдан арзан спорт түрлерін атап өтті: спорт кешені – 38,1% (салыстыру үшін, орта жас тобы – 33,5%, үлкен жас тобы – 30,3%) және үйдің ауласы (30,1%).

Өз кезегінде, басқалармен салыстырғанда ересек топтағы респонденттер спортпен шұғылданғанды фитнес-клубтарда жөн көреді (29,8%).

Респонденттердің қалауын елді мекен түріне қарай бөлу ерекше назар аудартады. «Фитнес-клуб» жауап нұсқасының бағасы шамамен теңдей: қалада 27,2%, ауылда 28,8%, бұл ауылдық жерлерде спортпен шұғылдану түрлері көбінесе дәстүрлі деген пікірдің стереотиптілігін көрсетеді. Респонденттердің бұл сұраққа берген жауаптары ауыл жастары қалалық жастарға қарағанда спортпен жиі шұғылданады деген қорытындыны растады. Мәселен, бұл спортпен айналысу үшін спорт кешендерін (41,4% ауыл жастары; 29,1% қала жастары) және саябақтарды (20,6% ауыл жастары; 15,5% қала жастары) таңдауда көрініс табады.

Жастардың 39%-дан астамы спортпен айналыспайтынын немесе өте сирек айналысатынын атап көрсетілген. Оны немен түсіндіреміз? Жастардың дене шынықтыру мен спортпен айналысқысы келмеуіне не әсер етеді?

Респонденттердің пікірінше, ең басты тежеуші фактор – жалқаулық (43,8%) және спорт кешендеріне, фитнес-клубтарға абонементтердің жоғары құны (39,3%) екенін көрсетті. Жастардың үштен бірі (33,0%) уәждеменің жоқтығын, ал 21,7% – денсаулық жағдайының нашарлығын атап өтті (№9 кесте).

№9 кесте. «Сіздің ойыңызша, дене шынықтыру және спортпен айналыспайтын адамдарға ең алдымен не кедергі келтіреді? (үш жауаптан асырмаңыз)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %, 2021-2022 жж.

Жауап нұсқалары	2021 жыл	2022 жыл
Жалқаулық, селқостық	37,8	43,8
Спорт кешендері мен фитнес-клубтарға абонементтер құнының қымбаттығы	27,3	39,3
Бос уақыт жоқтығы	28,6	34,8
Ынтаның жоқтығы	31,3	33,0
Денсаулық жағдайы нашар болуы	19,0	21,7
Спорттық базаның болмауы немесе қолайсыз орналасуы	12,8	18,8
Сүйікті спорт түрі, жаттығу жүйесі бойынша қолжетімді жаттығулар жоқтығы	8,0	12,5
Жаттығулар ұйымдастыру мен өткізудің төмен сапасы	8,0	12,1
Жаттығулар кестесі қолайсыз болуы	5,5	9,6
Тиісті инфрақұрылым жоқ	7,0	6,6
Спортпен айналысу беделді емес	2,0	2,4
Жауап беруге қиналамын	3,4	1,0

*Жиынтық 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Зерттеу нәтижелері негізгі себептер ағымдағы жылы өзектілігін сақтап қана қоймай (2021 жылмен салыстырғанда), нашарлады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Жекелеген тармақтар бойынша 12%-ға өсу байқалады (мысалы, спорт кешендеріне, фитнес-клубтарға абонементтердің жоғары құны). Бұл проблема қала жастарының 42,6%-ы үшін өзекті (ауыл жастары арасында бұл мәселе 34,3% атап өтті).

Гендерлік тұрғыдан респонденттердің бұл сұраққа жауаптары айтарлықтай сараланған жоқ.

Жастардың спортпен шұғылданғысы келмеуінің негізгі себептері респонденттердің жасына байланысты өзгереді. 24-28 жастағы жастар үшін мұндай себеп – фитнес-клубтарға абонементтердің жоғары құны (41,4%) және бос уақыттың болмауы (39,7%). Орта жастағы топ үшін (19-23 жас) уәждеменің болмауы (33,7%). Кіші жас тобы (14-18 жас) кең таралған себептермен қатар (жоғары құны, жалқаулық) – жаттығуларды ұйымдастыру және өткізу сапасының төмендігі (15,9%), спорттық базаның болмауы немесе қолайсыз орналасуы (19,7%), денсаулық жағдайының нашарлығы (24,4%), қолжетімді жаттығулардың болмауы (15,3%), сабақ кестесінің қолайсыздығы (11,1%).

Өңірлер бойынша жағдай²:

- бағаның қымбаттығы мәселесін Шымкент қ. (63,4%), Нұр-Сұлтан қ. (50,0%) және Түркістан облысының (59,4%) респонденттері айтты;

- жаттығуларды ұйымдастыру мен өткізу сапасының төмендігіне Қызылорда (32,8%), Атырау (28,2%) облыстарында назар аудару қажет;

- спорттық базаның жоқтығын немесе қолайсыз орналасуын Түркістан (32,8%), Қарағанды (29,7%), Қызылорда (29,5%) облыстарының респонденттері атап өтті;

- сүйікті спорт түрі бойынша қолжетімді жаттығулардың болмауы туралы Қызылорда облысының (30,5%) респонденттері айтты;

- тиісті инфрақұрылымның жоқтығына Батыс-Қазақстан (33,3%), Жамбыл (19,2%) облыстарының респонденттері шағымданды.

² Респонденттердің денсаулығына, спортпен шұғылдануға деген ықыласына, уәждеменің болмауына, бос уақыттың болмауына байланысты субъективті бағалары ұсынылмаған

Жастардың бос уақыты


Бос уақыт пен демалыс – адамның күнделікті іс-әрекетінің қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі және оның өзін-өзі тануының маңызды түрі. Қазіргі бос уақыт бұрынғыдай еңбекке «қосымша» емес, яғни, ең алдымен, одан демалу болып табылады. Бос уақыттың өзіндік құнды және өзін-өзі қамтамасыз ету сипаты оны тәуелсіз айналымына айналдырды, сол арқылы қазіргі уақытта адамның, әсіресе жастардың өмір сүру стандарттары мен сапасын айтарлықтай ажырататын маңызды сапалық параметр болды.

Жастардың уақыт өткізуіне қатысты нақты жағдай қандай? Олардың осы саладағы күнделікті тәжірибесі қаншалықты сараланған?

Жастардың бос уақытын өткізу жағдайын талдау олардың ұсынылған қызмет түрлері бойынша жұмсайтын уақытын бағалауына сәйкес жүргізілді.

Зерттеу көрсеткендей, жастардың 71%-ы әлеуметтік желілерді тұрақты пайдаланады, бұл қызмет түрлері бойынша ең жоғары көрсеткіш. Одан кейін Интернетте фильмдер мен бейнелер көру, жастардың 41% бөлігі онымен тұрақты түрде айналысады. Үшінші орында спортпен шұғылданду – 19,7% спортпен тұрақты шұғылданады (№15 диаграмма).

№15 диаграмма. «Сіз қаншалықты жиі...? (әр жолда бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Ойын-сауықтың басқа түрлерімен жастар көбінесе сирек немесе кейде айналысады.

Өртүрлі қызмет түрлерімен және ойын-сауықпен айналысу туралы сұраққа жауаптардың бөлінуі маңызды. Сонымен, қоғамдық ұйымдардың қызметіне қатысу, ақылы оқыту курстары, онлайн курстардан өту, Интернетте оқу, театрларға, музейлерге бару жастар арасында таралмаған; әр жағдайда респонденттердің жартысына жуығы ондай іспен ешқашан айналыспағанын айтты.

Респонденттердің жауаптарынан көріп отырғанымыздай, олардың тек 10,9% астамы тұрақты кітап оқиды, жастардың басым бөлігі кітаптарды сирек (34,1%)

немесе ешқашан (30,7%) оқымайды. Респонденттерге жылына оқылған кітаптардың саны туралы сұрақ қою арқылы келесі нәтижелерді алдық. 40,3% – мүлдем оқымайды, 36,6% – 1-5 кітап, 16,1% – 6-10 кітап, 4% – 11-19 кітап және 3,1% 20 және одан көп кітап оқиды.

Ересек жастағы топтың респонденттері кітаптарды басқаларға қарағанда аз оқиды: олардың жауаптары «ешқашан» нұсқасынан басқа барлық нұсқалар бойынша ең төмен (№10 кесте).

№10 кесте. «Сіз жылына неше кітап оқисыз?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, жасы бойынша, %

Жауап нұсқалары	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас
1-5	41,0	36,4	32,4
6-10	17,7	16,4	14,1
11-19	4,1	4,1	3,9
20 және одан көп	3,9	2,3	3,0
оқымаймын	33,3	40,8	46,6

Жастар үшін ең танымал жанрлар – тарихи романдар (26,4%), детективтер (26,3%), фантастика, фэнтези (25,4%), махаббат жайлы романдар (22,3%). Жанрларды таңдау кезіндегі жастардың қалауы бойынша деректер №11 кестеде ұсынылған.

№11 кесте. «Қандай жанрдағы кітаптар оқисыз (кез келген жауап саны)?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %

Жауап нұсқалары	%
Тарихи романдар	26,4
Детективтер	26,3
Фантастика, фэнтези	25,4
Ғылыми әдебиеттер	22,3
Махаббат туралы романдар	22,3
Қазақстан әдебиеті	18,7
Шетелдік классика	13,6
Қазіргі шетел әдебиеті	16,2
Іскерлік әдебиет	14,1
Поэзия	13,3
Қорқынышты фильмдер/триллер	10,8
Эротика	2,6
Басқа	4,5
Жауап беруге қиналамын	1,0

Әсіресе кіші және ересек жастағы топтардың артықшылықтары қатты ерекшеленеді. Үлкен жастағы топ, оның қызығушылықтарын, жұмыспен қамтылуын ескере отырып, іскерлік әдебиеттер, ғылыми әдебиеттер, тарихи романдар мен детективтерді көбірек оқиды.

Кіші жастағы топ қазақ әдебиетіне, фантастикаға және триллерлерге басымдық береді.

Зерттеу қазіргі қазақстандық жастардың жаһандық трендтерді жаңғыртатынын көрсетті. Бұл, әсіресе, әрбір екінші респондент әлеуметтік желілермен және интернетте фильмдер мен бейнелерді көрумен байланыстыратын бос уақытты өткізуде айқын көрінеді.

№12 кестеде берілген жауаптар қазақстандық жастардың таңдауын көрсетеді. Тік-Ток жаһандық әлеуметтік желісімен және Netflix, HBO сияқты әлемдік ағындық сервистермен қатар, қазақстандық жастар отандық өнімдерге артықшылық береді. Біріншіден, әрине, бұл Salem Social шығарған жаңа медиа мазмұнға және т.б. байланысты.

№12 кесте. «Бос уақыт өткізу үшін қандай бейне өнімдерді (фильмдер, сериалдар) қалайсыз (бес жауаптан асырмаңыз)?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, жас топтары бойынша %

Жауап нұсқалары	Барлығы	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас
Tik-Tok-тағы бейнелер	43,3	53,9	42,4	33,6
Netflix, HBO және т.б. шығарған фильмдер мен сериалдар	39,2	40,1	38,4	38,9
Қазақстанда шығарылған сериалдар, фильмдер және бағдарламалар	29,2	24,1	29,8	33,7
Instagram-дағы Reels бейнелері	28,9	32,1	26,5	27,9
Ресейлік сериалдар, фильмдер мен бағдарламалар	26,9	16,9	25,2	38,1
Түрік сериалдары	24,0	20,1	25,2	26,7
Marvel комикс және сериалдары	17,4	20,6	16,9	14,6
Оңтүстік Корея дорамалары	17,4	19,1	17,7	15,4
Жапон аниме, манга және т.б.	14,2	22,8	11,1	8,4
Фильмдер мен сериалдарды көргенді ұнатпаймын	8,1	7,4	9,4	7,9
Азия киносы	7,2	7,0	6,8	7,7
Жауап беруге қиналамын	0,6	0,9	0,7	0,3

Жауаптардың жас ерекшелігіне қарай саралануы айқын көрінеді.

Кіші жас тобы (14-18 жас) Тик-ток (53,9%), жапондық аниме, манга (22,8%), Marvel комикстері мен сериалдарын (20,6%), оңтүстік корейлік дорамаларды (19,1%) артық көреді.

Ересек жастағы топ үшін ресейлік сериалдар, фильмдер мен бағдарламалар (38,1%), қазақстандық сериалдар, фильмдер мен бағдарламалар (33,7%), түрік сериалдары (26,7%) ұнамдырақ.

Респонденттердің жынысы бойынша: қыздар ерлерге (11,6%) қарағанда түрік драмаларын (36,7%) және оңтүстік корейлік драмаларын (ерлердің 7,2% қарсы 27,8%) көргенді ұнатады. Өз кезегінде, әрбір бесінші жас жігіт (20,3%) Marvel комикстері мен сериалдарын ұнатады (қыздардың 14,4%).

Жастардың әлеуметтік топ ретіндегі өзіне тән қасиеті – ерекшеленгісі келеді. Осы тұрғыда бұл тілек жастар субмәдениетімен танысу арқылы айқын көрінуі мүмкін. *Қазақстандық жастар жаһандық трендтермен қаншалықты келіседі және субмәдениеттерді қалыптастыруға тартылған?* Зерттеу құралдарына мынадай сұрақ қосылған болатын: «*Өзіңізді қандай да бір субмәдениетке жатқызасыз ба?*».

Зерттеу нәтижелері қазақстандық жастар арасында субмәдениеттерге деген қызығушылық айтарлықтай кең таралған тренд емес екенін көрсетті. Мәселен, «*Өзіңізді қандай да бір субмәдениетке жатқызасыз ба?*» деген сұраққа 12,2% респондент ғана мақұлдап жауап берді. Жастар субмәдениеті өкілінің әлеуметтік портреті: бұл көбінесе 14-18 жастағы қыз. Неғұрлым толық сипаттамалар қоныстандыру түрін (қала/ауыл, білім деңгейі, өңір және т.б.) ескере отырып, жеке әлеуметтанулық зерттеу жүргізуді талап етеді. Бұл зерттеуде аумақтық қоныстанудың (қала/ауыл) ерекшелігі көрінбеді.

Жастардың бос уақытының инновациялық формалары тақырыбын жалғастыра отырып, қазақстандық жастардың косплейге деген көзқарасын маңызды қызығушылық тудырады, ол кейіпкердің толық өзгеруін (аниме, манга, компьютерлік ойындар және т.б.), киім ауыстыру, гримдеу, рөлдік «ойнау» дегенді білдіреді. Мұндай тәжірибе көптеген елдерде танымал, өйткені олар адамға өзінің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сіз косплей жасауды (фильмдер, сериалдар, анимелердегі сүйікті кейіпкерлерге айналу, олардың сыртқы келбеті мен мінез-құлқына еліктеу) ұнатасыз ба?

Сауалнамаға қатысқан жастардың басым бөлігі (72,5%) бұл сұраққа теріс жауап берді, олардың пікірінше, кейіпкерлерге деген сүйіспеншілігін нақты өмірге

ауыстырудың қажеті жоқ деп түсіндірді. 9,9% мұны өте сирек жасайтындығын атап өтті. 7,5% сүйікті кейіпкерлеріне еліктеуді киімдегі бөлшектер, аксессуарлар, шаш түсі арқылы білдіреді. Жастардың тек 2,3%-ы күнделікті өмірде өздерінің кумирлерін толықтай қайталайтынын атап өтті. Осылай жауап бергендер арасында кіші жастағы (14-18 жас) респонденттер ерекшеленеді, олар негізінен кейбір бөлшектер (аксессуарлар, шаш түсі және т.б.) арқылы косплей жасайды. Сонымен қатар бұл тренд Қазақстан жастары арасында кең таралған деп айтуға болмайды. Бұл тұрғыда қазақстандық жастар өзін-өзі көрсетудің басқа да үйреншікті түрлерін артық көреді.


2. ЖАСТАР ӨМІРІНДЕГІ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ

Білім беру жүйесіне қанағаттану

Білім беру жүйесі адамның әлеуметтену процесіне, әсіресе жас кезінде тікелей әсер ететін маңызды әлеуметтік институт болып табылады. Бұл тұрғыда жастардың білім беру жүйесіне қанағаттануы ерекше маңызға ие.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастардың алған біліміне қанағаттану деңгейі өткен жылмен салыстырғанда бұрынғы деңгейде қалды – 79,5%³ (2021 жыл – 79,3% (№16 диаграмма)).

№16 диаграмма. «Сіз алған немесе алып жүрген білімнің сапасына қанағаттанасыз ба? (бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %, 2021-2022 жж.



Бұл сұрақты респонденттердің жасы мен жынысы бойынша өзара байланыстыру айтарлықтай ауытқуларды анықтаған жоқ, яғни барлық жас топтарында оң бағаланғандар үлесі 77-80% шегінде көрсетілген.

Сонымен қатар, ауылдық (85,1%) және қалалық (75,3%) жастардың оң бағалары арасындағы алшақтық іс жүзінде 10%-ға өсті. Сонымен қатар, әрбір бесінші қала тұрғыны (21,7%) білім беру сапасына қанағаттанбайтынын атап өтті (ауыл жастарында бұл көрсеткіш – 13%).

Респонденттердің жауаптарын білім деңгейі бойынша бөлу (11 сынып, колледждер және одан кейінгі) әрбір бесінші респондент (20%) өзінің қанағаттанбайтынын көрсетеді (№13 кесте).

³ «Толық қанағаттанамын» және «дәлірегі, қанағаттанамын» жауап нұсқаларының жиынтығы

№13 кесте. «Сіз алған немесе алып жүрген білімнің сапасына қанағаттанасыз ба? (бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, білім деңгейі бойынша, %

Жауап нұсқалары	Аяқталмаған орта, мектептің 9 сыныбы	Орта, мектептің 11 сыныбы	Кәсіптік-техникалық, орта кәсіптік, колледж	Аяқталмаған жоғары, жоо-да оқимын	Жоғары, жоо бітірген	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистр, ғылым кандидаты / докторы, PhD докторы
Толық қанағаттанамын	31,1	26,9	30,1	33,9	36,9	36,0
Дәлірегі, қанағаттанамын	49,1	48,1	47,6	50,0	44,0	44,0
Дәлірегі, қанағаттанбаймын	13,9	18,4	17,1	12,5	13,8	20,0
Мүлдем қанағаттанбаймын	3,8	2,5	3,1	2,2	2,2	0,0
Жауап беруге қиналамын	2,1	4,1	2,0	1,3	3,1	0,0


Жауаптарды тұрғылықты жеріне байланысты талдау келесі қарама-қарсы топтарды бөлуге мүмкіндік берді (№17 диаграмма):

1) *білім беру сапасына қанағаттанудың жоғары деңгейі бар өңірлер:* Ақтөбе (98,9%), Қостанай (91,4%), Қызылорда (92,7%), Солтүстік Қазақстан (96,1%) облыстары;

2) *білім беру сапасына қанағаттану деңгейі төмен өңірлер:* Нұр-Сұлтан қаласы (60,5%), Алматы қаласы (62,7%), Маңғыстау (69,5%) және Батыс-Қазақстан (69,7%) облыстары.

Халықтың қалған өңірлердегі білім беру сапасына қанағаттануы көрсеткіші республика бойынша орташа мән шегінде тұр.

№17 диаграмма. «Сіз алған немесе алып жүрген білімнің сапасына қанағаттанасыз ба? (бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, өңірлер бойынша, %




Зерттеу нәтижелері, қазақ ұлтының өкілдері (81,0%) орыс ұлтының өкілдеріне (76,8%) немесе басқа этностық топтардың өкілдеріне (70,6%) қарағанда алған білім сапасына көбірек қанағаттанатынын айтуға мүмкіндік береді. Басқа этностық топтар өкілдерінің қанағаттанбаушылығын бағалау көрсеткіші 26,7%-ға жетеді (қазақтарда – 16,6%, орыстарда – 20,3%).

Мектептер

Қазақстандық мектеп білімінің сапасын бағалау кезінде респонденттер, ең алдымен, педагогикалық ұжымға қатысты оң пікірлерін білдірді. Атап айтқанда, мұғалімдердің этикалық мінез-құлқы (25,1%) және мектеп мұғалімдерінің біліктілігі (24,4%) сияқты аспектілер ең оң пікірлерге ие болды. Мектеп білімін бағалау жүйесін респонденттердің аз саны «өте жақсы» деп бағалады. Мәселен, респонденттердің 16,8%-ы Ұлттық бірыңғай тестілеудің тиімділігіне, 16,5%-ы – жаңа жүйенің, соның ішінде, БЖБ пен ТЖБ-ны жоғары бағалайды. Мектептердегі Интернетке қолжетімділікпен бірге осы екі аспект мектептегі білім берудің ең нашар бағаланған үш аспектісін құрайды (№18 диаграмма).

№18 диаграмма. «Қазақстандық білімнің түрлі аспектілерін 1 мен 5 аралығындағы шкала бойынша бағалаңыз, мұндағы 1 – өте нашар, 5 – өте жақсы» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, мектептер, %



Сапа шкаласы бойынша мектептегі білімнің әртүрлі аспектілерін қарастырайық⁴.

Респонденттердің бағалауы бойынша мектептегі білім берудің әртүрлі аспектілерінің рейтингі №14 кестеде ұсынылған.

№14 кесте. Мектептегі білім беру сапасының шкаласы (респонденттердің бағалауы бойынша)⁵

Жауап нұсқалары	%
Мектеп мұғалімдерінің біліктілігі	74,4
Мұғалімдердің этикалық мінез-құлқы	74,3
Мектептердің санитарлық жағдайы	72,2
Мектептердегі кабинеттердің техникалық жабдықталуы	68,6
Мектеп оқулықтарының сапасы	67,3
Мектептерде Интернетке қол жеткізу	65,3
ҰБТ	64,9
Мектептердегі бағалаудың жаңа жүйесі	64,3
Қазақ тіліндегі мектеп оқулықтарының сапасы	63,9

Сандық деректерді есептеу жалпы алғанда мектеп білімінің барлық аспектілерін респонденттер негізінен 4 деп (жақсы) бағалайтынын көрсетті. Бұл ретте ең жоғары бағалар (көрсеткіш 70%-дан жоғары) үш позиция бойынша қойылған: мектеп мұғалімдерінің біліктілігі, олардың этикалық мінез-құлқы және мектептердің санитариялық жағдайы. Бағалаудың екінші блогын (65-70 тармақ): мектептердегі кабинеттердің техникалық жабдықталуы, мектеп оқулықтарының сапасы және мектептердегі Интернетке қолжетімділік алады. Бағалаудың үшінші

⁴ Есептеу орташа мән формуласы бойынша жүргізілді: $(A1*1+A2*2+A3*3+A4*4+A5*5/5)$, мұндағы А –жолдар бойынша мәндер (білім беру аспектілері) – респонденттерді таңдау, 1 – ден 5 – шкалаға дейінгі мәндер, мұнда 1 – өте нашар, 5 – өте жақсы. Жауап беруге қиналамын мәндері ескерілмейді.


⁵ Сапа шкаласы: 81-100 – өте жақсы, 61-80 – жақсы, 41-60 – қанағаттанарлық, 21-40 – қанағаттанарлық емес, 0-20 – өте нашар.

блогына (65 тармақтан төмен), ҰБТ мектептердегі білімді бағалаудың жаңа жүйесі (БЖБ, ТЖБ және т.б.) және қазақ тіліндегі мектеп оқулықтарының сапасы кіреді.

Колледждер

Респонденттер мұғалімдердің біліктілігін колледждерге де қатысты жоғары бағалайды, сауалнамаға қатысқандардың 17,3%-ы оны «өте жақсы» деп бағалайды. Сонымен қатар, оң пікірлердің айтарлықтай үлесін колледждердегі оқу кабинеттерінің техникалық жарақтандырылуы алды (9,9%-ы «өте жақсы», ал 29,4%-ы «4» деген бағалады). Респонденттердің пікірінше, колледждегі білім берудегі ең проблемалық мәселелер оқуды бітіргеннен кейін жұмысқа орналасу мүмкіндігі және шәкіртақы мөлшері (әрқайсысы 7,5%) болып табылады (№19 диаграмма).

№19 диаграмма. «Қазақстандық білімнің түрлі аспектілерін 1 мен 5 аралығындағы шкала бойынша бағалаңыз, мұндағы 1 – өте нашар, 5 – өте жақсы» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, колледждер, %



Сапа шкаласы бойынша кәсіптік-техникалық білім берудің (колледж деңгейінде) әртүрлі аспектілерін қарастырайық.⁶

Респонденттердің бағалауы бойынша кәсіптік-техникалық білім берудің әртүрлі аспектілерінің рейтингі (колледждер деңгейінде) №15 кестеде ұсынылған.

№15 кесте. Кәсіптік-техникалық білім беру сапасының шкаласы (респонденттердің бағалауы бойынша)⁷

Жауап нұсқалары	%
Колледждердегі оқытушылардың біліктілігі	56,12
Колледждерде Интернетке қол жеткізу	52,9
Колледждердегі кабинеттердің техникалық жарақтандырылуы	52,8
Колледж оқушылары стипендиясының мөлшері	50,7
Мамандық бойынша жұмыс табу мүмкіндігі	50,5

Кәсіптік-техникалық білім беру бойынша сандық деректерді есептеу мектептегі білім беру жүйесімен салыстырғанда сапаны бағалау төмен және сапа шкаласы бойынша координаттар жүйесінде «қанағаттанарлық» екенін көрсетті. Бұл ретте колледждерде оқытушылардың біліктілігіне салыстырмалы түрде жоғары баға (56,12%) қойылған. Қалған позициялар одан да төмен деңгейде (50-52%).

⁶ Есептеу орташа мән формуласы бойынша жүргізілді: $(A1*1+A2*2+A3*3+A4*4+A5*5)/5$, мұндағы А – жолдар бойынша мәндер (білім беру аспектілері) – респонденттердің таңдауы, 1 –ден 5 – шкалаға дейінгі мәндер, мұнда 1 өте нашар, 5-өте жақсы. Жауап беруге қиналамын мәндері ескерілмейді.

⁷ Сапа шкаласы: 81-100-өте жақсы, 61-80-жақсы, 41-60-қанағаттанарлық, 21-40-қанағаттанарлық емес, 0-20-өте нашар.

ЖОО

Респонденттердің пікірінше, университет жүйесіндегі ең өзекті мәселе – оқу ақысының деңгейі (18,1%). Сонымен қатар, студенттердің шәкіртақы мөлшері (9,8%) және оқуды бітіргеннен кейін жұмысқа орналасу мүмкіндігі (9,5%) сияқты мәселелер атап өтілді. Жоғары білімнің оң бағаланған аспектілерінің қатарында оқытушылар құрамының біліктілігі де (15,2%) аталады.

Сонымен қатар, «жауап беруге қиналамын» жауап нұсқасы контекстіндегі білім сапасын талдау өте айқын болып табылады. Егер мектептегі білім беру үшін әртүрлі аспектілер бойынша бұл көрсеткіш 3,4 – 8,5% деңгейінде сақталса, орта арнаулы білім беру үшін 22-ден 25,6%-ға дейін, жоғары оқу орындарында – 24,6-дан 28%-ға дейін ауытқиды. Колледждер мен университеттердегі білім берудің жекелеген аспектілері бойынша біржақты пайымдаулардың болмауы хабардарлықтың жоқтығын, сондай-ақ проблемалық мәселелердің болуын көрсетуі мүмкін (№ 20 диаграмма).

№20 диаграмма. «Қазақстандық білімнің түрлі аспектілерін 1 мен 5 аралығындағы шкала бойынша бағалаңыз, мұндағы 1 – өте нашар, 5 – өте жақсы» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, ЖОО, %



Сапа шкаласы бойынша жоғары білімнің әртүрлі аспектілерін қарастырайық⁸. Респонденттердің бағалауы бойынша жоғары білім берудің әртүрлі аспектілер рейтингі №16 кестеде ұсынылған.

№16 кесте. Жоғары білім сапасының шкаласы (респонденттердің бағалауы бойынша)⁹

Жауап нұсқалары	%
ЖОО-дағы оқытушылардың біліктілігі	52,6
Мемлекеттік білім беру гранттарының саны және оларды бөлу	49,2
Мамандық бойынша жұмыс табу мүмкіндігі	48,1
Білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар	46,3
Студенттер стипендиясының мөлшері	46,1
Оқу ақысының деңгейі	41,8

⁸ Есептеу орташа мән формуласы бойынша жүргізілді: $(A1*1+A2*2+A3*3+A4*4+A5*5/5)$, мұндағы А -жолдар бойынша мәндер (білім беру аспектілері) – респонденттерді таңдау, 1 –ден 5-шкалаға дейінгі мәндер, мұнда 1 өте нашар, 5-өте жақсы. Жауап беруге қиналамын мәні есепке алынған жоқ.

⁹ Сапа шкаласы: 81-100 – өте жақсы, 61-80 – жақсы, 41-60 – қанағаттанарлық, 21-40-қанағаттанарлық емес, 0-20 – өте нашар.

Сандық деректерді есептеу жоғары оқу орнының білім беру аспектілерін респонденттер негізінен 3 деп (қанағаттанарлық) бағалайтынын көрсетті. Бұл ретте ең жоғары бағалар (көрсеткіш 50%-дан жоғары) бір позиция бойынша қойылған: оқытушылардың біліктілігі. Бағалаудың екінші блогын (48-50 тармақ): мемлекеттік білім беру гранттарының саны мен бөлінуі, мамандық бойынша жұмыс табу мүмкіндігі алады. Бағалаудың үшінші блогын (48 тармақтан төмен) білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар, студенттер стипендиясының мөлшері, оқу ақысының деңгейі құрайды.

Бейресми білім беру

Қазіргі қоғам үлкен әлеуметтік динамикамен сипатталады және жастардан тиісті білім деңгейін талап етеді. Әлемдік трендтердің бірі «өмір бойы оқытуға» және «бейресми білім беруге» баса назар аудара отырып, білім беру жүйесіндегі тәсілдерді түрлендіру қажет екенін мойындау болып табылады. *Қазақстандық жастар бейресми білім берудің әлемдік трендтері мен тәсілдерімен қаншалықты келіседі? Олар өз бетінше білім алумен айналысады ма (онлайн курстар, тренингтер, біліктілікті арттыру курстары)?*

Зерттеу көрсеткендей, бейресми білім жастар арасында ғылыми қызметке қарағанда танымал. Осылайша, сауалнамаға қатысқан жастардың 23,5%-ы бейресми білім берумен айналысады. Бейресми өз бетінше білім алу жастардың орта және жоғары жас тобында (14-18 жас – 21,0%; 19-23 жас – 24,4%; 24-28 жас – 25,1%) көбірек сұранысқа ие.

Қала мен ауылдық жер респонденттерінің жауаптарында елеулі айырмашылықтар байқалмайды. Гендерлік корреляция қыздардың жігіттерге (18,6%) қарағанда бейресми білім алумен (28,5%) көбірек айналысатынын анықтады. Білім деңгейі өздігінен білім алу уәждемесіне тікелей әсер етеді: жоғары білім деңгейі бар респонденттер «Сіз өз бетінше бейресми білім алумен айналысасыз ба?» деген сұраққа көбінесе оң жауап берді (№21 диаграмма).

№21 диаграмма. «Сіз өз бетінше бейресми білім алумен айналысасыз ба?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, білім деңгейі бойынша %



Ғылыми қызмет

Ғылыми-зерттеу қызметі жастардың алған білімдерін, біліктері мен дағдыларын шығармашылық тұрғыдан іске асыруға әзірлігін қалыптастыруға жәрдемдеседі, ғылыми іздеу әдіснамасын меңгеруге, зерттеу тәжірибесін алуға көмектеседі. Сонымен бірге ғылыми қызметті тек жоғары және жоғары білімнен


кейінгі білім беру жүйесімен байланыстыру арқылы қарастыру қате. Бүгінгі таңда әлемдік трендтердің бірі – әртүрлі әлеуметтік топтардың қатысуын кеңейтуді және әртүрлі тақырыптық блоктарды қамтуды көздейтін ғылыми қызметті танымал ету.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, «Сіз ғылыми қызметпен айналысасыз ба?» деген сұраққа мақұлдап жауап берген жастардың саны ағымдағы жылы 11,1%-ды құрайды (№22 диаграмма). Өткен жылдың нәтижелерімен деректерді салыстыру респонденттердің бағалауы сол деңгейде қалғанын көрсетеді¹⁰.

Айтарлықтай, ауыл жастары қалалық жастарға қарағанда ғылыми қызметпен айналысатынын екі есе жиі атап өтті (15,4%/8,3%). Жауаптар бойынша гендерлік тұрғыдан айтарлықтай айырмашылық байқалмайды. Бұл сұраққа негізінен аяқталмаған жоғары (16,5%) және жоғары білімі, ғылыми дәрежесі (28,0%) бар респонденттердің оң жауап бергені күтілген жағдай.

Респонденттердің жасымен корреляция және сызықтық бөлу №22 диаграммада көрсетілген, онда респонденттің жасы ғылыми қызметке әсер ететіні көрсетілген. Сонымен қатар, жауаптардағы шашыраңқылық сыни емес екенін көріп отырмыз, бұл жастардың осы бағыттағы әлеуеті бар екенін көрсетеді. Осы тұрғыда, әсіресе мектеп ортасында ҒЗЖ сабақтарын көтермелеген орынды болып көрінеді, өйткені бұл ұстанымды қалыптастырады және болашақта жастар кәсіптік-техникалық және жоғары білім алу кезінде пайдаланатын тәжірибе береді.

№22 диаграмма. «Сіз ғылыми қызметпен айналысасыз ба (ғылыми зерттеулер, эксперименттер жүргізу; ғылыми жобалар; ғылыми мақалалар жазу және т.б.)? (бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, сызықтық және жасы бойынша бөлу, %



Өңірлер бойынша Қызылорда (45,3% оң жауаптар), Қостанай (28,4%) және Ақтөбе (24,2%) облыстарындағы респонденттердің жауаптары айтарлықтай ерекшеленеді.

Жастарды ғылыми-зерттеу қызметіне тартудағы маңызды мәселе – ынталандыру жүйесі. Жастардың өзі ғылыммен таныстыру әдістері туралы не ойлайды?

Ең көп таралған жауаптар: зерттеу жұмыстарына жеке гранттар санын көбейту – 39,5% және студенттерді кафедралар мен ғылыми орталықтардың жобалық қызметіне белсенді тарту – 39%.

Бір қызығы, динамикадағы нәтижелерді салыстыру барлық нұсқалар бойынша маңыздылықтың өскенін көрсетті, яғни өткен жылы айтылған сұрақтар жастар үшін өзектілігі арта түседі. Егер 2021 жылы ҒЗЖ-мен айналысуға материалдық ынталандыруды көздейтін ең танымал жауап «іске асырылған жобалар мен өнертабыстардағы жетістіктер үшін сыйақы беру» нұсқасы болса, онда 2022 жылдың респонденттері, бірінші кезекте, оқушылардың/студенттердің зерттеу жұмыстарына жеке гранттар санын ұлғайту қажеттігін атап өтті. Бұл жастардың белгілі бір топтары ғылыми-зерттеу қызметімен айналысуға тұрақты уәждеме қалыптастырғанын көрсетеді. Оқушылар мен студенттердің зерттеулер мен ғылыми жобаларға қызығушылығын ояту үшін, олардың пікірінше, келесі шаралар арқылы мүмкін болады (№17 кесте).

¹⁰ 2021 жылы оң жауап бергендердің саны 88,3%, теріс – 10,7% болды

№17 кесте. «Қалай ойлайсыз, орта мектеп оқушыларының/студенттердің зерттеулерге, ғылыми жобаларға қызығушылығын дамыту үшін оқу орнында не істеу керек? (үш жауаптан асырмаңыз)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %, 2021-2022 жж.

Жауап нұсқалары	2021 жыл	2022 жыл
Оқушылардың/студенттердің зерттеу жұмыстарына жеке гранттар санын ұлғайту	31,0	39,5
Студенттерді кафедралар мен ғылыми орталықтардың жобалық қызметіне белсенді тарту	29,8	39,0
Іске асырылатын жобалар мен өнертабыстардағы жетістіктер үшін наградалар беру	31,6	38,4
Оқушылардың/студенттердің инновациялық әзірлемелері конкурстарын өткізу	24,6	29,4
Оқушылардың/студенттердің өзіндік жұмысы үшін оқу жоспарындағы сағаттар үлесін ұлғайту	11,3	23,4
Дипломдық жобалауды белгілі бір ұйымға назар аудара отырып, жүргізу	10,3	17,5
Оқушылардың/студенттердің ғылыми зерттеулерін ұйымдастыру бойынша арнайы курстарға оқу сағаттарының санын ұлғайту	14,6	16,6
Басқа	0,7	0,1
Жауап беруге қиналамын	13,4	11,2

*Жиынтық 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Респонденттердің екі санатының пікірін қарастырайық: аяқталмаған жоғары білімі бар (9 сынып білімі) және аяқталмаған жоғары білімі бар (ЖОО студенттері) ФЗЖ ынталандыру бойынша қажетті шаралар туралы (№23 диаграмма).

№23 диаграмма. «Қалай ойлайсыз, орта мектеп оқушыларының/студенттердің зерттеулерге, ғылыми жобаларға қызығушылығын дамыту үшін оқу орнында не істеу керек? (үш жауаптан асырмаңыз)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, білім деңгейі бойынша %



№23 диаграммада ұсынылған деректерге сүйене отырып, ғылыми-зерттеу қызметін іске асыруға мүдделі жастардың үлесін арттыруға болатын ЖОО оқушылары мен студенттері үшін ынталандыру шараларының басымдықтарын құруға болады.


3. ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Жастардың әлеуметтік өзсезінімі

Халықтың әлеуметтік өзсезінімі – әртүрлі объективті және субъективті жағдайдың әсерінен қалыптасатын кешенді индикатор.


Өмірге қанағаттану деңгейі – адамдардың субъективті жалпы өмір сүру әлауқатының көрсеткіші. Сауалнама нәтижелері бойынша жастардың өміріне оң баға берілгенін атап өтуге болады: 42,1% – «толық қанағаттанады», 48,1% - дәлірегі, қанағаттанады. 6,2% – ішінара қанағаттанбаушылық білдірді, тағы 2,4% – өміріне мүлдем қанағаттанбайды (№24 диаграмма). Өткен жылмен салыстырғанда қанағаттану деңгейінің жалпы бағасы айтарлықтай өзгерген жоқ.

№24 диаграмма. «Сіз жалпы қазіргі өміріңізге қанағаттанасыз ба? (бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %, 2021-2022 жж.



Гендер мен жас бойынша жауаптарда маңызды айырмашылықтар анықталған жоқ.

№25 диаграмма. «Сіз жалпы қазіргі өміріңізге қанағаттанасыз ба? (бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, өңірлер бойынша, %



Өңірлік ерекшелікті ескере отырып, респонденттердің жауаптарын бөлу №25 диаграммада көрсетілген. Халықта әлеуметтік көңіл-күйді оң бағалау басым өңірлер: Ақтөбе (100%), Солтүстік Қазақстан (100%), Қостанай (97,6%), Атырау (97,2%), Қызылорда (96,9%), Шығыс Қазақстан (96%) облыстары.

Теріс бағалары жоғары өңірлер: Алматы (15,7%), Батыс Қазақстан (13,6%), Павлодар (12,9%), Қарағанды (10,8%) облыстары және Шымкент қаласы (12,2%).


Респонденттердің жауаптарының этникалық ерекшелігіне қарай саралануы байқалады. Сонымен, орыс этностық тобының (11,6%) және басқа этностардың (11,2%) өкілдері қазақтарға (7,3%) қарағанда өмірге қанағаттанбайтыны туралы жиі айтты (№18 кесте).

№18 кесте. «Сіз жалпы қазіргі өміріңізге қанағаттанасыз ба (бір жауап)?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, этносы бойынша, %

Жауап нұсқалары	Қазақтар	Орыстар	Басқалары
Толық қанағаттанамын	44,1	40,0	31,6
Дәлірегі, қанағаттанамын	47,3	47,3	55,6
Дәлірегі, қанағаттанбаймын	5,4	7,3	9,6
Мүлдем қанағаттанбаймын	1,9	4,3	1,6
Жауап беруге қиналамын	1,3	1,3	1,6

Өмірге қанағаттану деңгейін бағалау қаржылық жағдайды бағалаумен тікелей байланысты (№26 диаграмма). Зерттеу нәтижелері әрбір бесінші респондент (22,9%) несие, қарыз, шағын несие төлеуге қаражаттың жетіспеушілігі проблемасын атап өтетінін көрсетті. 16,8% респондент қазіргі уақытта отбасының әрбір мүшесінің табысы айына 26 000 теңгеден аз екенін айтты. Жамбыл облысының 36,9%, Қызылорда облысының 33,7%, Ақмола облысының 32,4% респонденті осылай бағалады.

№26 диаграмма. «Сипаттамалардың қайсысы Сіздің қазіргі қаржылық жағдайыңызға сәйкес келеді? (әр жолда бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



26 000 теңгеден төмен табысы бар екенін көбінесе ауыл респонденттері айтты. 14,7% респондент отбасының дұрыс тамақтануы үшін азық-түлік сатып алуда қиындықтар бар екенін атап өтті. Осылайша жауап бергендердің бестен бірі

жалдамалы пәтерде, үйде тұрады (19,8%). Өңірлік бөліністе жауаптың бұл нұсқасы Жамбыл облысында тұратын 41,5%, Шымкент қаласындағы 29,8%, Қарағанды облысынан 25,4% және Алматы облысында тұратын 24,8% респондент айтты. Аталған өңірлердегі жергілікті атқарушы билік органдары жастардың, әсіресе осал әлеуметтік топтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына қосымша зерделеу жүргізуі қажет. Осы нұсқа бойынша бала тууға байланысты демалыстағы жас аналар (20,9%), мүмкіндігі шектеулі жастар (20%) және NEET санатындағы жастар (17,9%) арасында көрсеткіштер ең жоғары.

Жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына және оның әлеуметтік әл-ауқатына күнделікті өмірде кездесетін проблемалар әсер етеді. Жастар үшін қандай мәселелер өзекті? Бұл проблемалар немен байланысты болуы мүмкін және олар жастардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары бойынша сараланады ма?

Жастар проблемаларының тізімі №19 кестеде келтірілген.

№19 кесте. «Төмендегі тізімнен өзіңізді қазір ең көп мазалайтын жағдайларды таңдаңыз (кез келген жауап саны)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %

Жауап нұсқалары	2021 жыл*	2022 жыл*
Өз өміріне және жақындарының өміріне алаңдау	32,9	28,4
Күн көре алмай қалу	24,1	26,0
Өмірде жолын таба алмау	13,4	25,9
Жұмыспен қамтылу мәселесі	19,6	21,9
Оқуға байланысты мәселелер	21,6	19,6
Елдегі сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі	14,3	19,0
Үйдің жоқтығы/тұрғын үй жағдайларының нашар болуы	0,3	15,5
Елдегі, әлемдегі тұрақсыз саяси жағдай	11,3	15,9
Жұмыссыз қалу	12,6	14,3
Достарсыз қалу, жалғыздық	6,9	13,4
Жақсы білім ала алмау	5,9	10,8
Мемлекеттің жетілмегендігі	5,7	9,7
Жақын адамдармен өзара түсінісе алмау	3,1	9,2
Отбасын құра алмау	4,6	7,6
Қарыз, несие төлей алмау	-	7,5
Сүйікті адамын кездестіре алмау	4,1	7,0
Мемлекет тарапынан шектеулер/бақылау	4,7	5,0
Барлық аталғандар	-	0,3
Басқа	-	0,7
Ештеңе мазаламайды	0,5	2,6
Жауап беруге қиналамын	6,0	4,3

*Жиынтық 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Әлеуметтік-экономикалық проблемалар (материалдық жағдай, жұмысқа орналасу), өзін және отбасының қауіпсіздігі туралы алаңдаушылықпен және өзін-өзі іске асыру туралы қорқынышпен қатар жастардың едәуір бөлігі үшін өзекті (1-ден 4-ке дейінгі тармақтар) (№19 кесте). Жастардың әрбір бесінші өкілі еліміздегі оқу мен сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейіне қатысты қауіптенеді.

2021 жылдан бастап динамикада респонденттердің келесі мәселелер бойынша бағалауы өсті: өмірде жолын таба алмаудан қорқу, сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі, достарсыз қалу және елдегі және әлемдегі тұрақсыз саяси жағдай.

Деректерді талдау қала жастары үшін әлеуметтік-экономикалық проблемалардың маңыздылығы ауыл жастары үшін аса өзекті деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді: өмір сүруге материалдық қаражатсыз қалу (28,2%/22,6%), тұрғын үйдің болмауы, тұрғын үйдің нашар жағдайы (17,3%/12,7%). Ауыл жастары, өз кезегінде, оқумен байланысты проблемаларға (22,6%/17,6%), өз өміріне және

жақындарының өміріне (31,9%/26,1%), жұмыспен қамту мәселесіне (24,3%/20,2%) көбірек алаңдайды.

№27 диаграмма. «Жас арақатынасы бойынша корреляция жастардың үш жас тобы үшін ең көп таралған 3 мәселені анықтауға мүмкіндік берді» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %




Жасы бойынша корреляция жастардың үш жас тобы үшін негізгі 3 проблеманы анықтауға мүмкіндік берді. Талдауға сәйкес, 14-18 жас аралығындағы топ үшін оқуға байланысты проблемалар ең өзекті болып табылады (40,4%). Екі мәселе – «өз өмірі мен жақындарының өмірі үшін алаңдаушылық», сондай-ақ «материалдық өмір сүру қаражатынсыз қалу» – барлық үш жас топтары үшін өте маңызды. Жұмыспен қамту проблемасы 19-23 және 24-28 жас аралығындағы топтарды бірдей алаңдатады (сәйкесінше 26,6% және 22,8%). Осылайша, егер аталған проблемалардың екеуі жұмыспен қамтудың негізгі түріне (оқу немесе жұмысқа орналасу) байланысты жас топтарына тән болса, онда жастардың барлық санаттары үшін қалған екі өзекті мәселе әлеуметтік көңіл-күй жазықтығында жатыр (№27 диаграмма).

Респонденттердің материалдық әл-ауқатын бағалау үшін олардың белгілі бір артықшылықтармен қамтамасыз етілуін түсіну керек. Зерттеу көрсеткендей, респонденттердің 98,4% бөлігінде смартфондар бар (барлық жас топтарында 98% және одан жоғары), 92,5% – Интернетке тұрақты қолжетімділік бар (барлық жас топтарында 91% және одан жоғары), 66,4% – ноутбук/компьютер бар (барлық үш топ бойынша бірдей бағалау) және 21,5% бөлігінде автокөлік бар (маңызды жіктелу: ең үлкен пайыз 24-28 жаста – 37,6%, кіші топта – 5,1%).

Осы сұраққа жауаптарда қалалық және ауылдық жастар арасында айтарлықтай жіктелу жоқ, бұл аталған ресурстарда (автокөлік, смартфон, ноутбук, Интернет) осы екі топ арасында айырмашылық жоқ екенін көрсетеді. Гендер бойынша жағдай басқаша: автокөлігі бар қыздардың үлесі ұлдарға (28,6%) қарағанда екі есе аз (14,2%) және жұмыспен қамтылғандар: жұмыс істейтін респонденттердің 35,2% бөлігінде автокөлік бар, бұл жұмыссыздарға (17,5%) және оқитын және жұмыс істейтін адамдарға (18,9%) қарағанда екі есе көп.

Әлеуметтік әл-ауқатты бағалауда болашаққа бағдарлану маңызды рөл атқарады. Сауалнама қорытындысы бойынша сауалнамаға қатысқан жастардың 38,6% бөлігі болашаққа сеніммен және оптимизммен қарайды. 34,9% байыпты көңіл-күйді атап өтеді, оларда иллюзия мен үміттену жоқ. Өз болашағына алаңдайтын жастардың үлесі 14,3% құрады. 9,1% – бейжай және немқұрайлы, 1,3% респондент қорқыныш пен торығу сезінеді (№28 диаграмма).

№28 диаграмма. «Болашаққа қандай сезіммен қарайсыз? (бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %, 2021-2022 жж.



Деректерді динамикада талдау жастардың оптимистік көңіл-күйінің 2021 жылғы 47,3%-дан ағымдағы жылы 38,6%-ға дейін төмендегенін көрсетеді. Дегенмен, қалған тармақтар бойынша өсім байқалады (3-5% шегінде), бұл жыл басынан бері елде болған оқиғалармен және ағымдағы жағдаймен түсіндіріледі.

Өңірлер бойынша болашаққа қатысты алаңдаушылығы туралы айтқан Жамбыл (24,6%), Алматы (20,5%) облыстары мен Алматы (24,6%) және Шымкент (22,1%) қалаларының тұрғындарының бағалауы назар аудартады.

Респонденттердің этникалық тегіне байланысты жауаптарының корреляциясы басқа этностар өкілдері жастарының басым бөлігі бұл мәселеде айтарлықтай байсалды (41,2%) екенін көрсетті. Бұл ретте әрбір бесінші дерлік (19,8%) болашаққа алаңдаушылықпен қарайды (қазақтар – 13,4%; орыстар – 14,5%).

Респонденттердің жауаптарында гендерлік ерекшелік байқалған жоқ.

Жас топтары тұрғысынан 14-18 жас аралығындағы жас тобында респонденттер оптимистік және болашаққа сеніммен қарайтындығы байқалады. Бұл ретте 24-28 жастағы ересек топтың респонденттері неғұрлым сабырлы және өз болашаққа иллюзиясыз қарайды және үміт артпайды (№20 кесте).

№20 кесте. «Болашаққа қандай сезіммен қарайсыз? (бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, жас топтары бойынша %

Жауап нұсқалары	14-18 жас	19-23 жас	24-28 жас
Сенімділік және оптимизм	43,1	35,8	36,6
Байыппен, иллюзиясыз, үмітсіз	33,7	37,7	33,4
Бейжай, немқұрайлы	9,3	10,1	8,0
Үрей және уайым	10,7	13,3	18,6
Қорқыныш пен торығу	1,0	1,3	1,4
Жауап беруге қиналамын	2,2	1,8	2,0

Тұрғын үй жағдайы

Тұрғын үй жағдайлары халықтың өмір сүру сапасының маңызды көрсеткіші. Бүгінгі жағдайда жеке пәтердің (тұрғын үйдің) болуы өмір сүру деңгейінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Тұрғын үй жағдайларының сапасын неғұрлым толық сипаттайтын және сонымен бірге қоғамды стратификациялайтын факторлардың бірі болып табылатын екінші индикатор – тұрғын үй түрі.

Жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету де аса маңызды көрсеткіш, өйткені бұл санаттың, әдетте, тұрғын үй сатып алуға мүмкіндік беретін тұрақты жоғары кірісі бола қоймайды, сәйкесінше, табыстың едәуір бөлігі тұрғын үй сатып алуға жинақталады немесе оны жалдауға жұмсалады, бұл жастардың материалдық жағдайының жалпы деңгейіне әсер етеді.

Респонденттердің жеке тұрғын үй жағдайларын бағалауы тең бөлінді деуге болады: 46,2% – жақсы, 48,9% – қанағаттанарлық/орташа, тек 5% – нашар деп бағалады.

Респонденттердің жынысы, жасы және қоныстандыру түрі (қала/ауыл) бойынша жауаптарында елеулі айырмашылықтар анықталған жоқ. Өз тұрғын үй жағдайларын оң бағалаудың басымдығымен солтүстік өңірлердің (Солтүстік Қазақстан – 75%, Ақмола – 71,6%, Қостанай – 70,4% облыстары) және Атырау облысының (74,6%) жастары ерекшеленеді.

№29. диаграмма. «Сіз немесе отбасыңыз алдағы 2 жылда тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, пәтер, үй сатып алуға ниеттісіздер ме? (бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Жоғарыда айтылғандай, тұрғын үй мәселесі респонденттерді қатты мазаламайды. Алдағы 2 жылда тұрғын үй жағдайын жақсартумен айналысу ниеті туралы сұраққа жастардың 22,8% бөлігі оң жауап берді. 40,1% жеке тұрғын үй жағдайларын жақсарту бойынша жоспарлары жоқ (№29 диаграмма).

Тұрғын үй жағдайын жақсартуды жоспарлап отырғандар арасында 24-28 жастағы респонденттер (27,9%) басым болғаны күтілген жағдай болды.

Гендермен, этникалық ерекшеліктермен, қоныс аудару түрімен корреляция жасауда респонденттердің жауаптарында маңызды айырмашылықтар анықталған жоқ.

Тұрғын үй жағдайын жақсартуды жоспарлаған немесе оны жүзеге асырғандар, әдетте, өз қаражатын пайдаланады (21,4%). 27,4% респондент осы мәселені шешу жолдары туралы сұраққа жауап беруге қиналды. 16,1% өз қаражатын, сондай-ақ отбасының көмегін немесе ипотеканы пайдаланады (пайдалануды жоспарлайды). Тек 12,2% бөлігі ипотекалық қарыз алу мүмкіндігін қарастыруда; 8,7% – отбасы мүшелерінің көмегіне сүйенеді, 7,3% – қарыз қаражатын пайдалануға дайын. Жастардың ең аз пайызы (3,6%) тұрғын үй сатып алу тәсілі ретінде мемлекеттік бағдарламаларды келтірді (№30 диаграмма). Бұл жастардың осындай мемлекеттік бағдарламалар туралы хабардарлығы төмендігін не жастардың мемлекетке деген сенімінің жоқтығын не осы бағдарламалардың тиімсіздігін айғақтайды. Бұл ретте 2,5% респондент ғана мемлекеттен көмек күтетіндерін айтты.

№30 диаграмма. «Сіз тұрғын үй мәселесін қалай шешесіз немесе тұрмыс жағдайыңызды қалай жақсартасыз? (бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Өңірлік бөліністе жастардың еліміздің батыс өңірінде (Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары), орталықта (Павлодар облысы және Нұр-Сұлтан қаласы), оңтүстік өңірде (Түркістан облысы, Алматы және Шымкент қалалары) мемлекеттік бағдарламаларға бағдарланбауы ерекше көзге түсті (№21 кесте).

№21 кесте. «Сіз тұрғын үй мәселесін қалай шешесіз немесе тұрмыс жағдайыңызды қалай жақсартасыз? (бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, өңірлер бойынша, %

Өңір	Өз қаражаты	Ипотека	Мемлекеттік бағдарламалар	Аралас	Мемлекеттен көмек	Жауап беруге қиналамын
Ақмола	35,7	21,4	10,7	21,4	3,6	3,6
Ақтөбе	4,9	2,5	0	1,2	0	87,7
Алматы	11,6	18,2	5	8,3	3,3	29,8
Атырау	28,3	9,4	3,8	34	0	0
Шығыс Қазақстан	41,4	17,1	5,7	21,4	0	1,4
Жамбыл	3,8	15,4	3,8	46,2	19,2	3,8
Батыс Қазақстан	6,1	6,1	0	3	4,5	74,2
Қарағанды	40,4	17,5	3,5	26,3	0	1,8
Қостанай	44,9	4,1	4,1	26,5	0	6,1
Қызылорда	24,2	12,1	9,1	1,5	4,5	1,5
Маңғыстау	32,9	6,1	1,2	11	3,7	28
Павлодар	33,3	18,2	0	9,1	9,1	3
Солтүстік Қазақстан	26,1	30,4	13	30,4	0	0
Түркістан	16,3	12,4	1,3	20,9	1,3	35,9
Нұр-Сұлтан қ.	22,8	24,6	1,8	15,8	5,3	10,5
Алматы қ.	13,3	7,7	6,3	16,1	1,4	39,2
Шымкент қ.	19,8	9,9	1,1	18,7	1,1	26,4

Әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері мемлекеттік жастар бағдарламаларының, атап айтқанда тұрғын үй бағыты бойынша тиімділігіне аудит жүргізудің орындылығын көрсетеді. Бұдан басқа, батыс өңірдің, атап айтқанда Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының жергілікті атқарушы органдарына тұрғын үй мәселесін шешу мүмкіндіктері туралы жастарды хабардар ету жөніндегі

жұмысты жандандыру мақсатқа сай болып көрінеді (бұл облыстарда тұрғын үй проблемаларын шешу мүмкіндіктері туралы сұраққа жауап беруге қиналған жастардың пайызы өте жоғары).

Жастарды жұмыспен қамту мәселелері

Әрбір жас қазақстандықтың өмірінің маңызды бөлігі жұмысқа орналасу мәселесі болып табылады. Жастардың жас ерекшеліктеріне байланысты кәсіби салада жеткілікті тәжірибесі жоқ, бірақ үлкен инновациялық және шығармашылық әлеуеті, нәтижелі жұмыс істеуге деген ықыласы мен мүмкіндігі бар.

Жастардың таңдаған мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін бағалау: 13,5% – оңай жұмыс табатынына сенімді; 36,2% – бұл мүмкін деп санайды; сауалнамаға қатысқан әрбір бесінші адам (21%) таныстар қажет деп санайды; 9,9% үшін бұл қиын мәселе, өйткені олар таңдаған мамандық еңбек нарығында сұранысқа ие емес.

Өз мамандығына деген сұраныс жоқ деп жауап бергендер қатарында 24-28 жас аралығындағы респонденттер басым (13,7%).

24-28 жас аралығындағы 27,6% респондент белгілеген «таныстар арқылы мүмкін» тармағы бойынша нәтижелер алаңдатады (салыстыру үшін 19-23 жас – 20,8%, 14-18 жас – 14,3%).

Қазақстандық жастар үшін жұмыс орнын таңдаудағы басты факторлар: мәселенің материалдық құрамдас бөлігі, яғни жастар, ең алдымен, жалақы деңгейіне, жұмыс берушілер ұсынатын жеңілдіктерге қызығушылық танытады. Сауалнамаға қатысқандардың 62% бөлігі осылай жауап берді. 33,9% кәсіби өсудің маңыздылығын атап өтті. Жастардың 32,6% бөлігі тұрақтылық пен сенімділікті үшінші орынға қойды. Маңыздылығы бойынша төртінші фактор жаңа тәжірибе, білім алу болып табылады (22,9%). 17,5% үшін икемді жұмыс кестесі маңызды, ал 15,8% – компанияның беделі маңызды екенін айтты (№22 кесте).

№22 кесте. «Жұмыс орнын таңдау кезінде Сіз үшін неғұрлым маңызды факторлар қандай? (үш жауаптан асырмаңыз)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %

Жауап нұсқалары	%
Жалақы деңгейі, жеңілдіктер	62,0
Кәсіби өсу мүмкіндігі	33,9
Тұрақтылық, сенімділік	32,6
Жаңа тәжірибе, білім алу	22,9
Икемді жұмыс кестесі	17,5
Компанияның беделі	15,8
Пайдалы болуы мүмкін контактілер мен байланыстарды орнату мүмкіндігі	12,5
Қызмет саласы	12,3
Әлеуметтік-психологиялық климат	10,9
Мен әлі мектепте оқимын, бұл туралы ойламадым	10,3
Өзін-өзі көрсету мүмкіндігі	8,1
Ұйымның орналасқан жері	7,7
Жауап беруге қиналамын	1,4

Жас тұрғысынан келесідей үрдіс байқалады: *кіші жас тобы* бұл туралы әлі ойланбаған (28,3%) немесе екі негізгі факторға назар аударады: жалақы деңгейі (48,0%) кәсіби өсу мүмкіндігі (26,4%).

Орта және ересек жастағы топтар үшін материалдық компонент (екі топта да 69%-дан жоғары) және кәсіби өсу мүмкіндігі маңызды, бірақ орта топ үшін (18-23 жас) жаңа тәжірибе алу, компанияның беделі, ұйымның орналасқан жері, өзін-өзі көрсету мүмкіндігі біршама жоғары, өйткені олар негізінен білім алып жүр немесе еңбек нарығына енді ғана аяқ басуда.

Жұмысқа орналасу мәселесі кәсіптік оқытуда одан әрі білім беру траекторияларын жоспарлаумен тығыз байланысты. Зерттеу нәтижелері

көрсеткендей, 56,3% респондент бұл мәселені қарастырмайды. Респонденттердің төрттен бір бөлігі (21,5%) оқуын сол мамандық бойынша, бірақ одан да жоғары деңгейде жалғастыруды жоспарлап отыр. 6,5% алдағы 5 жылда басқа мамандық бойынша оқуды жалғастыруды жоспарлағанын атап өтті.

Әрі қарай білім алудың басты уәждемесі негізінен жастардың мансаптық, кәсіби өсуіне байланысты, 46,8% респондент осындай пікірде. Респонденттердің төрттен бір бөлігі үшін (21,4%) негізгі себеп – материалдық пайда, атап айтқанда қаржылық өсу. 9% респондент себеп ретінде кәсіби құзыреттіліктің артуын атап өтті, 3 % – мұны басқа жұмыс орнына ауысумен байланыстырады. Сауалнамаға қатысқандардың 13,7% бөлігі жауап беруге қиналды.

Жұмыс іздеу жолдары

Зерттеу көрсеткендей, жастар жұмыс іздеу үшін келесі 5 әдісті қолданады:

- 1) бос орындар туралы хабарландыруларды қарау – 35,8%;
- 2) достар мен туыстардың көмегіне – 29,0%;
- 3) Интернет арқылы – 19,8%;
- 4) хабарландыру беру – 14,2%;
- 5) Жұмыспен қамту орталығына өтініш білдіру – 13,9%.

Респонденттердің жасына байланысты жұмыс іздеу әдістерінде айтарлықтай айырмашылықтар анықталған жоқ.

Қоныстандыру түріне байланысты респонденттердің жауаптары қызықты. Ауыл жастары қалалық жұмыспен қамту орталықтарына және eпbek.kz сайтына жиі жүгінеді. Сонымен қатар, қала жастары бос орындар туралы хабарландыруларды жиі пайдаланып, достар мен туыстардың көмегіне жүгінеді.

Сонымен қатар, респонденттердің өздері пайдаланған жұмысқа орналастырудың неғұрлым тиімді тәсілдері туралы жауаптарының бөлінуі қызықты (№31 диаграмма).

№31 диаграмма. «Жұмыс іздеген кезде қолданған әдістерді көрсетіңіз (әр баған бойынша үш жауап нұсқасы)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Диаграммадан көріп отырғанымыздай, жұмыс іздеудің ең тиімді әдісі – әлеуметтік байланыстарды пайдалану. Жиі қолданылатын әдіс – бос орындар туралы хабарландыру (35,8%), бұл тек 50% жағдайда тиімді. Үшінші тәсіл – Интернет арқылы жұмыс іздеу (19,8%) бұл әдіс 9,7% респондентке жұмыс табуға көмектескен.

Зерттеу Жұмыспен қамту орталықтарына, eпбек.kz сайтына, бос орындар жәрмеңкесіне жүгіну сияқты мемлекет бастамашылық ететін жұмысқа орналастыру механизмдерінің төмен тиімділігін (8,7%-дан жоғары емес) анықтады. Осылайша, жастардың бір бөлігі (шамамен 23%) мемлекеттік органдарға жүгінеді, бірақ шамамен 15% бөлігі ғана лайықты жұмыс табады деген қорытынды жасауға болады. Коммерциялық жұмыспен қамту агенттіктерінің қызметтеріне жүгінетін жастар саны одан да аз – 6,4%. Бұл құбылыс бос орын үшін қосымша қаражат төлегісі келмеуімен, оған кепілдік берілмегендіктен де, осындай қызметтердің тиімсіз нәтижелерімен де түсіндірілуі мүмкін. Бұл ретте, зерттеу нәтижелері бойынша жастардың тікелей жұмыс берушіге өз бетінше жүгінуі тиімді, 8,9% жағдайда осылай болған. Білім беру мекемелерінің көмегімен жас қызметкерлердің тек 4,6% бөлігі жұмыс тапқан, бұл оқу орындарының түлектердің болашақ тағдырына нашар қатысуын білдіреді.

Кәсіпкерлік қызмет тәжірибесі

Жастар – өмірдегі кез-келген өзгерістерге тез жауап беретін қоғамның ең белсенді бөлігі. Бұл тұрғыда жастар кәсіпкерлігі жастарды әлеуметтендірудің маңызды механизмі және әлеуметтік лифт болып табылады. Зерттеу көрсеткендей, жас респонденттердің басым бөлігінің кәсіпкерлік тәжірибесі жоқ (79,2%). Қалған 20% арасында: 5,6% – сәтті де, сәтсіз де тәжірибесі бар; 4,9% – сәтті тәжірибесі бар; 4,4% – қазіргі уақытта кәсіпкерлікпен айналысады; 4,1% – сәтсіз тәжірибесі бар.

Қазіргі уақытта кәсіпкерлікпен айналысатындар ішінде: 7,3% респондент 24-28 жаста, 4,7% – 19-23 жаста және 1,2% – 14-18 жаста. Ауыл жастары кәсіпкерлік қызмет тәжірибесінің болуын жиі көрсетті (қала жастары –17,7%, ауылда – 20,9%).

Зерттеу жастардың білім деңгейі мен кәсіпкерлік тәжірибесі арасындағы байланысты анықтады: білім деңгейі неғұрлым жоғары болса, респондент мұндай тәжірибенің бар екенін жиі атап өтті (№23 кесте).

№23 кесте. «Сіздің кәсіпкерлік қызмет тәжірибеңіз бар ма?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, білім деңгейі бойынша %

Жауап нұсқалары	Аяқталмаған орта, мектептің 9 сыныбы	Орта, мектептің 11 сыныбы	Кәсіптік-техникалық, орта кәсіптік, колледж, училище	Аяқталмаған жоғары, (ЖОО оқып жүрмін)	Жоғары (ЖОО бітірдім)	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистр, ғылым кандидаты/ докторы, PhD докторы)
Иә, қазір жеке кәсіпкерлікпен айналысамын	0,5	2,5	5,3	4,0	7,0	20,0
Сәтті тәжірибем бар	2,1	3,2	5,6	4,9	7,3	8,0
Сәтсіз тәжірибем бар	1,3	1,9	4,3	4,9	7,5	0,0
Сәтті де, сәтсіз де тәжірибем бар	1,9	6,3	4,6	5,8	9,5	4,0
Тәжірибем жоқ	90,1	84,5	78,9	78,6	68,1	64,0
Жауап беруге қиналамын	4,0	1,6	1,3	1,8	0,7	4,0

Өңірлік бөліністе қазіргі уақытта кәсіпкерлікпен айналысатын жастардың үлесі мардымсыз. Қызылорда облысындағы 15,8% респондент ғана қазіргі уақытта кәсіпкерлікпен айналысып жүргендерін айтты. Жастардың сәтті де, сәтсіз тәжірибесі бар өңірлер арасында Түркістан (16,0%), Жамбыл (7,7%), Алматы (7,6%) облыстарын атап өтуге болады.

Зерттеу көрсеткендей, сауалнамаға қатысқандардың үштен бірі (30,8%) «Жастар кәсіпкерлікпен айналысқысы келеді ме?» деген сұраққа мақұлдап жауап берді, 64,8% – жауаптан бас тартты, тағы 4,4% жауап беруге қиналды.

Кәсіпкерлік қызметпен айналысуға ынталы жас қазақстандықтың әлеуметтік портреті: орта жас тобының өкілі (19-23 жас) – 32,9%, әдетте жоғары білімі (ғылыми дәрежесі) бар – 55%.

Кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін жастардың ең көп үлесі келесі өңірлерде тұрады: Қарағанды (47,7%), Маңғыстау (45,7%), Түркістан (39,0%) облыстары және Алматы қ. (36,6%).

Жастар бизнеспен айналысатын/айналысатын Топ-7 сала:

- 1) Сауда – 23,6%;
- 2) Қоғамдық тамақтану – 10,5% (қала жастары – 11,2%; ауылдық жастар – 9,5%);
- 3) Азық-түлік өндірісі, киім шығару – 10,2%; (ауыл жастары – 12,5%; қала жастары – 8,8%); көбінесе қыздар – 13,7%;
- 4) Сұлулық индустриясы – 10,0% (көбінесе қыздар – 17,9%);
- 5) IT-саласы – 7,9%;
- 6) Ойын-сауық саласы – 6,8%;
- 7) Тұрмыстық қызметтер – 5,4%.

4. ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАРЫ МЕН МҮДДЕСІ

Жастардың құндылық бағдары

Бүгінгі таңда құндылықтар мәселесі маңызды тақырыптардың бірі саналады, өйткені әртүрлі жіктеулер, критерийлер мен тәсілдер бар. Біз әлеуметтік теңсіздіктің, әлеуметтік-мәдени қашықтықтың артуына алып келетін қоғам мен жаһандану процесіндегі үлкен өзгерістердің куәсі болып отырмыз. Қазіргі әлемдегі қақтығыстар әлеуметтік топтардың негізгі көзқарастарында айқын көрінетін мәдени қайшылықтар негізінде орын алады.

Құндылықтар кез-келген қоғамның нормативтік мәдениетінің ажырамас құрамдас бөлігін құрайды және белгілі бір мінез-құлықты саналы таңдауға әсер етеді. Қоғамдағы тұрақтылықты сақтау үшін жалпы негізгі құндылықтардың болуы қажет, өйткені олардың болмауы әлеуметтік топтардың бөлінуіне әкелуі мүмкін.

Сауалнама барысында жастар өміріндегі ең маңызды құндылықтарды анықтау мақсатында «Сіз үшін өмірдегі ең үлкен құндылық қандай?» деген сұрақ арқылы 16 нұсқадан негізгілерін таңдау ұсынылды.

Алынған мәліметтерге сәйкес, жастар үшін отбасы (83,3%), денсаулық (64,2%), достық (40,7%), материалдық қамтамасыз етілген өмір (39,3%), махаббат (22,8%) басым болып табылады (№24 кесте).

Қазақстандық жастардың құндылық бағдарларының Р. Инглхарттың мәдени құндылықтар картасымен арақатынасы (2017 ж.) ұқсас нәтижелер көрсетті. Өлшеу қорытындылары бойынша Қазақстанның ұстанымы жалпы бейтарапқа жақын, зайырлы құндылықтарға қарағанда дәстүрлі жаққа қарай сәл ауытқумен және өзін-өзі көрсету құндылықтарымен салыстырғанда өмір сүру құндылықтарына қарай едәуір ауытқумен сипатталды.¹¹

Анықтама: Карта координаттар жүйесін білдіреді. Көлденең осьте өмір сүру құндылықтары (сол жақта) және өзін-өзі көрсету құндылықтары (оң жақта) көрсетілген. Өмір сүру құндылықтарына материалдық тауарлар, қауіпсіздік, кішіпейілділік, адам құқықтарының төмен бағасы, ксенофобия жатады. Өзін-өзі көрсету құндылықтарына – адам құқықтарын жоғары бағалау, табысқа және материалдық игіліктерге ұмтылу, ерлер мен әйелдердің экономикасы мен теңдігіне назар аудару.

Тік осьте дәстүрлі құндылықтар (картаның төменгі жағында) vs секулярлық-рационалды құндылықтар (жоғарғы жағында) көрсетілген. Дәстүрлі құндылықтарға отбасы, дін, әлеуметтік конформизм, билікті қабылдау, әлеуметтік құндылықтар жатады. Зайырлы-саяси құндылықтарға – діннің төмен рөлі, зайырлы мемлекеттің артықшылығы жатады, бұл ретте жеке адамның мүддесі қоғам мүддесінен маңызды.

¹¹ World Values Survey жобасын зерттеудің алтыншы толқыны. World Values Survey жобасы шеңберінде сауалнамалар мен сұхбаттар бес жылдық кезеңділікпен өтеді. Зерттеуге әртүрлі саяси режимдері бар елдерден халықтың барлық топтарының адамдары қатысады.

№24 кесте. «Сіз үшін өмірдегі ең үлкен құндылық қандай? (бес жауаптан асырмаңыз)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %, 2021-2022 жж.

Жауап нұсқалары	2021 жыл*	2022 жыл*
Отбасы	82,3	83,3
Денсаулық	45,6	64,2
Достық	23,1	40,7
Материалдық қамтамасыз етілген өмір	20,7	39,3
Махаббат	12,0	22,8
Қызықты жұмыс, мамандық	9,1	19,6
Білім	11,1	19,5
Сенім, дін	16,2	18,1
Өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі құрметтеу	7,8	17,7
Жан тыныштығы	8,8	15,3
Көңіл көтеру мүмкіндігі	5,1	11,5
Мансап, қоғамдағы жоғары орын	5,2	11,0
Адамдарға көмек	3,3	10,3
Биліктің болуы	2,8	5,1
Әлеуметтік мазасыздық - бұл әртүрлі әлеуметтік топтардың қажеттіліктерінің белгілі бір құрылымын көрсететін халықтың әлеуметтік әл-ауқатының көрсеткіштерінің бірі. Қоғамдық көңіл-күйді тұрақсыздандыратын жағдайлардың бірі – елдегі және әлемдегі әлеуметтік-саяси жағдай. Осылайша, екі жыл ішінде эпидемиологиялық жағдай қазақстандықтардың экономикалық және әлеуметтік әл-ауқатының салдарын сезінуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ қаңтардағы оқиғалар мен олардың айналасындағы дискурстың әртүрлі деңгейі қоғамдық көңіл-күйге айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Жаппай сауалнама барысында респонденттерге қаңтар айындағы оқиғалар туралы сұрақтар қойылды.

47,4% респонденттің пікірінше, қаңтардағы қайғылы оқиғалар тәртіпсіздіктерге ұласқан әлеуметтік экономикалық шиеленістің салдары болды. Респонденттердің үштен бірі (32,3%) экстремистік топтар тарапынан терроризм актісі ретінде баға берді. Әрбір бесінші респондент (21,7%) бұл мемлекеттік төңкеріс әрекеті, билікті күшпен басып алу деген пікір білдірді. 15,7% респондент бұл жаңа реформаларға бастау болған тарихи оқиға деп санайды, ал 6,7% – оқиғалардың ел халқы үшін үлкен маңызы жоқ деген қарама-қарсы көзқарасты білдірді.

Респонденттердің бұл сұраққа берген жауаптарында айтарлықтай айырмашылықтар жоқ.

Қала жастарының 51%-ы оқиғаның негізгі себебі әлеуметтік-экономикалық проблемалар деңгейінде деп санайды (ауыл жастары арасында 41,9% деп санайды).

Өңірлер бөлінісінде Жамбыл облысы жастарының бағалары ерекшеленеді (77,7%-ы қаңтар оқиғалары әлеуметтік-экономикалық шиеленіс салдары болғанын айтты). Сондай-ақ 67,0% Ақтөбе, 63,2% Шығыс Қазақстан, 60,0% Павлодар, 56,6% Солтүстік Қазақстан облыстары және 58,8% Алматы қ. жастары осылай санайды.

2022 жылдың қаңтарында митингтерге шыққан адамдардың іс-әрекеттерін жастардың бағалауы негізінен бейтарап (44,5%) және теріс 37,8% құрайды. Оң бағалағандар үлесі 15,4%-ды құрады.

Респонденттердің жасына қарай қаңтардағы оқиғалардың оң бағасы артады: 14-18 жас – 12,3%; 19-23 жас – 15,9%; 24-28 жас – 18,0%. Ауыл жастары (17,8%) қаңтарда болған оқиғаны қалалық (13,8%) жастарға қарағанда оң бағалайды, бұл қала жастарының болған оқиғаның тікелей куәгері болуына байланысты болуы мүмкін.

Этникалық тиістілік бөлінісінде қазақтардың респонденттерінде (38,7%) басқа этностық топтармен салыстырғанда (31,6%) теріс бағалардың басым болуы байқалады.

Жұмыспен қамту мәртебесімен арақатынас қаңтардағы оқиғаларды жастардың келесі санаттары оң бағалайтындығын көрсетті: NEET (35,9%) және оқымайтын және жұмыс істемейтін, бірақ жұмыс іздеп жүрген жастар (25,4%). Салыстыру үшін жалпы іріктемеде қаңтардағы оқиғаларды оң бағалаған респонденттердің үлесі небәрі 15,4%-ды құрады. Оқушылар мен жұмыс істейтін жастар көбінесе өз бағаларында бейтарап.

Өңірлік бөліністе респонденттерді бағалау келесідей бөлінді:

- Қызылорда облысы жастарының 47,4% және Солтүстік Қазақстан облысының 36,5% бөлігі оң баға берді;


- келесі өңірлердің респонденттері теріс баға берді: 76,6% Түркістан облысы; 60,5% Нұр-Сұлтан қаласы; 54,9% Ақтөбе облысы; 50,0% Павлодар облысы; 46,9% Қостанай облысы; 41,2% Алматы қаласы;

- қалған аймақтарда бейтарап бағалар басым болды.

Өңірлер бойынша қаңтардағы оқиғалар бойынша бағалардың таралуы, бір жағынан, осы оқиғалардың ауқымдылығымен (әр аймақта ол сараланған), екінші жағынан, болған жағдай туралы толық ақпараттың болмауымен түсіндіріледі. Яғни, жастар өздерінің бақылаулары мен қолжетімді ақпарат негізінде қалыптасқан бағаларды көрсетеді. Осылайша, біз жастар ортасында, жалпы халық арасында, қаңтарда не болғанын түсіндіретін нақты көрініс жоқ екенін көреміз. Бұл жастардың жекелеген санаттарының жоғары оң бағаларын түсіндіреді.

Қанды қаңтардың салдарын жастардың көпшілігі теріс бағалайды, өйткені алаңдаушылық сезімі пайда болды, қауіпсіздік сезімі төмендеді (53,0%). Бұл ретте 46,8%-ы «ешқандай әсері еткен жоқпын» және 43,9%-ы «халықпен бірлік пен ынтымақты сезіндім» деген пікір білдірді. 40,8% бөлігі мемлекеттік билік органдарына, ал 39,5% – құқық қорғау органдары мен армияға деген сенім деңгейінің төмендегенін айтты (№39 диаграмма).

№39 диаграмма. «Сізге қаңтар оқиғалары қалай әсер етті? (бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Жастарды қоныстандыру түрімен корреляция қаңтардағы оқиғалар ауыл жастарына қатты әсер еткенін көрсетті, бұл алаңдаушылық сезімінің пайда болуында, қауіпсіздік сезімінің төмендеуінде (57,3% ауыл жастары/50,2% қала жастары) көрініс тапты. Сонымен қатар, ауыл жастарының үштен бірі (33,2%) қаңтар оқиғаларынан кейін құқық қорғау органдары мен армияға деген сенім артты (қала жастары – 24,4%). Бағалаудың саралануын 2022 жылдың қаңтарында негізгі оқиғалар, әдетте, қалайда болып, ауыл жастары құқық қорғау органдары және армиямен аз байланыста болғандығымен түсіндіруге болады.

Өңірлік бөліністе келесі деректер жиналды:

- келесі аймақтардың жастары *алаңдаушылық артып, қауіпсіздік сезімінің төмендегенін* жиі айтты:¹⁸ Жамбыл (67,7%), Қызылорда (65,3%), Павлодар (64,3%), Түркістан (60,5%), Қарағанды (60,1%) облыстары және Нұр-Сұлтан қаласы (60,5%);
- *мемлекеттік билік органдарына сенім деңгейінің төмендеуі туралы*¹⁹: Жамбыл (57,7%), Қызылорда (52,6%) облыстары;
- *құқық қорғау органдары мен армияға деген сенім деңгейінің төмендеуі туралы*²⁰: Жамбыл облысы (73,8%);
- *әлеуметтік-саяси тұрақсыздыққа байланысты елден кету туралы ойлар жиілеп кетті*²¹: Қызылорда (32,6%), Ақмола (28,4%) облыстары және Алматы қаласы (28,9%);
- *айтарлықтай әсері болған жоқ*²²: Ақтөбе (91,2%) және Батыс Қазақстан (71,2%) облыстары.

Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс

Әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайдың тұрақтылығының маңыздылығы Ресей мен Украина арасындағы шиеленіс жағдайында ерекше байқалады.

¹⁸ республика бойынша орташа мәні – 53%;

¹⁹ республика бойынша орташа мәні – 40,8%;

²⁰ республика бойынша орташа мәні – 39,5%;

²¹ республика бойынша орташа мәні – 20,8%;

²² республика бойынша орташа мәні – 46,8%

Қазақстан Ресей мен Украина қақтығысында ешкімді жақтамайды және жағдайды дипломатиялық жолмен реттеуге үміттенеді. Сонымен қатар, Қазақстанның бейтарап ұстанымы мен көпвекторлы саясаты ел халқын осы жанжалдың салдарларынан толық құтқара алмады.

Осы зерттеу шеңберінде Ресей мен Украинадағы оқиғалардың Қазақстан жастарына әсері туралы мәселе зерделенді (№40 диаграмма).

№40 диаграмма. «Сізге Ресей және Украина арасындағы оқиғалар қалай әсер етті (бір жауап)?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Көріп отырғанымыздай, респонденттердің 44,5%-ы алаңдаушылық сезімі бар екенін айтты; үштен бірі (32,9%) қауіпсіздік сезімі төмендегені туралы пікір білдірді; 27,3%-ы билік пен құқық қорғау органдарына деген сенім деңгейінің төмендегенін айтты, 14,8% бөлігінде елден кету туралы ойлар жиіледі.

Бұл оқиғалар ересек жастағы (24-28 жас) респонденттерге қатты әсер еткен, онда теріс салдарлар бойынша көрсеткіштер жоғары.

Респонденттердің этникалық құрамы бойынша жауаптарының арақатынасы басқа этностар өкілдерінің 47,1%-ы алаңдаушылық сезімінің пайда болғанын, әрбір бесінші (20,3%) «елден кету туралы ойлар жиілеп кеткенін» айтты. Орыс ұлты өкілдерінің 60,5% бөлігі, керісінше, бұл оқиғалардың ешқандай әсері болмағанын айтты (№42 кесте).

№42 кесте. «Сізге Ресей және Украина арасындағы оқиғалар қалай әсер етті?» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, этностар бойынша, % (оң жауаптар)

Жауап нұсқалары	Қазақтар	Орыстар	Басқалары
Алаңдаушылық сезімі пайда болды	44,9	42	47,1
Қорғалу мен қауіпсіздік сезімі төмендеді	33,7	32,3	28,3
Құқық қорғау органдары мен әскерге сенім деңгейі төмендеді	28,6	24,5	26,2
Мемлекеттік билік органдарына сенім деңгейі төмендеді	27,7	26,3	25,7
Құқық қорғау органдары мен әскерге сенім деңгейі артты	25,4	17,3	20,9
Мемлекеттік билік органдарына сенім деңгейі артты	25,2	16,8	21,4
Елден кету туралы ойлар жиіледі	13,4	17,3	20,3
Жалпы алғанда, айтарлықтай әсері болған жоқ	54,0	60,5	58,8

Жастар құқығының сақталуы

Кемсітушілік, құқықтарды сақтамау мәселелері, әсіресе жастар арасында өте сезімтал. Елдің мәдени сан алуандығы да өз ықпалын тигізуде. Мұндай жағдайларда азаматтардың бейбіт қатар өмір сүруін және мемлекеттің орнықтылығын қамтамасыз ететін, жеке адамның қандай да бір әлеуметтік, этникалық, тілдік, діни топқа тиесілігіне қарамастан, теңдік, толеранттылық, ашықтық, төзімділік құндылықтарына және қоғам мүшелерінің бір-бірін қабылдауына негізделген инклюзивті мәдениетті қалыптастыру үлкен маңызға ие болады.

Бұл тұрғыдағы маңызды мәселелердің бірі – кемсітушілік, жастар құқығын бұзу.

Зерттеу нәтижелері бойынша ең танымал жауап – кемсітушілік пен құқық бұзушылық жоқ (78,6%).

№41 диаграмма. «Сіздің құқықтарыңыз бұзылған, Сізді кемсіткен жағдайлар болды ма? (үш жауаптан асырмаңыз)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



*Жиынтық 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер жауаптың бірнеше нұсқасын таңдай алды

Кемсітушіліктің негізгі себептері қазақ тілін білмеу (6,3%) және этникалық (4,3%) деңгейінде, сондай-ақ аумақтық мәртебесіне (ауылдан келген) байланысты – 4,3% (№41 диаграмма).

Этникалық тиістілік мәселесі басқа этностық топтардың өкілдері үшін барынша өзекті (14,4%), ал қазақ тілін білмегендіктен кемсітушілік орыстарға да (12,5%), басқа этностарға да (11,2%) бірдей әсер етеді (№43 кесте).

№43 кесте. «Сіздің құқықтарыңыз бұзылған, Сізді кемсіткен жағдайлар болды ма? (үш жауаптан асырмаңыз)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, этностар бойынша, %

Жауап нұсқалары	Қазақтар	Орыстар	Басқалары
Этникалық тиістілікке байланысты	2,7	5,3	14,4
Қазақ тілін білмегенім үшін	3,9	12,5	11,2
Орыс тілін білмегенім үшін	1,6	0,0	1,1
Гендерлік тиістілікке байланысты	1,3	0,5	1,6
Ауылдан келгенім үшін	4,9	1,8	4,8
Жасыма байланысты	4,0	3,0	4,3
Жыныстық бағдарым үшін (ЛГБТ+)	0,5	0,5	0,5
Физикалық және менталды шектелген қабілеттерім үшін	2,1	0,8	1,6
Білім деңгейі үшін	4,4	2,0	3,2
Кемсітушілік пен құқықтардың бұзылуы болған жоқ	80,9	76,8	65,2
Жауап беруге қиналамын	3,6	3,8	3,7

Қауіпсіздік мәселесі

Қауіпсіздік – бұл адамның қалыпты дамуын қамтамасыз ететін құбылыс. Қауіпсіздік қажеттілігі адамның қажеттіліктер сатысында негізгісі, оны ішінара қанағаттандырусыз жеке тұлғаның үйлесімді дамуы, өзін-өзі жүзеге асыруға қол жеткізу мүмкін емес.

Зерттеу нәтижелері жастардың басым бөлігі (74,4%) өзінің жеке қауіпсіздігіне сенімді, 21,8% алаңдаушылық білдірді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Өз қауіпсіздігіне сенімсіз адамдар арасында қала тұрғындары (25,1%, салыстыру үшін ауыл жастарында – 16,8%); үлкен жас тобы (24-28 жас) – 23,9%; қыздар (25,3%); басқа этнос өкілдері (27,3%), Жамбыл (53,1%), Алматы (37,9%) облыстар мен Алматы қ. (41,7%).

Зерттеуге сәйкес, «Сіз Өзіңізді келесі жағдайлардан қаншалықты қорғайсыз?» деген сұраққа респонденттердің 19,9% - ы «қорғалған» жауап нұсқасын, 38,2% - ы қылмыстан «дәлірегі қорғалған» деп таңдады. Шенеуніктердің озбырлығынан жауап нұсқалары «қорғалған» – 16,3% және 37,4% – «қорғалған». Террористік актілер қаупінен респонденттер жауаптардың 15,3% "қорғалған" және 30,7% «дәлірігі қорғалған» нұсқаларын таңдады (№42 Диаграмма).

№42 диаграмма. «Сіз келесі жағдайларда өзіңізді қаншалықты қорғалған сезінесіз? (бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Цифрлық қоғам мен технологиялар дербес деректердің, оның ішінде әлеуметтік желілерде *жария болу қаупін өзектендіре* отырып, қауіпсіздікке әсер етеді. Зерттеу нәтижелері дәл осы фактор жастардың үлкен алаңдаушылығын және өз қауіпсіздігіне деген сенімсіздігін тудырады деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Көбінесе Жамбыл (93%), Қарағанды (75,5%) облыстары мен Нұр-Сұлтан (69,3%) және Алматы (68,1%) қалаларында тұратын жастар алаңдаушылық білдірді.

Қаңтардағы оқиғалар жастардың көңіл-күйіне әсер етті, сондықтан *террористік шабуылдар қаупі* екінші орында. Бұл әсіресе наразылықтар жаппай тәртіпсіздік пен хаосқа ұласқан өңірлердің және мегаполистердегі жастарды қатты алаңдатады: Жамбыл облысында – 88,5%; Нұр-Сұлтан қаласында – 71,7%, Алматы қаласында – 69,6%, Алматы облысында - 54,2%.

Жастардың 39,7% бөлігі *соттың әділетсіздігінен* қорқады. Жекелеген өңірлерде осы тармақ бойынша алаңдаушылық жалпы республикалық көрсеткіштен бір жарым-екі есе асады: Жамбыл облысы (73,9%), Нұр-Сұлтан қаласы (68,6%), Батыс Қазақстан облысы (62,1%).

39,5% респондентті *жұмысынан айрылу мүмкіндігін* алаңдатады, осы тармақ бойынша келесі өңірлердегі ең жоғары көрсеткіштер: Нұр-Сұлтан қаласы (63,7%), Алматы қаласы (56,4%), Алматы облысы (54,3%).

Жамбыл облысының (76,9%), Алматы қаласының (56,3%), Батыс Қазақстан облысының (51,5%) жастары *қылмыстан қатты қорқады*.

Шенеуніктердің озбырлығы негізінен екі мегаполистің жастары арасында алаңдаушылық тудырады: Алматы (56,4%) және Нұр-Сұлтан қалалары (53,2%) (№42 диаграмма).

6. МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясатының мақсаты – жастардың толыққанды рухани, мәдени, біліми, кәсіби және дене бітімін дамыту, шешімдер қабылдау процесіне қатысу, табысты әлеуметтенуі және оның әлеуетін елдің одан әрі дамуына бағыттау үшін жағдайлар жасау²³.

Мемлекеттік жастар саясаты тиімділігінің негізгі индикаторы – *бенефициарлардың (жастардың) оны іске асырудан қанағаттану дәрежесі*.

Зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуына жастардың қанағаттану деңгейі өсу әлеуеті бары анықталды. Қанағаттанатын респонденттердің үлесі (толық қанағаттанады/дәлірегі, қанағаттанады) 45,3%, қанағаттанбайтындар – 23,8% болды. Өрбір төртінші респондент (24,8%) «МЖС туралы ештеңе білмейтінін» айтты. Өңірлер тұрғысынан бұл тармақ бойынша Ақтөбе (53,8%), Жамбыл (39,2%) және Павлодар (30,0%) облыстарының респонденттері арасында көрсеткіштер ең жоғары.

Бұл ретте, респондент жауаптарында жас бойынша жіктелу байқалады: мемлекеттік жастар саясаты туралы ең аз ақпараттандырылған кіші жас тобы (14-18 жас) – 32,4% (жауап беруге қиналғандардың 6,7% үлесі мен жиынтығында МЖС туралы ақпараты жоқ жастар шамамен 40%). Бұл ретте, осы санат кейіннен орта жас тобына ауысады және МЖС негізгі бенефициарлары болады.

Мегаполистердің жастары МЖС іске асыруға аса сын көзбен қарайды және өзінің қанағаттанбаушылығын жиі білдіреді: Алматы қ. (33,8%), Нұр-Сұлтан қ. (31,5%). МЖС іске асыруға қанағаттанбаушылық бойынша Жамбыл облысы көшбасшылық етті (49,2%).

Қанағаттанудың ең жоғары бағаларын Қызылорда 74,8%, Солтүстік Қазақстан (73,0%) облыстарының жастары айтады.

№43 диаграммада көрсетілгендей сауалнамаға қатысқан жастардың үштен бірі МЖС жүргізуді тиімді деп санайды (30,7%). Респонденттердің төрттен бірі (24,8%) МЖС туралы ештеңе білмейтінін айтты. МЖС қандай да бір дәрежеде тиімсіз деп бағалаған жастардың үлесі 25,4% болды.

МЖС іске асыру тиімділігін бағалау динамикасы (2021 және 2020 жылдармен салыстырғанда) теріс бағыт алды: 2022 жылы МЖС-ны тиімді деп бағалаған респонденттердің саны азайды, қанағаттанбайтын жастардың үлесі артты және ол туралы білмейтін, жастар саясаты туралы естімеген (6%-дан астам) жастардың үлесі артты.

²³ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000285>

№43 диаграмма. «Сіздің ойыңызша, елімізде мемлекеттік жастар саясаты (жастарды қолдау және дамыту) тиімді іске асырылады ма? (бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Респонденттердің жасымен корреляция респондент неғұрлым үлкен болса, ол МЖС іске асырудың тиімділігін неғұрлым сыни бағалайтынын көрсетті. Өз кезегінде, кіші жастар тобының (14-18 жас) респонденттері орта топқа (19-23 жас) – 19,8% және үлкен топқа (24-28 жас) – 20,1% қарағанда өздерінің бейхабар екенін (34%) жиі айтты.

Қалалық жастардың сыни назарын аударады, ол ауылдық жастарға қарағанда (21,3%) МЖС іске асырудың тиімсіздігін (28%) жиі айтты және аз ақпараттандырылған, 21,1%-ға қарағанда 27,3%.

Қала жастары арасындағы күрделі жағдайға назар аударған жөн: олар (28%) ауыл жастарына (21,3%) қарағанда МЖС-ті іске асырудың тиімсіздігін жиі айтады. Сондай-ақ қала жастарының (27,3%) МЖС жөніндегі хабардарлық деңгейі ауыл жастарына (21,1%) қарағанда төмен.

Өңірлік бөліністе Ақтөбе (63,7%) және Жамбыл (40,0%) облыстарының жастарында мемлекеттік жастар саясаты туралы ақпараттың жоқтығы туралы жауаптар назар аудартады (№44 кесте).


Атырау, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарында тұратын респонденттер арасында жоғары және орташа бағадан жоғары.

№44 кесте. «Сіздің ойыңызша, елімізде мемлекеттік жастар саясаты (жастарды қолдау және дамыту) тиімді іске асырылады ма? (бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, өңірлер бойынша, %

Өңір	Тиімді	Дәлірегі, тиімді	Дәлірегі, тиімді емес	Тиімді емес	Білмеймін, МЖС туралы естіген жоқпын
Ақмола	14,9	32,4	18,9	16,2	16,2
Ақтөбе	8,8	27,5	0,0	0,0	63,7
Алматы	7,6	32,4	15,7	10,5	30,0
Атырау	40,8	15,5	11,3	2,8	29,6
Шығыс Қазақстан	22,4	41,6	18,4	6,4	10,4
Жамбыл	3,8	12,3	13,8	30,0	40,0
Батыс Қазақстан	9,1	21,2	19,7	15,2	27,3
Қарағанды	8,0	44,9	15,9	7,2	23,2
Қостанай	13,6	45,7	18,5	4,9	16,0
Қызылорда	38,9	42,1	5,3	7,4	5,3
Маңғыстау	14,6	31,7	22,0	8,5	20,7
Павлодар	7,1	38,6	15,7	7,1	30,0
Солтүстік Қазақстан	23,1	48,1	7,7	0,0	21,2
Түркістан облысы	26,6	32,0	19,5	4,7	16,0
Нұр-Сұлтан қ.	8,1	47,6	19,4	8,1	10,5
Алматы қ.	8,3	9,3	22,1	16,7	28,4
Шымкент қ.	20,6	19,8	9,9	6,9	36,6

МЖС неғұрлым нақты бағалау үшін респонденттерге нақтылаушы сұрақ қойылды: «Мемлекеттік жастар саясатын іске асырған кезде ең алдымен неге назар аудару қажет?». Эмпирикалық деректерді талдау көрсеткендей, жастардың басымдықтары өзгерген жоқ: 2021 жылдағыдай, бұл жұмысқа тұру (29,8%), жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету (28,3%) және жоғары білім берудің қолжетімділігі мен сапасын арттыру (14,6%) (№44 диаграмма).

№44 диаграмма. «Мемлекеттік жастар саясатын іске асырған кезде ең алдымен неге назар аудару қажет (бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %, 2021-2022 жж.



Респонденттердің жасына қатысты корреляция, бірінші кезекте назар аударуды қажет ететін 3 саланың үш топқа бірдей сәйкес келетінін көрсетті, бұл: жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету, жұмысқа орналастыру және жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыру. Алайда, бұл салалардың басымдығы жасына қарай сараланады.

- 14-18 жас: жұмысқа орналастыру (24,7%); жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыру (21,0%), жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету (20,7%).
- 19-23 жас: жұмысқа орналастыру (34,0%); жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету (27,8%), жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыру (11,1%), стипендияларды, жалақыны, жеңілдіктерді арттыру (11,1%).
- 24-28 жас: жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету (36,0%). жұмысқа орналастыру (31,0%); жоғары білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыру (11,4%).

Респонденттердің сұраққа жауаптарының өңірлік ерекшелігі №45 кестеде ұсынылған.

№45 кесте. «Мемлекеттік жастар саясатын іске асырған кезде ең алдымен неге назар аудару қажет? (бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, облыстар бойынша, %

Өңір	Жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету	Жұмыспен қамту	Медициналық қызметтерге қолжетімділік	Жоғары білімге қолжетімділік пен сапасын арттыру	Стипендияларды, жалақыны, жеңілдіктерді арттыру	Ешқандай қолдау күтпеймін
Ақмола	37,8	32,4	4,1	9,5	9,5	6,8
Ақтөбе	1,1	92,3	2,2	1,1	3,3	0
Алматы	32,9	15,7	5,2	16,2	12,9	13,3
Атырау	7,0	33,8	4,2	35,2	6,5	14,1
Шығыс Қазақстан	31,2	27,2	6,4	14,4	14,4	2,4
Жамбыл	37,7	40,8	1,5	5,4	2,3	12,3
Батыс Қазақстан	30,3	16,7	10,6	13,6	9,1	19,7
Қарағанды	21,0	34,1	8,0	14,5	16,7	5,1
Қостанай	21,0	27,2	1,2	18,5	27,2	3,7
Қызылорда	33,7	34,7	11,6	11,6	1,1	7,4
Маңғыстау	28,0	15,9	8,5	13,4	14,6	19,5
Павлодар	28,6	22,9	1,4	12,9	11,4	22,9
Солтүстік Қазақстан	46,2	21,2	0,0	15,4	7,7	7,7
Түркістан	34,0	37,5	5,5	10,5	3,9	8,2
Нұр-Сұлтан қ.	29,8	26,6	11,3	17,7	9,7	4,0
Алматы қ.	29,4	22,1	5,4	21,1	12,7	8,3
Шымкент қ.	19,1	12,2	3,8	19,1	11,5	32,1

Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру – бұл кешенді процесс, оның құрамдас бөліктерінің бірі әртүрлі жобалар мен бағдарламалар болып табылады. Жастар мемлекеттік жобалар мен бағдарламалар туралы қаншалықты хабардар?

Жастар бағдарламалары мен жобаларына қатысу деңгейі («білемін, қатыстым, іріктеуден өттім» және «білемін, қатыстым, конкурстық іріктеуден өтпедім» нұсқалары бойынша жауаптар сомасы) 3%-дан аспайды, бұл жастардың осы бастамаларға қатысуының төмен деңгейін көрсетеді.

Респонденттердің басым бөлігі «ештеңе естімедім, білмеймін» нұсқасын таңдады – 43,5%-дан 71,0%-ға дейін.


Хабардарлықтың ең жоғары деңгейі «Болашақ» (56,6%) және «Жасыл Ел» (52,4%) бағдарламалары бойынша байқалады.²⁴

«Баршаға арналған тегін техникалық және кәсіптік білім беру» жобасына (3,5%) және «Жасыл Ел» бағдарламасына (3,0%) қатысудың деңгейі жоғары.

Жалпы, жастарды қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар туралы хабардар болу және оларға жастардың қатысу деңгейі өте төмен (№45 диаграмма).

²⁴ «Естуім бар», «білемін, бірақ қатысқан жоқпын», «білемін, қатыстым, өттім», «білемін, қатыстым өткен жоқпын» жауаптарының жиынтығы.

№45 диаграмма. «Сіз жастарды қолдау бойынша қандай мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы естідіңіз, білесіз немесе қатыстыңыз? (әр жолда бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %




Жастарды қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар – адам капиталын дамытудың аса маңызды механизмі. Мемлекет ұсынатын бағдарламалар мен жобалар жастарды қаншалықты қанағаттандырады? (№46 диаграмма).

Жастардың мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларға қатысумен қанағаттану деңгейі 53,3%-дан 84%-ға дейін құбылады. Қанағаттанудың ең жоғары деңгейін (76,6%-84,0%) респонденттер мынадай жобаларға қойды: «Жастар

практикасы», «Жасыл Ел», «Жалға берілетін тұрғын үй», «Дипломмен ауылға!». «Жастар кадрлық резерві» жобасы ең төмен баға алды (53,3%).

№46 диаграмма. «Егер Сіз жастарды қолдау бойынша қандай да бір мемлекеттік бағдарламаларға қатысқан болсаңыз, көрсетілген қызметтерге/ұсынылған мүмкіндіктерге қаншалықты қанағаттанасыз? (бір жауап)» деген сұрақтың жауаптарын бөлу, %



Жасына байланысты корреляция респонденттердің кейбір нұсқалары бойынша дұрыс емес жауаптар берілгенін көрсетті. Атап айтқанда, «Жалға берілетін тұрғын үй», «Дипломмен – ауылға!», «Президенттік жастар кадрлық резерві», 14-18 жас аралығындағы жастар (33%-100%) қатысқанын және толығымен/дәлірегі, қанағаттанатынын айтты. Сонымен қатар, осы бағдарламалардың шарттары бойынша жастардың осы жас тобы қатысушыларға қойылатын талаптар бойынша өтпейді. Осыны ескере отырып, респонденттердің осы мәселе бойынша жауаптары күмән тудырады және олар бойынша неғұрлым толық талдау жасау мақсатқа сай емес.

III. САРАПТАМАЛЫҚ САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ

1. Мемлекеттік жастар саясаты шараларының тиімділігін бағалау

Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру – мемлекеттің жастар ортасындағы оң үрдістерді дамытуға және нығайтуға бағытталған негізгі функцияларының бірі. Өз кезегінде, жастарға қатысты арнайы саясаттың қажеттілігі, оның қоғамдағы жағдайының ерекшелігінен туындап отыр. Есею және әлеуметтік жауапкершілікке көшу кезеңі дәл осы уақытта басталады, сонымен бірге экономикалық және азаматтық құқықтар мен міндеттемелер пайда болады. Сондықтан мемлекеттік жастар саясаты жас ұрпақтың саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын қамтамасыз ету үшін заңнамалық, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдіктер құруға бағытталады.

Алайда қазіргі таңда мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асырудың тиімділігі әртүрлі сараптамалық баға алып жүр. Жастар саясаты туралы оң пікір білдіре отырып, сарапшылардың бір бөлігі, жастармен жұмыс істеуге бағытталған жеке жобаларды, оның тұжырымдамалық бөлігіне қарағанда жоғары бағалайды. Сондай-ақ бұл негізінен жобалардың мазмұндық сапасы және олардың жеткілікті саны жайында екенін айта кеткен жөн.

Бұл ретте осы жобаларды жүзеге асырудың тиімділігі мен нәтижелілігі күмән тудырады. Сарапшылардың пікірінше, жастар ресурстық орталықтарының «кең мүмкіндіктеріне» қарамастан, жастармен жұмыс өңірлік деңгейде тиімді жүргізілмейді.

«Менің ойымша, елдегі мемлекеттік жастар саясаты шаралары жеткілікті. Мемлекет ірі және шағын қалаларда көптеген жобаларды ұйымдастырып, жүзеге асырып келеді. ЖРО-ларда [жастар ресурстық орталықтары] бүкіл ел бойынша кең мүмкіндік бар. Мемлекет орталық деңгейде әзірленіп жатқан жобаларды жеткілікті деңгейде жүзеге асырып жатыр. Бірақ олардың орындалуы ақсап тұр. Егер өңірлік деңгейде жастар саясатымен жұмыс істеуге АҚДМ-дегідей көп көңіл бөлінсе, онда нәтиже мүлдем басқаша болар еді» (Д. Абуова, сарапшы, ҚР Парламенті Сенатының жанындағы Талдау мектебінің түлегі).

Мемлекеттік бағдарламаларға оң баға бере отырып, сарапшылар жастардың мемлекеттік жобалар мен бағдарламаларға тартылуына сенімсіздік білдірді. Олардың бағалауы бойынша, жастармен жұмыс істеу жөніндегі іске асырылып жатқан жобалар мен бағдарламалар жастардың нақты қажеттіліктеріне сәйкес келмеуі мүмкін. Демек, жастар саясатының мазмұны мен формалары жастардың өзі үшін тартымсыз деп бағалау орын алады. Осының барлығы ағымдағы шаралар туралы хабардарлықтың төмен болуы және жастарды тартуға бағытталған іс-шаралардың нашар қамтылуымен күрделене түсті.

«Менің ойымша, шаралар жеткілікті, бірақ баға – «жақсы». Себебі қазір жастарға тікелей қажет шаралар әлі де жоқ» (А. Баймұқанов, Солтүстік Қазақстан облысы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары).

«Мен әртүрлі зерттеу дерегін көрдім. Бұл зерттеулерге жастардың мемлекеттік жастар саясаты, жастар жобалары туралы нашар хабардарлық тән. Мен жастар ұйымдарының әртүрлі жұмысқа тартылуы не жергілікті атқарушы органдар жүргізетін түрлі іс-шаралармен қамтылуы туралы айтып отырған жоқпын» (С. Бейсембаев, «PaperLab» зерттеу орталығының басшысы).

Жастар саясатын жүргізуге кедергі болатын негізгі жағдай – әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешілмеуі. Жалпы, сарапшылар жастардың негізгі проблемалары ретінде тұрғын үй, білім беру және денсаулық жағдайлары бойынша шешілмеген мәселелерді атап өтті. Сарапшылардың айтуынша, қазіргі әлеуметтік және экономикалық бағдарламалар жастардың негізгі қажеттіліктерін қанағаттандырмайды. Мәселен, жастар үшін арнайы тұрғын үй бағдарламаларының жоқ екені айтылды, бұл жалпы конкурс аясында жеткіліксіз еңбек тәжірибесі мен экономикалық әлеуетке байланысты олардың қолжетімділігін қиындатады. Сонымен қатар, білім беру жүйесінің сапасы қазіргі сұраныстарға жауап бермейді, бұл оқу көші-қонына түрткі болады.

«Менің ойымша, жастар саясаты ресми түрде жүзеге асырылады. Бірақ жастардың жағдайы жақсарып жатқан жоқ. Шаралар жеткіліксіз, өйткені онда ел экономикасында түбегейлі проблемалар бар, оларды іске асыру оңай шаруа емес» (М. Шибұтов, «Халықаралық әлеуметтану және саясат институты» қоғамдық қоры директорының орынбасары).

«Мысалы, егер біз тұрғын үйді алсақ, бұл ең қымбат блок болуы мүмкін. Қазақстанда 7 түрлі ұлттық тұрғын үй бағдарламасы іске асырылды, бірақ олардың ешқайсысы, өкінішке орай, жастарды қамтыған жоқ. Біз 30 жыл ішінде жастарға осындай ешбір бағдарламаға арнаған емеспіз.

Әрине, біз түрлі білім беру реформаларын жүргізіп, білім сапасын жақсартып жатырмыз. Қазақстанда түрлі білім бағдарламалары, жекеменшік жоғары оқу орындары, мектептер, Назарбаев зияткерлік мектептері бар, бірақ жалпы жүйені әлі күнге дейін аса сапалы деп айта алмаймыз. Жастар білім алу үшін жан-жаққа кетіп жатыр» (И. Медникова, «Қазақстан» жастар ақпараттық қызметі қамқоршылық кеңесінің басшысы).

«Репродуктивті денсаулықты, ұлттың репродуктивті әлеуетін сақтау мәселелері, өкінішке орай, мемлекеттік жастар саясатында тиісті көрініс тапқан жоқ деп ойлаймын» (Р. Сисемалиев, Қазақстандағы ЮНФПА атқарушы өкілі).

Сарапшылар жастар саясаты шеңберінде жастарға болашағын Қазақстанмен бір көруге мүмкіндік беретін құндылықтар мен қағидаттарды қалыптастыру және тарату қажеттігін атап өтті. Жастардың әрбір өкілі өзін қазақстандық қоғамды құруда белсенді қатысушы ретінде көретін жалпы «әлем көрінісіне» сүйене отырып, жоспарлар құруға және мінез-құлық стратегиясын таңдауға мүмкіндік береді. Кейбір сарапшылардың пікірінше, бүгінгі таңда жастардың санасында болашағын елмен байланыстырудың жоқ екені байқалады.

«Әлеуметтік-экономикалық блоктан басқа, қазір мемлекет жастарға жарқын болашаққа деген сенім беруі керек, олар өз елінде қалып, ешқайда кетпей-ақ мұратқа жетуге болатынына сенуі керек. Яғни, әлеуметтік-экономикалық блоктан басқа материалдық емес сипаттағы перспективалар да қажет» (И. Медникова, «Қазақстан» жастар ақпараттық қызметі қамқоршылық кеңесінің басшысы).

Жастар секторын тиімді басқару енгізілетін бағдарламалар мен жобалардың нәтижелі болуының негізгі шарттарының бірі. Сонымен қатар, сарапшылар қазіргі уақытта бірқатар себептер бойынша әлсіреген сектор менеджментін күшейту жағына бірқатар басқарушылық шешімдерді қайта қарау қажеттігін атап өтті.

«1) жауапты құрылымдарды/ұйымдарды/тұлғаларды анықтайтын нақты басымдықтар жоқ;
 2) кей жерлерде жастар белсенділері/көшбасшылары мен жастар қызметкерлерінің әлеуетін арттырудың нашар жүргізілуі немесе мүлдем болмауы; жастардың азаматтық қоғамын дамыту үшін жеткіліксіз шаралар;
 3) жастардың құқықтарын қорғаумен айналысатын және/немесе жастардың аса осал топтарының интеграциясына ықпал ететін ұйымдардың немесе адамдардың жоқтығы. Көбінесе, соңғы бағыт қолдау тапқанның өзінде, мемлекеттік жастар саясаты арқылы болып жатқан жоқ;
 4) орталық, өңірлік және жергілікті деңгейде мемлекеттік жастар саясаты сабақтастығы/бірізділігі жоқ» (А. Қадырова, ЮНИСЕФ «Жасөспірімдер мен жастарды дамыту» бағдарламасының үйлестірушісі).

Сонымен қатар, жүргізіліп отырған жастар саясатының нәтижелеріне тұрақты мониторинг жүргізу және бағалау жастарды қолдау мен дамытуға бағытталған бағдарламалар мен шараларды табысты іске асырудың маңызды шарты болмақ. Өйткені, нәтижелерді қорытындылау және көрсеткіштерді сәйкестендіру әрі қарай түзету үшін бағдарламаларды іске асырудың алдыңғы тәжірибесінің оң және теріс компоненттерін есепке алуға мүмкіндік береді. Бұл кезең жүргізіліп отырған мемлекеттік саясаттың мақсаттары, міндеттері мен мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Жалпы, сарапшылар жастар саясатын іске асыруды бағалаудың әлеуметтік-экономикалық индикаторларын әзірлеу мен енгізу қажеттілігін атап өтті. Жұмыспен қамтылу деңгейі, тұрғын үйдің сапасы және қолжетімді болуы, жалақы деңгейі сияқты өлшемдер ұсынылды. Жүзеге асырылатын бағдарламаларды бағалауда жастардың мемлекеттік қолдау көрсетудің және жастар жобаларын іске асырудың қолданыстағы формалары, шарттары мен тәртібі туралы хабардарлық дәрежесінің маңызы зор.

Сарапшылардың пікірінше, көші-қон көңіл-күйіне байланысты жастар арасында көші-қон процестеріне жеке мониторинг пен бағалауды енгізу маңызды. Сонымен бірге, жастар арасындағы криминогендік жағдай мен қылмыс деңгейіне ұсынылған бағалау жастардың әлеуметтену ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

«Көрсеткіштердің бірі жастардың қаржылық әл-ауқатының деңгейі болуы мүмкін. Яғни, жұмысқа орналасу, ипотека алу көрсеткіштері. Екіншіден, жастардың елде болып жатқан оқиғалар туралы жалпы хабардарлығы. Осындай әртүрлі қолдау құралдарын қаншалықты пайдаланатыны жайлы» (А. Құсманов, Экономикалық зерттеулер институтының Талдау орталығы басшысының орынбасары).

«Біз өзімізге осындай индикаторларды қойып, білім беру саласындағы өнім сапасын, жастарға жұмыс ұсыну сапасын, 20-30 жыл аралығында ұсынатын тұрғын үй сапасын бағалай алдық деп ойлаймын. Көші-қон ағындарын да өлшеуге болады, мысалы, жастар көптеп кетіп жатыр ма, елде қалып жатқандар көбірек пе? Салыстырмалы түрде айтсақ, егер кетіп жатқан жастардың саны азайса немесе мүлдем кетпейтін болса, онда біз білім сапасы мен өмір сүру жағдайлары жас ұрпақтың қажеттіліктеріне сәйкес келетінін түсінеміз» (И. Медникова, «Қазақстан» жастар ақпараттық қызметі қамқоршылық кеңесінің басшысы).

«Жастардың еңбекақысы, тұрақты жұмысқа орналасқан жастардың саны, жылжымайтын мүлкі бар жастардың саны және жастардың қылмыскерлер арасындағы саны бойынша бағалау жүргізу керек» (М. Шибұтов, «Халықаралық әлеуметтану және саясат институты» қоғамдық қоры директорының орынбасары).

Мемлекеттік басқарудың табыстылық көрсеткіштерінің бірі халықаралық көрсеткіш сияқты жастардың әл-ауқатын көрсететін Жастардың бақыт индексі болуы мүмкін. Өмірге қанағаттанудың субъективті бағалауы білім беру, көші-қон саясатын дамытуда, сондай-ақ қосымша әлеуметтік лифтілерді қалыптастыруда өте маңызды болуы мүмкін. Осылайша, жастардың барынша ықтимал әл-ауқатына қол жеткізу үшін мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық ресурстарын ұтымды пайдалану қажет, бұл жастардың көңіл-күйі мен сұраныстарын түсінуді талап етеді.

«Әлеуметтанушылар сияқты жастардың өзін-өзі қабылдау деңгейін, бақыт деңгейін өлшей аламыз. Екі жылда бір рет жастар арасында бақыт, қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнама жүргізуге болады. Бұл Бақыт индексі деп аталады» (И. Медникова, «Қазақстан» жастар ақпараттық қызметі қамқоршылық кеңесінің басшысы).

«Мемлекет жастардың елде қалуы үшін жасайтын басты нәрсе - Бақыт индексіні көтеру. Егер жастар Қазақстаннан кететін болса, әлемдік зерттеулер бойынша қырқыншы жылға қарай зейнеткерлердің пайызы үлкен болады, әлемдегі ешқандай жүйе, әсіресе Қазақстандық, мұндай зейнеткерлер санын қамти алмайды. Осы зерттеулер негізінде әлеуметтік лифтілер жасау керек» (Э.Карманова, «Комунити» қорының қамқоршылық кеңесінің төрайымы).

Сарапшылардың пікірінше, мұны түсінікті әлеуметтанулық сауалнамалар арқылы алуға болады. Мұнда жиі сауалнама жүргізудің маңыздылығы туралы айтылады. Сонымен қатар, жастар арасында сауалнама жүргізу формаларын қайта қарау ұсынылады. Әлеуметтік желілер, онлайн-сауалнамалар жастармен байланыстың ең тиімді арналары болуы мүмкін. Бұл әлеуметтанулық сауалнамалар өтудің қолжетімділігін арттыру үшін маңызды. Жалпы, әлеуметтанулық зерттеулер жастармен нақты кері байланыс ретінде қарастырылады.

«Іске асырудың тиімділігін республикалық деңгейдегі индекстермен емес, әрбір өңір деңгейіндегі әлеуметтанулық сауалнамалармен жиі қадағалау қажет» (Д. Абуова, сарапшы, ҚР Парламенті Сенатының жанындағы Талдау мектебінің түлегі).

«Әрине, бұл жастардың кері байланысы, бірақ кері байланыс нақты. Бұл жастармен тікелей байланыс болуы керек. Әлеуметтік желілер, Google формалары арқылы сауалнамалар жүргізуге болады. Бұл сұрақтар жастарға тікелей жетуі керек» (А. Баймұқанов, Солтүстік Қазақстан облысы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары).

Индикаторлар бойынша ұсыныстардан және жастар саясатын іске асырудың тиімділігін бағалаудан басқа, мемлекеттік саясаттан жастар бағытын бөлудің орындылығы туралы жалғыз пікір айтылды. Сарапшының пікірінше, бүгінгі күні нақты мақсаттар мен міндеттердің жоқтығы мониторинг пен оның нәтижелілік көрсеткіштерін қадағалау процесін қиындатады. Жалпы, жастар арасындағы қазіргі проблемаларды тек осы әлеуметтік топқа ғана жатқызуға болмайды, сондай-ақ бұл жүйелі тәсілді қажет етеді.

*«Жастар саясатының мақсатын түсіну өте қиын. Яғни, егер білім беру саясаты туралы айтатын болсақ, онда ол түсінікті - білім беру саясаты білімді арттырады, тұрғын үй саясаты тұрғын үймен қамтамасыз етеді, жұмыспен қамту саясаты жұмыспен қамтамасыз етеді. Жастар саясаты не істейді? Бұл сұраққа жауап беру өте қиын. Мемлекеттік саясатта жалпы осындай бағыттың орындылығы туралы пікірталас бар екенін жақсы білеміз. Жастарды саясаттың жеке объектісі ретінде бөлу қаншалықты дұрыс?»
(С. Бейсембаев, «PaperLab» зерттеу орталығының басшысы).*

2. Жастар арасындағы өзекті мәселелер

Жоғарыда айтылғандай, мемлекеттік жастар бағдарламасы жастардың қазіргі проблемалары мен сұраныстарын шешуге бағытталуы керек. Өз кезегінде, жастардың өзекті мәселелерін шешу олардың жан-жақты дамуы үшін жағдайлар мен мүмкіндіктер жасауға ықпал етеді.

Бір жағынан, жастардың қажеттіліктеріне белсенді назар аудару, олардың өмірлік табыстарын ұлғайту және жас және одан да ересек жастағы азаматтар арасында елеулі проблемаларды азайту тұрғысынан ақталады, бұл елдің экономикалық әлеуетін дамытуға ықпал етеді. Екінші жағынан, неғұрлым қарқынды қолдау бағдарламасы патерналистік көңіл-күйдің таралуына ықпал етуі мүмкін.

Алайда, сарапшылардың пікірінше, жастар ортасындағы қазіргі проблемалар бүкіл қазақстандық қоғамға тән жүйелі себептерге негізделген. Бүгінгі таңда жастардың негізгі мәселелерінің бірі – қазіргі жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына қанағаттанбауы, бұл, өз кезегінде, әділетсіздік пен әлеуметтік теңсіздік сезімін күшейтеді.

Әлеуметтік-экономикалық проблемалар қатарына, ең алдымен, проблеманың үш факторы кіреді – білімнің төмен деңгейі, жұмыссыздық немесе лайықты жалақы алу мүмкіндігінің және тұрғын үй жағдайларының жоқтығы. Сарапшылардың пікірінше, бұл факторлар бір жалпы көріністі құрайды, онда бір мәселе екінші мәселеге себеп болады. Бұл ретте, осы әлеуметтік-экономикалық проблемаларға жастар арасында, атап айтқанда, мемлекеттік бағдарламалар (білім беру, тұрғын үй және т.б.) аясынан тыс қалатын 25-35 жастағы жоғары жас тобы бар екеніне баса назар аударады.

Сонымен қатар, сарапшылар жастарды жұмыспен қамту саласындағы дағдарыс, оның ішінде, жастардың жалақы, кәсіптің әлеуметтік мәртебесі және т.б. туралы жоғары үмітпен байланысты екенін атап өтті. Бұл сұраныстар кәсіпсіздену және еңбекке икемсіздену, яғни жастар арасында еңбек жауапкершілігі этикасының жоқтығымен сипатталатын жастар арасындағы еңбек құндылықтарының өзгеруін көрсетеді. Жалпы еңбекке деген ынтаның төмендеуі.

«Біздің жастар – 4-4,5 млн адамнан тұратын ірі топ. Тиісінше, бұл әртүрлі страталар, сондай-ақ қала және ауыл, білім алып жүрген және жұмыссыз жастар бар, кіші топтағы жастар – 20 жас, одан кейін 29-30 жастағы жастар да бар. Менің ойымша, мемлекет жастар саясатын осы құрылымдалған жастарды жақсы қамтиды, бұл 18-20-25 жас аралығындағы жастар. Бұл негізінен студенттер немесе магистранттар.

Сәл ересек – 25-35 жастағы жастар бірден үш проблемаға тап болады. Егер олар жас кезінде сапалы білім ала алмаған болса, онда жақсы жұмысы да болмайды, жұмысы мүлдем жоқ немесе жалақысы төмен. Олардың өз баспанасы жоқ немесе жалдап тұруы мүмкін. Бұл жаста олардың әйелі мен балалары бар. Яғни, білім алу, жұмыспен және баспанамен қамтылу проблемалары әлі де өзекті, бірақ отбасылы болып үлгерген. Меніңше, бұл географиялық, әлеуметтік шет қалған, қала сыртында тұратын адамның

портреті. Міне, осыларға арналған бағдарламалар бар ма? Мен ешқандай әлеуметтік ірі бағдарламалар көрмедім. Осындай тұрғын үй, табыс, жағдайсыздық сияқты әлеуметтік-экономикалық проблемалар әлеуметтік митингтерге шығуға түрткі болды. Бірақ бұл осындай жағдайға тап болған ересек жастар болуы мүмкін» (И. Медникова, «Қазақстан» жастар ақпараттық қызметі қамқоршылық кеңесінің басшысы).

Өз кезегінде, еңбек құндылықтарының өзгеруі, оның ішінде қажетті медициналық көмек алудың шектеулі мүмкіндігімен, сапалы білім мен лайықты жұмыспен қамтылудың қолжетімсіз болуы, әлеуметтік әділетсіздік сезімі артуымен байланысты.

Сарапшылар әлеуметтік әділетсіздік сезімі ауыл жастарының өкілдері арасында неғұрлым өзекті екенін айтты, олар үшін мүмкіндіктер теңсіздігі білім беру, бос уақыт және әртүрлі мамандардың қызметтеріне қолжетімділік мәселелерінде көрінеді. Басқаша айтқанда, ауыл жастары қажетті әлеуметтік ресурстардан құр алақан, сондай-ақ бастапқы жағдайлары да нашарлау.

Сонымен бірге, мүмкіндіктер теңсіздігі туралы айта отырып, сарапшылар халықтың кірістерінің айырмашылығына да тоқталды. Жастар байлар мен кедейлер арасындағы табыстың айырмашылығын ұғынып, сезіне бастайтын кезең. Бұл ретте, респонденттердің пікірінше, жастар еңбек жолының бастапқы кезеңінде меритократия қағидатын елемей жағдайларына кезігуі мүмкін. Шартты түрде «үлкен ақшаға» дағдылардың, біліктілік пен білімнің қажетті деңгейінсіз қол жететін жағдай.

Осылайша, жастар арасындағы еңбек құндылықтарының бұрмалануына бастапқы мүмкіндіктердің теңсіздігімен қатар, жағымды мансаптық модельдердің жоқтығы да әсер етеді.

«Жастар проблемаларының қатарына келесі аспектілерді жатқызуға болады. Теңсіздік және үмітсіздік сезімі. Бағдардың, дамудың жеке мақсаттары жоқтығы, тиісінше, бұл бос орын қоғам тұрғысынан аса «лайықты емес» бағдарлар мен мақсаттарға алмастырылады. Көптеген жастар саналы немесе бейсаналы түрде өздерінің кедейлік шегінде екенін немесе жағдайдың құрсауында қалғанын түсінеді» (А. Қадырова, ЮНИСЕФ «Жасөспірімдер мен жастарды дамыту» бағдарламасының үйлестірушісі).

«Келесі мәселе - адамдардың теңсіздігі мен әртүрлі мүмкіндіктері, шартты түрде ауыл жастарын келтіруге болады. Олардың проблемалары сапалы бос уақыт өткізуден бастап, қандай да бір жақсы мамандармен өзара әрекеттесу мүмкіндігі жоқтығымен аяқталады» (Э. Карманова, «Комунити» қорының қамқоршылық кеңесінің төрайымы).

«Менің болжамдарыма тоқталсақ, бұл қоғамдағы теңсіздік сезімі болуы мүмкін. Яғни, бір жағынан, барлық бұқаралық ақпарат құралдарынан жастар, жалпы, бүкіл халық, кейбір отбасылардың керемет табысы бар екенін естиді. Мәселен, ауыл жастары жұмыс таппай, өзін-өзі таныта алмай жүреді, тиісінше олар қалаға келіп, урбанизацияланады. Бірақ қалада бола тұрып, тиісті білімі болса да, олар жақсы, лайықты ақы төленетін жұмысқа қол жеткізе алмайды» (Р. Сисемалиев, Қазақстандағы ЮНФПА атқарушы өкілі).

Сарапшылардың пікірінше, тағы бір маңызды мәселе - қолданыстағы әлеуметтік лифтілердің тиімсіздігі немесе олардың мүлдем жоқтығы. Мұнда білім маңызды әлеуметтік мобильділік институты болып табылады. Алайда, білім беру жүйесіндегі олқылықтар байқалады, бұл жас халықтың бір бөлігіне өздерінің әлеуметтік мәртебесін тез және тиімді өзгертуге мүмкіндік бермейді. Біріншіден, бұл кәсіптік бағдарлау жүйесінің төмен тиімділігімен, рөлдік модельдерді құрумен байланысты. Себебі болашақ мамандығы – өзін-өзі анықтау

мен өзін-өзі жүзеге асырудың маңызды бөлігі, сондай-ақ бұл әрбір азаматтың еңбек нарығындағы табыстылығына әсер етеді.

Екіншіден, білім беру жүйесіндегі әлеуметтік лифтілердің дарынды жастар үшін белгілі бір шектеулері бар. Мысалы, өңірлердегі, атап айтқанда, ауылдағы мектептердің болашақ түлектері арасында қазіргі білім беру бағдарламалары, оның ішінде «Болашақ» халықаралық стипендиясы туралы төмен хабардарлық байқалады. Бұл үрдіс ауыл және қала оқушылары арасындағы білім беру мүмкіндіктерінің түрлі жағдайлары мәселесін тағы бір көрсетеді.

Үшіншіден, білім беру стратегияларында гендерлік айырмашылықтар байқалады. Кейбір жағдайларда қыздар толық білімді, оның ішінде кәсіби білімді сирек алатын үрдіс бар. Қыздарда мамандығы пен толық білімнің жоқтығы ересек өмірде, атап айтқанда, еңбек нарығында шектеулі мүмкіндіктерге әкеледі.

«Нақты әлеуметтік лифтілердің жоқтығы. Кәсіптік бағдар беру жүйесі рөлдік модельдерді көрсетуі керек, сонда жастар өзіне қажетті мамандықты табатын болады. Одан кейін олар өмірді дамытудың сәтті нұсқасына әкелетін алгоритм құрады. «Болашақ» жүйесіне шамамен 30 жыл болды. Олар мұның қандай жүйе екенін сұрайды. Бұл Алматыдан 55 шақырым жердегі Ұзынағаш ауылы, бұл балалар интернет қолданады. Біз олармен ақпараттық тарих бәйгесін ойнадық. Сонда біз соғыста сияқтымыз ғой, балаларымыз дарынды болса, шетелде оқи алатыны туралы білмейтін болып тұр» (Э. Карманова, «Комунити» қорының қамқоршылық кеңесінің төрайымы).

«Білім беру жүйесіндегі теңдік туралы айтқан кезде байқалатын үлкен проблема - қыздар арасындағы білім беру, гендерлік құқықты дамыту. Негізінде біз бұл туралы білмейміз, мектепке бармайтын қыздар кәсіби білім алмайды, өйткені оларды 15-16 жасынан тұрмысқа шығуға дайындайды. Егер біз оларға білім алу қолжетімді болатын бағдарламаны ойлап тапсақ, жақсы болар еді. Болашақта олар қаржылық жағынан тәуелсіз болар еді. Бағдарлама зорлық-зомбылықсыз жасалып, олардың отбасыларына, ересектеріне қыздың ертең тұрмысқа шығатынын және осылай жасау дұрыс болатынын түсіндірер еді. Құдай сақтасын, бірақ 5-10 жылдан кейін ол жесір қалатын болса, ешқандай мамандықсыз қалады» (Э. Карманова, «Комунити» қорының қамқоршылық кеңесінің төрайымы).

Сонымен қатар, жастардың психоэмоциялық жағдайы – бөлек әңгіме. Жастар депрессиялық жағдайларға көбірек ұшырайды, бұл өмір салтының күрт өзгеруімен де, жасөспірім кезеңінде ата-анасынан психологиялық ажыраудың жоқтығымен байланысты болуы мүмкін. Бұл өз кезегінде сыртқы ортада – ата-ана отбасында немесе әлеуметтік институттарда қолдау таппайтын эмоционалды күйзелістің артуына әкеп соғады.

«Психоэмоциялық (күйзеліс, есеңгіреу және т.б.)» (А. Қадырова, ЮНИСЕФ «Жасөспірімдер мен жастарды дамыту» бағдарламасының үйлестірушісі).

«Өзіне деген әділетсіз қарым-қатынас сезімінен туындайтын шиеленіс. Олармен ешкім бұл күйзеліс бойынша жұмыс жүргізбейді. Үнемі тыйымдар мен кінәлілік сезімін тудырады. Ауылдағы ата-аналар мен балалардың жат болып бара жатқанын байқаймын. Бұл ата-аналардың өте ортодоксалды болуына байланысты. Олар балаларын естімейді, балалармен зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас жасау құралдарын білмейді. Ол жақта отбасылық зорлық-зомбылық өршіп тұр. Есейіп қалған жастар ата-анасымен де, мектеппен де әрекетеспейді (А. Қадырова, ЮНИСЕФ «Жасөспірімдер мен жастарды дамыту» бағдарламасының үйлестірушісі).

3. Қазіргі жастардың құндылықтары мен қалауы

Сарапшылардың пікірінше, жастар өміріндегі басты қағидат – материалдық әл-ауқатқа ұмтылу. Тұрғын үй, жұмыс, тұрақты жоғары табыс, отбасының қаржылық әл-ауқаты, сондай-ақ ата-аналарға күтім жасау сияқты негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру негізгі қозғаушы факторлар саналады. Осылайша, жастардың жетекші құндылық бағдарлары қауіпсіздік пен табыс құндылықтары екенін атап өтуге болады.

«Кез келген жас азамат өзін негізгі қажеттіліктермен қамтамасыз етуге тырысады. Содан кейін ақша кейбір хобби, сапар және басқа да нәрселерге, яғни өзін-өзі дамытуға жеткілікті болу керек. Негізгі қажеттіліктер – тұрғын үй, тамақ, тұрақты жұмыс» (Д. Абуова, сарапшы, ҚР Парламенті Сенатының жанындағы Талдау мектебінің түлегі).

«Егер студенттер жайлы айтатын болсақ, олар, әрине, өмірде жайлы орнын табуға тырысады, бұл ақша таба бастап, өзін көрсететін кез. Одан сәл есейгенде отбасын құруға тырысады. Қазақстанда неке жасы – 20-22 жас, бұл жастар үшін орташа неке жасы, сондықтан олар 20-25 жас аралығында отбасын құруға тырысады. Әрине, олар қаржылық табыстылыққа, қаржылық еркіндікке ұмтылады» (И. Медникова, «Қазақстан» жастар ақпараттық қызметі қамқоршылық кеңесінің басшысы).

Сонымен қатар өзгерістерге ашықтық қазіргі жастарға да тән. Оған ойлар мен іс-әрекеттер тәуелсіздігі, жасампаздық, сондай-ақ өзін-өзі басқару және таңдау еркіндігі кіреді. Жастар көбінесе өздерін көрсетуге және әмбебаптылық қағидаттарына сәйкес келуге ұмтылады. Олар үшін «естілу» маңызды болады.

«Бірақ менің ойымша, біздің барлық қалалық жастарды біріктіретін нәрсе – дарашылдық, олар өздерін көрсетуге тырысады. Олардың киім киісі, әдеттері, шаш түсі, барлығында еркіндік бар. Олар тұлға болғысы келеді, кейбір жаңа ұғымдарды іздейді, бұл көбінесе феминизм, экология немесе саясат, адам құқығы, қандай да бір технологиялар» (И. Медникова, «Қазақстан» жастар ақпараттық қызметі қамқоршылық кеңесінің басшысы).

«Біздің зерттеу көрсеткендей, оларға естілген болу маңызды. Замандастарының үні естілген болуы маңызды» (Ә. Карманова, «Комунити» қорының қамқоршылық кеңесінің төрайымы).

«2021 жылғы зерттеуге сәйкес, құндылықтар арасында адам құқықтарын сақтау қажеттілігі пайда болды. Бұл жаңа нәрсе, бұрын мұндай болған жоқ, бірақ қазір әсіресе 17-20 жас аралығындағы жастарды осы жағы қызықтырады» (И. Медникова, «Қазақстан» жастар ақпараттық қызметі қамқоршылық кеңесінің басшысы).

Сонымен қатар сарапшылар тұлғалық даму, білім, отбасылық құндылықтар мен дәстүрлер сияқты құндылықтарды дамыту қажеттілігі туралы пікір білдіреді.

«Жастар тұлға ретінде дамымаса, құндылықтарды дамыту мүмкін емес» (А. Қадырова, ЮНИСЕФ «Жасөспірімдер мен жастарды дамыту» бағдарламасының үйлестірушісі).

«Адам білімге ұмтылу керек. Ең алдымен, білім мен мәдениет, осылар болса, басқасына жастар қол жеткізе алатын болады» (А. Құсманов, Экономикалық зерттеулер институтының Талдау орталығы басшысының орынбасары).

«Менің ойымша, отбасылық саясат, дәстүрлі құндылықтар жағын дамыту керек» (А. Баймұқанов, Солтүстік Қазақстан облысы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары).

Сондай-ақ сарапшылар жастардың еркіндігін сақтау маңызды екенін айтты, оларға құндылықтар мен қызығушылықтарын күштеп таңудың қажеті жоқ. Оның құндылық бағдарларына негізделген адамның дүниетанымы жеке үздіксіз ділдік дамуы бойынша жеке қабілеті ретінде қолданылады.

«Менің ойымша, мемлекет жастарға арналған құндылықтар жүйесін ойлап тауып, оны енгізуге тырыспауы керек. Бұл мүмкін емес. Жастарды дұрыс бағытта өзгерту немесе бағыттау мақсатында тұрақты ықпал ету объектісі ретінде қабылдамаған жөн» (С. Бейсембаев, «PaperLab» зерттеу орталығының басшысы).

«Егер жастар туралы айтатын болсақ, олардың бағдарларын бағаламауды қалай үйренеміз? Егер нұсқаулар туралы айтатын болсақ, онда бұл өте жиі кездеседі. Бізге, осы балалардың ата-аналарына және шенеуніктерге кейбір нұсқаулар ұнайды, бірақ оларды жастар мүлдем елемейді. Өзіміз үшін маңызды, бірақ балаларға қажетсіз бағдарларға күш-жігер жұмсау – үлкен қателік болмақ» (Э. Карманова, «Комунити» қорының қамқоршылық кеңесінің төрайымы).

Екінші жағынан, қоғамдық институттар жас адам үшін экологиялық таза құндылық идеяларын дамыту үшін барлық қажетті жағдайларды жасауы керек. Мұнда балалық шақтан бастап ересек жасқа дейін жағдай жасаудың жүйелілігі мен күрделілігі маңызды қағидат болмақ.

Осы бағыттағы жетекші алаңдардың бірі – білім беру мекемелері, олардың негізгі міндеті сыни ойлау дағдыларын және софт скиллс делінетін дербес шешімдер қабылдау дағдыларын дамыту болуға тиіс.

«Life values education» деп аталатын білім бар, оны өмірлік құндылықтар негіздеріне оқыту деп те атайды. Бұл білім ең алдымен адамдарға дұрыс, тиісті ақпарат берілетініне негізделген. Біз дұрыс, тиісті ақпарат берумен қатар, интерактивті білім беру үшін көбірек әрекет етуіміз керек. Яғни, мұғалім, оқытушы және студент, оқушы арасындағы байланыс. Бұл интерактивті білім, бұл сыни ойлау дағдыларын дамытады. Бір кездері ел Президенті білім беру жүйесі жастардың, білім алушылардың өз бетінше шешім қабылдауға мүмкіндігі болуы үшін барлығына дұрыс, барабар ақпарат пен сыни ойлау дағдыларын беруі тиіс екенін айтқан болатын. Егер осы дүниелерді мектепте, колледжде, жасөспірімдерге үйрететін болсақ, менің ойымша, қоғам неғұрлым дамыған бола түседі. Көшбасшылық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру қажет» (Р. Сисемалиев, Қазақстандағы ЮНФПА атқарушы өкілі).

«Таңдау дағдыларын мектептен, балабақшадан бастап сіңіру керек, мынаны іш, мынаны же деп емес, балаға заманауи білім жүйесінде таңдау жасауды үйрету маңызды дағдылардың бірі болмақ» (Э. Карманова, «Комунити» қорының қамқоршылық кеңесінің төрайымы).

Өмбебап этикалық қағидаттарды таратудың тиімді тәсілдерінің бірі жастарды азаматтық белсенділікке, түрлі шығармашылық және өзге де жобаларға тарту болып табылады. Мысал ретінде жауапкершілік, жанашырлық және әлеуметтік пайдалы процестерге қатыстылық сезімін тәрбиелеу арқылы жеке өсу ресурсы ретінде волонтерлік келтіріледі.

«Жастардың дамуына ұзақ мерзімді негізде қаражат салу (тіпті қаржыландырылған болса да, жеке қысқа мерзімді жобалар мен бағдарламалар емес) және олардың қатысуын ынталандыру арқылы ғана олардың ұстанымдары, көзқарастары, үміттерінің өзгеруін күтуге болады» (А. Қадырова, ЮНИСЕФ «Жасөспірімдер мен жастарды дамыту» бағдарламасының үйлестірушісі).

«Біздің арамызда волонтерлік өте маңызды деп санаймын. Өйткені, бір жағынан, волонтер болған соң, олар әртүрлі салаларда жұмыс істей отырып, белсенді бола бастайды, халықтың түрлі топтарының қажеттіліктерін біледі. Олар жауапкершілік сезіне бастайды. Екінші жағынан, олар қоғамға пайда келтіреді» (Р. Сисемалиев, Қазақстандағы ЮНФПА атқарушы өкілі).

Әлеуметтенудің тағы бір маңызды формасы – фильмдер, бейне-контент, блогтардағы мінез-құлық үлгілерін тарату арқылы рөлдік модельдердің қалыптасуы болуы мүмкін, бұл дәрістер мен форумдарға қарағанда жастар арасында кеңінен таратуға ықпал етеді.

«Меніңше, бұл қандай да бір дәрістер мен форумдар арқылы емес, жастар сүйетін дүниелер арқылы, бейне контент арқылы қалыптасады. Иә, меніңше, ең кереметі, бұл кейіпкерлерді көрсету. Олардың мінсіз болуы шарт емес. Олар мүгедек көршісімен қандай достық қарым-қатынаста екенін көрсетсін. Олар демалыс күндері көмектеседі, волонтерлік етеді. Меніңше, волонтерлік жылы туралы әңгіме пайдасыз болған сыңайлы» (Ә. Карманова, «Комунити» қорының қамқоршылық кеңесінің төрайымы).

4. Азаматтық және саяси белсенділік

Жастардың азаматтық және саяси қатысуы жеке тұлғаны әлеуметтендірудің негізгі компоненттерінің бірі. Бұл жерде жастардың ел өміріне қатысуының қолайлы жағдайлары мен жаңа формаларын жасау маңызды. Алайда, сарапшылардың бағалауы бойынша, қазіргі уақытта еліміздің саяси өміріне тартылу мен қатысудың деңгейі төмен екені байқалады.

Қатысудың сайлау, партияларға, үкіметтік емес ұйымдарға мүшелік ету сияқты дәстүрлі формаларымен салыстырғанда, жастар көп жағдайда дәстүрлі емес формаларды жөн көреді. Мысалы, саяси мақалалар немесе блогтар жазу, оларды ұнатып, әлеуметтік желілерде тарату.

Сондай-ақ, жастар арасында жаппай қызығушылық тудырмайтын мемлекеттік жастар ұйымдарының қызметі шеңберінде белсенділік тұмшаланып қалады, бұл жағдай осы жас тобының саяси және азаматтық қатысуының төмен деңгейіне әсер етеді.

«Жас азаматтардың жоғары немесе жеткілікті азаматтық, саяси немесе әлеуметтік маңызды белсенділігінің жоқтығы туралы нақты айтуға болады» (А. Қадырова, ЮНИСЕФ «Жасөспірімдер мен жастарды дамыту» бағдарламасының үйлестірушісі).

«80% белсенді емес, 20% белсенді. 20% саяси белсенділер – бұл «Жас Отан», «Жастар конгресі» және т.б. саяси жастар ұйымдарына қатысуы бар адамдар, олар мемлекеттік органдар мен осы ұйымдар өткізетін іс-шараларға белгілі бір дәрежеде қатысып отырады» (А. Баймұқанов, Солтүстік Қазақстан облысы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары).

«Көптеген жастар бейсаясатшыл немесе белгілі бір партиялар аясында өздерінің саяси көзқарастары жоқ. Азаматтық позициясы тәуелсіз және

әлеуметтік желілер арқылы көрінеді. Жастар позициясын білдіру үшін белгілі бір партияға немесе қоғамдық қозғалыстарға кірудің қажеттілігін көрмейді» (Д. Абуова, сарапшы, ҚР Парламенті Сенатының жанындағы Талдау мектебінің түлегі).

«Жалпы, жастар, басқа жас топтарына қарағанда, саясатқа аз қызығушылық танытады, сайлауға аз қатысады және саяси жаңалықтарды аз көреді. Бірақ бұл біздің жастарымыз белсенді емес дегенді білдірмейді» (С. Бейсембаев, «PaperLab» зерттеу орталығының басшысы).

Сондай-ақ қатыспау себептері – білім беру, материалдық әл-ауқат деңгейі және т.б. сияқты әлеуметтік факторлар. Осылайша, жастар жеке мәселелерді шешуге бағытталған, бейсаясатшыл азаматтар тобы ретінде ерекшеленеді.

Алайда саясат пен азаматтық белсенділіктен алыстау саяси жүйенің қолайлы жағдай жасаудың мүмкін болмауымен байланысты жүйелік шығындар жеке блокпен ерекшеленеді. Мысал ретінде жастардың хабардарлық деңгейінің төмендігі және мемлекет қаржыландыратын ынталандыру бағдарламаларына қосылуы келтіріледі. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында өткізілетін дөңгелек үстелдер, тренингтер және т.б. қажетті қамтуды қамтамасыз ете алмайды.

Қосымша себептер мемлекеттік органдардың кері байланысы жетілмегендігімен байланысты факторлар болуы мүмкін. Сарапшылар мемлекеттік органдардың осы жас тобындағы азаматтармен өзара іс-қимыл жасауға және диалогқа түсуге дайын еместігін атап өтті, әсіресе бұл фактор өңірлерде байқалады. Осылайша, жастардың саяси және азаматтық бастамаларын бақылаудың бюрократиялық жүйесі олардың енжар және жігерсіз болуына әкеп соғады.

«Сондай-ақ жастардың белсенділігін арттыруда сабақтастық жоқ. Жастардың тұлғалық дамуына үлес қоспай, азаматтық және саяси белсенді жастарды өсіре алмаймыз деп санаймын. Бұл әсіресе білім беру сапасына қатысты проблемалар аясында өзекті» (А. Қадырова, ЮНИСЕФ «Жасөспірімдер мен жастарды дамыту» бағдарламасының үйлестірушісі).

«Егер сенің шартты түрде екі кредитің болса, онда қандай белсенділік туралы айтуға болады? Белсенді болуға уақыт жоқ. Өзіңнің қаржылық мәселелеріңді шешуден босамайсың» (А. Құсманов, Экономикалық зерттеулер институтының Талдау орталығы басшысының орынбасары).

«Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және АБҚО бойынша бөлінетін ақша жастарға дейін жетпейді, қолына түспейді. Яғни, олар осы дөңгелек үстелдерге, тренингтерге, семинарларға және т.б. қатыспайды. Менің ойымша, біздің жастар осыған байланысты белсенді емес. Біз жастарды іс-шараларға шақырсақ, онда олар бір нәрсеге қол жеткізетін болса, әйтпесе бізде жай ғана адам саны ретінде қатысып, «Жас Отан» төрағасы сайлауында дауыс берумен шектеліп жатады. Бұл дұрыс емес. Сондықтан, тіпті белсенді жастардың өзі жүргізіліп жатқан саясаттан бас тартады. Оның ішінде жастар саясаты бар» (А. Баймұқанов, Солтүстік Қазақстан облысы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары).

«Жастар мен шешім қабылдаушылар арасында қандай да бір кедергі бар шығар. Шешім қабылдайтын адамдар жастармен, жасөспірімдермен қарым-қатынас жасай алмайтын болар. Белсенді жастар бар. Тек оларды анықтап, қолдау керек, сонда олар ойын білдіре бастайды. Олар ойын білдіре алады, бірақ үні қажетті жерге жететін болуы керек» (Р. Сисемалиев, Қазақстандағы ЮНФПА атқарушы өкілі).

Екінші жағынан, сарапшылар жастардың азаматтық және саяси қатысуындағы елеулі өзгерістерді атап өтті. Жастардың белсенділігін арттырудың жаңа кезеңі 2019 жылғы президенттік сайлаудан бастау алады. Дәл осы кезеңнен бастап саяси демонстрациялар, наразылықтар мен шерулер, петицияларға қол қою және т.б. сияқты саяси қатысу формалары жастар арасында танымал бола бастады. Осылайша, жастар тікелей ықпал етуді таңдайды.

Алайда қалыптасқан тенденцияға қарамастан, қазіргі уақытта жастар арасында азаматтық белсенділер тобы әлі де шағын. Сонымен қатар, жастарға ұзақ мерзімді ықпал тұрғысынан саяси жүйеге ықпал етуге негіз болмайтын жағдайлық белсенділік тән болып қала береді.

«2019 жылға дейін біздің азаматтық және саяси белсенділігіміз аздап бәсеңдеу болған шығар. Негізінде жастар саясаттан, белсенділіктен қорықты. 2019 жылғы сайлау бүкіл қоғамға үміт берді. Әсіресе жастардың рухы оянып, саяси өмірдің бір бөлігі бола алатынын сезінді. «Оян» қозғалысы естеріңізде болар. Сондай-ақ, бұл жастарға сөйлеу маңызды болды, тіпті бейне, роликтер түсірілді, қандай да бір акциялар өткізілді, плакаттар іліп жатты. Яғни, жастар шынымен оянғандай болды, оянды да, сөйлей бастады. Содан бері ол сәнге айналды, шағын топ пайда болды, қазір олар күн санап азайып келеді, дегенмен сол шағын топ болса да, саяси өмірге қатысудың не екенін сезіне бастағандай» (И. Медникова, «Қазақстан» жастар ақпараттық қызметі қамқоршылық кеңесінің басшысы).

«Кейінгі 5 жыл ішінде біз жас азаматтар, қазақстандықтар өздерін көрсетіп жатқанын көріп отырмыз. Яғни, бұл жаңа саяси белсенділік, азаматтық белсенділік, қазір оған жастар серпін береді. Яғни, «Оян Қазақстан», азаматтық белсенділер, Жанболат Мамай, оның қозғалысы. Бұл жаңа буын. Әрине, мұнда тағы да осы шамадан тыс ауқымдануға, жалпылануға жол бермеу керек» (С. Бейсембаев, «PaperLab» зерттеу орталығының басшысы).

«Жастар өте мобильді. Жастар арасында хайп тақырыптары тез таралатын болды. Барлығы осы тақырып туралы айтып қалғысы келеді. Меніңше, белсенділік қандай да бір танымал мәселелерде көрінетін сияқты. Мысалы, жастар тұрақты проблемалар туралы сирек айтады» (А. Абуова, сарапшы, ҚР Парламенті Сенатының жанындағы Талдау мектебінің түлегі).

Жастар белсенділігіне мүдделі тараптар тұрғысынан ықпал ету мәселесіне қатысты сарапшылардың пікірі екіге бөлінді. Сарапшылардың бір бөлігі бұл факторды жоққа шығаруға болмайды деп санайды. «Қолдау вакуумы» және қаржылық ынталандыру жастарды деструктивті мақсатта пайдалануға қолайлы негіз болуы мүмкін.

Тағы бір көзқарас, жастарды ықпал ету объектісі емес деп белгілейді. Оның сыртқы ықпалға бағынбайтын айқын саяси және азаматтық ұстанымдары мен артықшылықтары бар. Жастар саяси жүйенің тең ойыншысы ретінде қабылданатын дәл осы тәсіл, онымен диалог құруға егжей-тегжейлі және тиімді қадам жасауға мүмкіндік береді.

«Азаматтық немесе саяси белсенділік мүдделі тараптардың іс-әрекетінің нәтижесі болды деп болжасақ та, бұл мемлекет пен оның құрылымдары тарапынан әлеуметтік белсенді жастарды өсіру үшін қолдаудың нақты вакуумы нәтижесінде мүмкін болды» (А. Қадырова, ЮНИСЕФ «Жасөспірімдер мен жастарды дамыту» бағдарламасының үйлестірушісі).

«Шетелдік ұйымдар бұған ықпал ете алады. Біздің шартты түрде ықпалды адамдарымыз да ықпал етуі мүмкін. Әрине, бұл мүмкін. Жастар ақша үшін, тағы бір нәрселер үшін көп нәрсе жасай алады. Бәрі де мүмкін, сырттан да, іштен де» (А. Құсманов, Экономикалық зерттеулер институтының Талдау орталығы басшысының орынбасары).

«Жастардың азаматтық немесе саяси белсенділігі мүдделі тараптардың қызметінің нәтижесі емес. Өз пікірін, ұстанымын білдіру батыстан келе жатқан үрдіс. Жастар өздерін қызықтыратын тақырыптар бойынша өз позициясын білдіргісі келеді. Олар үшін өз позициясын білдіру өмірдің маңызды бөлігіне айналып келеді» (Д. Абуова, сарапшы, ҚР Парламенті Сенатының жанындағы Талдау мектебінің түлегі).

«Мен сондай бір қауіп көріп тұрған жоқпын. Менің ойымша, бұл импульс, азаматтық белсенділік, митингтерге шығу – бұл жастардың ішкі импульсы, қандай да бір оқымыстылық нәтижесі, олар басқа мемлекеттерде адамдардың осындай әрекеттерін көреді» (И. Медникова, «Қазақстан» жастар ақпараттық қызметі қамқоршылық кеңесінің басшысы).

«Бұл ішкі ұрандар, адамның ішкі уәждемесі, ортасы, айналадағы адамдар, ақпараттық аясы, яғни барлығы әсер етеді. Мен қазір сыртқы жұмылдыру көздерін іздемес едім, өйткені бұл тығырыққа тіреуі мүмкін» (С. Бейсембаев, «PaperLab» зерттеу орталығының басшысы).

5. Жастар мәдениеті: дарынын танытуға жағдай жасау

Елдің қоғамдық өміріндегі экономикалық және саяси өзгерістер жағдайында өзін-өзі жүзеге асыруға, өзін-өзі көрсетуге және өзін-өзі дамытуға қабілетті жас адамның рөлі артып келеді.

Сарапшылардың пікірінше, Қазақстандағы жастар мәдениеті қарқынды дамып келеді. Бүгінде мемлекет жастар үшін дербес іс-қимыл жасауға, шығармашылық және кәсіби бастамашылықты көрсетуге, өсу мен ілгерілеуге ұмтылуға белгілі бір бастапқы мүмкіндіктер жасап келеді. Атап айтқанда, музыка индустриясы мен спорт саласы белсенді дамуда.

«Әр қалада барып тұруға болатын секциялар бар. Мысалы, мен спорттық өмірдің толық жасақталған екенін көріп отырмын, мүмкіндіктер бар, көптеген объектілер салынып жатыр, жаттықтырушылар жұмыс істейді, теннис федерациясы, футбол... Спорт жағынан жалпы жаман емес сияқты» (И. Медникова, «Қазақстан» жастар ақпараттық қызметі қамқоршылық кеңесінің басшысы).

«Жастар мәдениеті екі бағытта – музыка мен биде жақсы дамып келеді» (М. Шибұтов, «Халықаралық әлеуметтану және саясат институты» қоғамдық қоры директорының орынбасары).

Сараптамалық сауалнама көрсеткендей, қазақстандық дарындарды дамыту, іздеу және қолдау жүйесі айтарлықтай тиімді емес және көп жағдайда бағыттар спектрі және қамтумен шектеледі. Жастар мәдениетін дамыту үшін негізгі тежеуші фактор базалық жағдайлардың - әлеуметтік инфрақұрылым мен қосымша білім берудің (спорт алаңдары, секциялар мен үйірмелер) жетіспеушілігі болып қалып отыр. Сонымен қатар, сарапшылардың пікірінше, мемлекеттік қолдау дарынды жастарды ерте жастан тәрбиелеуге емес, белгілі бір мәдениет саласында қалыптасқан жастарды қолдауға бағытталған.

«Менің ойымша, жағдайлар жеткіліксіз. Біз көбінесе постфактум жұмыс істейміз. Яғни, мәдени, жасампаз адам жетістікке жетті делік, оған ешкім көмектескен жоқ. Ал іс біткенде мемлекеттік органдар пайда болады да, мемлекеттік көмек көрсететінін айтады. Яғни, біз жастардың жасампаздығы мен әлеуетін арттырумен айналыспаймыз. Біз олардың өзін-өзі дамытуының жемісін көреміз. Ал дарынды, бірақ мүмкіндіктері жоқ қаншама жастардың жолы болмай жүр. Олардың дарынын таныту үшін синтезатор немесе сурет салатын кенеп сатып алуға мүмкіндіктері жоқ. Сонда, осы біртумалар – Қазақстанның жалпы жасампаздық мүмкіндіктерінің 30-40 пайызы болуы мүмкін» (А. Баймұқанов, Солтүстік Қазақстан облысы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары).

«Тегін спорт, би үйірмелері сапалы болуы керек, балалардың оларға баратын мүмкіндігі болуы керек. Бұл адами капиталға қосымша инвестициялар. Бұл өте маңызды» (М. Сүлейман, «Фридрих Эберт» қорының ғылыми қызметкері).

«Мемлекет бұл балаларды құрметтейтінін көрсетуі керек, ал құрмет қарапайым дүниелерден басталады. Олар қалыпты дәретханаға баруы керек, таза суға қол жеткізуі керек, оларда жақсы интернет болуы керек» (Э. Карманова, «Комунити» қорының қамқоршылық кеңесінің төрайымы).

Сонымен қатар сарапшылардың айтуынша, жеке және шығармашылық даму үшін жағдайларды қамтамасыз ету ерте жастан бастап жүзеге асырылуы керек. Кәсіби өзін-өзі анықтау, бейінді және кәсіптік оқыту жүйесін дамыту болашақта талантты және перспективалы жастардың еңбек және шығармашылық әлеуетін ашу ықтималдығын арттыруға мүмкіндік береді.

«Қандай да бір скринингтер, әлшеулер жасап, дарындарды іздеу керек. Бала кезден айналысқан болса. Мысалы, біз үйірмелерді ақысыз еттік, егер олар дұрыс жұмыс істейтін болса, онда адамдар керегін табады. Менің ойымша, егер осының барлығын кешенді қолданатын болсақ, онда бала кезден бастау керек» (А. Құсманов, Экономикалық зерттеулер институтының Талдау орталығы басшысының орынбасары).

«Егер дарынды жастар туралы айтатын болсақ, олар жасампаз индустрияларды, технологияларды іздейтін жасампаз жастар, содан кейін біздің елде жұмыс істей алатын және қосымша құн жасай алатын, жаңа өнімдер ойлап табатын болса, менің ойымша, жастарды ерте жастан бастап мамандықпен таныстыру үйірмелері жетіспейтін сияқты. Оларды жасампаз идеялар және технологиялармен көбірек таныстыру керек сияқты. Егер осыған үйрететін болсақ, өте тамаша болар еді» (И. Медникова, «Қазақстан» жастар ақпараттық қызметі қамқоршылық кеңесінің басшысы).

Жастардың өз қабілеттерін дамыту мүмкіндіктері, дарындарды қолдауға арналған жобалар туралы хабардарлықтың төмен деңгейі жағдайды ушықтырады. Әсіресе, ауыл жастары ақпараттың жетіспеушілігін сезінуде, сондай-ақ бастамаларға қолжетімділіктің айқын өңірлік теңсіздігі байқалады.

«Менің ойымша, бұл мүмкіндіктің жоғы емес, мүмкіндіктер туралы хабардар болмау. Ірі қалаларда жастардың мүмкіндігі көбірек, жастар олар туралы көбірек біледі. Өңірлерде жағдай басқаша: жобалар жасалуда, бірақ хабардарлық төмен болуына байланысты қатысушылар саны да аз, демек қамту аясы да шағын» (Д. Абуова, сарапшы, ҚР Парламенті Сенатының жанындағы Талдау мектебінің түлегі).

Сонымен бірге сарапшылардың пікірінше, жастар мәдениетін дамытудағы мемлекеттің рөлі барынша аз болуы керек. Мемлекеттің функциясы тікелей араласудан емес, әлеуметтік лифтілерді құрудан, көтермелеуден және гранттық сүйемелдеу жүйесінен тұруы тиіс. Бұл ретте, мемлекеттік механизмдерді әзірлеу кезінде жастардың мүдделері мен сұраныстарын, әсіресе өңірлік деңгейде ескеру маңызды. Шектен тыс мемлекеттік қолдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен бюрократизмді туғызуы мүмкін.

«...егер жастар саясаты біздің мәдениет саласында бәрі жақсы болатынына мүдделі болса, онда оған аз кірісіп, мемлекеттік ұйымдар құруға тырысу керек, өйтпесе бәрін бұзатын болады, өйткені бұл бірден қаржыландыру, ашықтық, сыбайлас жемқорлық мәселесі. Яғни, бұл жақсылыққа әкеп соқпайды. Мен бізде жас дарындарға мемлекеттік сыйлықтар, гранттар болғанын қолдаймын, бірақ бұл басқа әңгіме. Яғни, бұл мемлекет бағыт беріп немесе кезекті мемлекеттік бағдарлама жасауы туралы емес, жай ғана сыйлықақы беріп, көтермелегені жайлы» (С. Бейсембаев, «PaperLab» зерттеу орталығының басшысы).

«Жобалар мен бастамалар өңірлік деңгейде іске асырылуы тиіс. Дарынды жастарды қолдау республикалық орталықты негізге алмауға тиіс, жергілікті жастардың мүдделерін негізге ала отырып, жергілікті деңгейде әзірленуі керек» (Д. Абуова, сарапшы, ҚР Парламенті Сенатының жанындағы Талдау мектебінің түлегі).

6. Жоғары білім беруді жаңғырту

Адами капиталдың сапасына әсер ететін анықтаушы фактор жоғары білім болып табылады. Сапалы білім алу мүмкіндігі – қоғамның маңызды әлеуметтік институттарының бірі және жастардың әлеуметтік мобильділігінің серпінді факторы. Жоғары білім беру жүйесін жаңғырту Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың басты назарында. Сонымен бірге, сарапшылардың пікірінше, трансформациялық процестердің тиімділігі жалпы экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне байланысты болады.

«...жоғары білім беру жүйесін қандай да бір жаңғырту экономика мен әлеуметтік секторды дамытпай тиімділікке қол жеткізе алмайды және дәл солар үшін жоғары білім беру секторына мамандар даярлайды» (А. Қадырова, ЮНИСЕФ «Жасөспірімдер мен жастарды дамыту» бағдарламасының үйлестірушісі).

Жоғары білім беру жүйесін жаңғырту оқытудың заманауи әдістемелері мен технологияларын қолдану мен халықаралық тәжірибені бейімдеуді көздейді. Сонымен қатар, сарапшылар атап өткендей, әлемдік тәжірибені ұлттық ерекшелікті, қоғам құндылықтарын ескермей көшіріп алу, жүргізілген барлық жұмысты құнсыздандырады және сапалы білім алу мүмкіндіктерін кеңейтпейді.

«...біз қандай да бір реформаларды көшіріп алып, Қазақстанға әкелуге болмайтынын түсінуіміз керек, ол іске аспайды, өзіміздің жергілікті проблемаларды, өзіндік ерекше жағдайларды шешуіміз керек» (М. Сүлейман, «Фридрих Эберт» қорының ғылыми қызметкері).

«...біздің елімізде жаңғырту мен орта және жоғары білім берудің бірнеше ірі кезеңдері өтті. Содан кейін, өкінішке орай, біз кері қарай сырғи бастаймыз. Мысалы, мектептердегі жаңарту. Қазір менің білуімше, оның салдарын азайтуға, дұрыстауға тырысады. Менің ойымша, бұл реформалар тиімсіз, өйткені еуропалық, батыстық нормаларға сәйкестікті қамтамасыз етеміз деп

жүргенде, өкінішке орай, жастардың білім алу мүмкіндігін жоғалтамыз» (А. Баймұқанов, Солтүстік Қазақстан облысы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары).

Бұл ретте Қазақстанда жоғары білімге қолжетімдік жыл өткен сайын артып келеді. Мысалы, бүгінде талапкерлерде Ұлттық бірыңғай тестілеуді қайта тапсыруға мүмкіндігі бар. «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім» жобасы іске асырылуда, ол алғашқы жұмысшы мамандығын тегін алуды ұсынады. Алайда, сарапшылар атап өткендей, қабылданып жатқан шаралардың әсеріне мониторинг жасау және бағалау жүйесінсіз білім беру саясатына және оқу процесін ұйымдастыруға үнемі өзгерістер енгізу білім беру жүйесінің тиімділігі мен сапасын төмендетеді.

«... қазіргі заманда адам үздіксіз білім алуы керек, ал мемлекет тек жағдай жасап отыруы керек. Осы жеткілікті. Бізде бұл жағы дұрыс деп ойлаймын. Білім алғысы келген адам амалын табады. Қазір бізде жоғары білім алу үшін грант алу қиын емес, барлығы қолжетімді. Әрине, сапаны арттыру керек, бірақ білім алу қолжетімді» (А. Құсманов, Экономикалық зерттеулер институтының Талдау орталығы басшысының орынбасары).

«Меніңше, Қазақстанның білім беру жүйесінің негізгі мәселесі – оның өзгермелілігі. Үнемі инновациялар енгізіліп отырады, ал тиімділікке мониторинг сирек жүргізіледі. Мемлекеттің жастарға қарай қадам басуы маңызды болып табылады. ҰБТ-ны қайта тапсыру мүмкіндігі пайда болды, Болон кредит жүйесін енгізу арқасында магистратурада кез келген мамандыққа түсу мүмкіндігі бар, ТЖКБ-да оқу көптеген өзекті мамандықтар бойынша тегін. Жүйені өзгерте берудің орнына, оқытылатын пәндердің сапасын жақсарту қажет. Жастардың тек ел деңгейінде ғана емес, жалпы өңір деңгейінде бәсекеге қабілетті болуы үшін сол ағылшын тілін сапалы оқыту қажет» (Д. Абуова, сарапшы, ҚР Парламенті Сенатының жанындағы Талдау мектебінің түлегі).

Сараптамалық сауалнаманың деректері бойынша, жоғары білім беру жүйесінің негізгі проблемаларының бірі – оның еңбек нарығының қарқынды өзгертін талаптарынан оқшаулануы. Оқуды аяқтаған жастардың көпшілігі жұмысқа орналасу кезінде бірқатар проблемаларға тап болады. Көбінесе жоғары оқу орындарының түлектеріне оқытылатын салалардағы заманауи жағдайға сай практикалық дағдылар мен білім жетіспейді. ЖОО түлектерінің біліктілігі көбінесе түлектердің жоғары оқу орындарында алатын біліктілігіне сәйкес келмейді.

«...мекемелерде, перинаталдық орталықтарда, перзентханаларда және т.б. жаңа технологиялар енгізілуі бір әңгіме. Біздің университеттерден шығып, студенттер осы технологияларға дайын болуы мүлдем басқа әңгіме. Әдетте кафедралар артта қалып қояды. Олар оқытқан кезде ескірген оқулықтарға немесе материалдарға сүйенеді» (Р. Сисемалиев, Қазақстандағы ЮНФПА атқарушы өкілі).

«...бізде жастардың шамамен 50% бөлігі мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Бұл да елеулі фактор» (М. Сүлейман, «Фридрих Эберт» қорының ғылыми қызметкері).

Сонымен қатар, бірқатар сарапшылар жоғары білімнің жаппай сипатын теріс фактор ретінде қарастырады. Бір жағынан, халықтың жоғары білім алуға деген ұмтылысы, оның өсіп келе жатқан құндылығын көрсетеді. Екінші жағынан, университеттік даярлықтың жаппай сипаты, оның сапасын едәуір төмендетеді.

«...студенттерді көбірек сараптап, гранттар санын азайту керек. Себебі грант көп берген сайын, жоғары білімді алуға тиісті емес адамдар да оқуға түседі. Білім саласында жарысу мәдениеті болуы керек, әйтпесе одан пайда жоқ» (М. Шибұтов, «Халықаралық әлеуметтану және саясат институты» қоғамдық қоры директорының орынбасары).

Сарапшылар сондай-ақ білім беру деңгейін арттыру және еңбек нарығына бейімдеу үшін мемлекет ұсынатын мүмкіндіктер туралы жастардың хабардарлық деңгейінің төмен екенін атап өтті.

«...Қазақстанда әрбір жас адам, мысалы, өндірістік практика — болашағы үшін маңызды, жұмыс берушісін кездестіретін сәт екенін біле бермейді. Немесе, мысалы, мемлекет сені жұмысқа алу үшін белгілі бір соманы төлейді. Немесе, мысалы, егер сен магистратураға барсаң, онда сен кез келген мамандыққа түсуіңе және мамандық ауыстыруыңа болады. Менің ойымша, хабардарлық тұрғысынан проблема бар. Менің жауабым: егер мен мемлекет жеткілікті жұмыс жүргізіп жатыр дейтін болсам, бұл нақты жағдайды көрсетпеуі мүмкін, өйткені мәселе мемлекет жасамай жатқан дүниелер турасында емес, жастардың бейхабар қалуында болып тұр» (Д. Абуова, сарапшы, ҚР Парламенті Сенатының жанындағы Талдау мектебінің түлегі).

Жоғары білім еңбек нарығы талап ететін сын-қатерлерге әрдайым жедел жауап бере алмайтындығын ескере отырып, сарапшылар оқу орындарының академиялық еркіндігін қамтамасыз ету және олардың қызметіне мемлекеттің араласуын азайту қажеттілігін атап өтті. Жоғары оқу орындарының тәуелсіздігі оның табысты жұмыс істеуінің және бәсекеге қабілеттілігінің кепілі болмақ. Жоғары мектептің нақты өзін-өзі басқаруы және академиялық еркіндіктің кепілдігі жағдайында Қазақстанның жоғары білімінің тиімділігі қамтамасыз етілуі мүмкін.

«Менің ойымша, жоғарғы оқу орындарының бәсекелестігі қазіргі уақытта миллиардтаған қаражат жұмсалып жатқан жұмыстың барлығын атқаратын сияқты. Егер еркіндік берілетін болса, оның ішінде, академиялық еркіндік, онда олар бәсекеге қабілетті мамандар даярлайтын болады. Егер мен ҚазМУ, АМУ немесе басқа да ЖОО-ға түсетін болсам, онда оқуды аяқтаған соң суперқажетті маман боламын. Ал егер біз жоғары оқу орындарына академиялық еркіндік беретін болсақ, менің ойымша, 5, 10 жылдан кейін біз динамика көретін боламыз, оның ішінде, экономика жағынан да...», «...академиялық еркіндік беру және ертеңгі күні мықты маман болатын бәсекеге қабілетті студенттер даярлау мүмкіндігін беру, осыдан басқа ештеңе керек емес. Мемлекет бақылауды азайтуы керек» (Э. Карманова, «Комунити» қорының қамқоршылық кеңесінің төрайымы).

7. Еңбек нарығы және жастардың дағдылары

Еңбек нарығы үнемі жаңа және сұранысы бар мамандықтармен толықтырылып отырады. Болашақ мамандықтар көрінісін цифрландыру айқындайды және әлі де айқындайтын болады, ол бүгінде қызметтің барлық саласына енгізіліп келеді.

Сарапшылардың пікірінше, ресурстық экономиканы құру үшін қажет болған экономиканың дәстүрлі өндіруші салалары біртіндеп жойылып кетеді. Сонымен

қатар бірқатар мамандық автоматтандырудың жоғары тәуекеліне ұшырайды (мысалы, бухгалтерлер).

Сарапшылардың көпшілігі ІТ саласындағы мамандықтар мен техникалық мамандықтар (өзірлеушілер, машиналық оқыту және робототехника саласындағы мамандар, креативті салалардың мамандары) ең танымал болады деп санайды. Сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар мамандықтар (дәрігерлер, мұғалімдер) өз дағдыларын үнемі жетілдіріп, өзгертін жағдайларға бейімделіп отырған жағдайда сұранысқа ие болады.

«Менің ойымша, бұл ІТ, жасампаздық саласындағы адамдар. Себебі біз пайдалы қазбаларды өндіріп жүрген кезде қажет болған мұнайшылар, геологтар, өнеркәсіпшілер заманындағы ресурстық экономика, өткеннің еншісінде қалуы мүмкін» (А. Баймұқанов, Солтүстік Қазақстан облысы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары).

«...қазір бухгалтер мамандығы қажетті шығар. Бірақ болашақта тізімдеме жүргізу мен жалақыны есептеу, қандай шығындарды салу және аудару қажет екенін компьютерлік технологиялар жүзеге асыратын болады. Бухгалтер мамандығы бұдан былай қажетсіз болуы мүмкін. Ал мұғалім де бірегей болуы мүмкін, бірақ ол өздігінен білім алып, дамып, әмбебап болуы керек шығар» (Р. Сейсемалиев, Қазақстандағы ЮНФПА атқарушы өкілі).

«Дабл сайн, ритер сайн, машиналық оқыту, робототехника, экономика, осылар басымдық ететін сияқты. Менің ойымша, жақын арада, математикаға, бағдарламалауға байланысты барлық нәрсе өзекті болады» (А. Құсманов, Экономикалық зерттеулер институтының Талдау орталығы басшысының орынбасары).

«Әрине, процестерді жеңілдететін, процестерді автоматтандыратын немесе адамдардың өмірін жеңілдететін немесе оны сәнді ететін кейбір шешімдер мен өнімдерді жасайтын мамандықтар танымал және сұранысқа ие болады. Бұл инженерлік мамандықтар, математика, барлық нақты ғылымдар, олар қазір үздік мамандықтар қатарында, бұл ұзақ мерзімді тренд деп ойлаймын» (И. Медникова, «Қазақстан» жастар ақпараттық қызметі қамқоршылық кеңесінің басшысы).

Қазіргі уақытта, сарапшылардың пікірінше, еңбек нарығы кең профильді мамандармен қаныққан. Болашақта сұраныс тар шеңберлі мамандықтарға бағытталатын болады.

«...заңгер немесе экономист болу керек деген үрдіс болды және әлі де жалғасып келеді, өйткені аға буын жас ұрпақты тәрбиелейді және ешкім сізге медициналық инженерия жолымен жүр деп кеңес бермейді. Қазақстанда медициналық жабдықты жөндей алатын мамандар өте аз. Бүкіл ел бойынша саусақпен санарлық. Ешқандай ата-ана баласына осындай тар шеңберлі мамандыққа оқы деп кеңес бермейді, өйткені ертеңгі күні жұмыс табу қиын болуы немесе басқа да мәселелер туындауы мүмкін. Меніңше, қазір жастар арасында қандай да бір тар шеңберлі мамандықты таңдаудан қорықпауды насихаттауға болады. Алған бетінен тайынбау керек. Менің ойымша, бұл жас маманның еңбек нарығындағы позицияларын айтарлықтай жақсартатын сияқты» (Д. Абуова, сарапшы, ҚР Парламенті Сенатының жанындағы Талдау мектебінің түлегі).

Еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік дағдылар жиынтығына байланысты – софт скиллс (икемді) және хард скиллс (қатаң). Жұмсақ дағдылар кез-келген салада пайдалы, өмірлік мәселелерді шешуге және басқа адамдармен жұмыс

істеуге көмектеседі және эмоционалды зиятпен байланысты. Хард скиллс нақты тапсырмаларды орындау үшін қажет, оқу процесінде қалыптасады және техникалық білімге негізделген.

«...Еуропа мен Орталық Азия өңірінде тұратын жасөспірімдер мен жастарға бастапқы жұмыс табу, жұмыста ілгерілеу, кәсіпкерлікпен айналысу және өмір сүру жағдайларының өзгеруіне төтеп беру үшін дағдылардың интеграцияланған пакеті қажет болады. Оған негізгі (базалық) дағдылар кіреді (синонимдер: өмірлік/софт) дағдылар; цифрлық дағдылар, нақты кәсіби дағдылар» (А. Қадырова, ЮНИСЕФ «Жасөспірімдер мен жастарды дамыту» бағдарламасының үйлестірушісі).

Зерттеу нәтижелері бойынша сарапшылар көбінесе жастарға икемді қүзіреттіліктер қажет - сыртқы әлем және қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау, өзін-өзі көрсете білу, өз мақсаттарын тұжырымдай білу немесе түсіну қабілеті.

«...жақсы сапалы білімге, инфрақұрылымның түрлі әлеуметтік, мәдени, спорттық объектілеріне қол жеткізе алмайтын немесе әрең қол жеткізетін жастар, қазіргі адамға қажет заманауи өмірлік дағдыларды қажет етеді. Бұл, ең алдымен, сыртқы әлеммен және қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау, өзін-өзі таныту, өз мақсаттарын тұжырымдау немесе түсіну қабілеті» (С. Бейсембаев, «PaperLab» зерттеу орталығының басшысы).

Сарапшылардың пікірінше, командада жұмыс істей білу – бүгінгі таңда жұмыс берушілер талап ететін дағдылардың бірі.

«...еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие, бірақ жастардың бойында аз табылып жүрген қабілет – командада жұмыс істеу қабілеті. Жастар дарашыл болғандықтан, әркім тұлға ретінде ерекшеленгісі келеді. Міне, сол себепті, жастарға командада жұмыс істеу қиындап келеді. Мәскеу жоғары экономика мектебінің мәліметтері бойынша, профессорлар студенттердің жұмыс топтары 3 адамнан жұмыс істеген кезде ғана мүмкін болатындығын байқаған. Топта үш адамнан артық болған жағдайда, онда шиеленіс туындап, топ тарап кетіп отырған» (И. Медникова, «Қазақстан» жастар ақпараттық қызметі қамқоршылық кеңесінің басшысы).

«...жастар эмоционалды зиятты дамытып, командада жұмыс істей білуі керек. Өйткені ол топта жұмыс істей алмайды, сондықтан ол қанша жерден ақылды, білімді болса да, ешкім жұмысқа алмайтын болады. Өйткені бұл топтық жұмыс. Жүз жерден данышпан болса да, ол жалғыз ештеңе бітіре алмайды» (Э. Карманова, «Комунити» қорының қамқоршылық кеңесінің төрайымы).

Қарым-қатынас дағдылары немесе тиімді қарым-қатынас жасау қабілеті – жас адамның кәсіби және жеке саладағы жетістігін анықтайтын маңызды фактор. Сарапшылар бүгінде жастар уақытының көп бөлігін әлеуметтік желілерде өткізетінін, бұл тірідей жеке қарым-қатынасты алмастыруға және коммуникативті әлеуетті төмендетуге әкелуі мүмкін екенін айтты. Орта білім беру жүйесі мен жастар ұйымдары арқылы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру маңызды.

«...жастар ортасы өте агрессивті, әсіресе белгілі бір өмір салты бар белгілі бір жерлерде. Онда жастардың бір-бірімен келіссөздер жүргізе білуі, дау-дамай мен қақтығыстарсыз ортақ тіл таба білуі қажет. Яғни, бұл өмірлік дағдыларды тренингтер, оқыту арқылы үйретуге болады. Нақты айтқанда,

орта білім беру жүйесі, өкінішке орай, оны үйретпейді. Бұл жастар ұйымдары және жастар саясаты басқаратын әртүрлі жастар ресурстарының, орталықтардың жұмысы үшін үлкен алаң» **(С. Бейсембаев, «PaperLab» зерттеу орталығының басшысы).**

«...әлеуметтік медиа жастардың мінез-құлқын біршама өзгертеді, әрбір жас адам, тіпті 3 жастағы бала да телефонда отырады және басқа адамдармен сөйлесуден гөрі телефонда отыруды жөн көреді. Сондықтан жас адамдардың, әлсіресе, коммуникативтік дағдылары нашарлайды. Өкінішке орай, бұл да зерттеу деректері, олардың басқа адамдармен тез және тиімді қарым-қатынас жасау қабілеттері дамымаған, оларға бұл қиынға соғады. Оларға телефон соғу қиын, олар ватсапқа жазады, өйткені олар қоңырау үнінен, бір-бірімен көзбе-көз сөйлесуден қорқақтайды» **(И. Медникова, «Қазақстан» жастар ақпараттық қызметі қамқоршылық кеңесінің басшысы).**

Сонымен қатар сарапшылар шешендік қабілеттерін дамытудың және еңбек нарығында өзін тиімді көрсете білудің маңыздылығын атап өтті.

«...өте маңызды дағдылардың бірі – шешендік өнер, өзін көрсете білу. Егер біз мектеп туралы кез-келген американдық фильмдерді еске түсіретін болсақ, онда басты кейіпкер бала немесе басты кейіпкердің балалары әрдайым мектепте бірдеңе таныстырып жүргенін көреміз. Балабақшадан бастап әрқашан бірге бір нәрсені таныстыруға мүмкіндік бар. Сіз аула сыпырушы, жазушы немесе инженер болуыңыз мүмкін. Әрине, дизайнер немесе белсенді болсаң да, өзін-өзі танытып, бақытты болуы үшін маңызды дағды» **(Э. Карманова, «Комунити» қорының қамқоршылық кеңесінің төрайымы).**

Сонымен қатар сарапшылар тілдерді білуді ұсынады, бұл еңбек нарығында мамандардың қажеттілігін арттырады. Атап айтқанда, үштілділік болашақта ерекше танымал болады.

«Меніңше, елімізде тілдерді оқыту мәселесі өте маңызды. Барлығы бірдей орыс тілін білмейді, мысалы, шағын қалаларда олар тек қазақ тілін немесе тек орыс тілін біледі және оларға бағдарлану қиын. Ағылшын тілі де үлкен мәселе. Бәсекеге қабілеттілік үшін, ең алдымен, балалардың тілдерді білуін, демек, сапалы білімге қолжетімділікті талап ету керек» **(Д. Абуова, сарапшы, ҚР Парламенті Сенатының жанындағы Талдау мектебінің түлегі).**

«...алғашқыда НЗМ-де үш тілділікті – қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде оқытуды енгізу әрекеті болды. Бірақ тек НЗМ-да ғана. Басқа мектептерде бұл тәжірибе аса көп қолданылмайды. Меніңше, тілдер бойынша әмбебаптылық болуы керек. Яғни, ағылшын, қазақ және орыс тілдері. Біздің болашақ ұрпағымыз үш тілді бірдей еркін меңгерсе, жақсы болар еді» **(Р. Сисемалиев, Қазақстандағы ЮНФПА атқарушы өкілі).**

Сонымен қатар сарапшылар оқу дағдылары мен қызығушылығын қалыптастыру – табысты тұлға, бәсекеге қабілеттілік және қазіргі қоғамда өзара әрекеттесу үшін негізгі дағдылардың бірі екенін атап өтті. Төменгі сыныптардан бастап оқуға деген сүйіспеншілікті ояту маңызды. Әдебиетке қолжетімділікті арттыру үшін аз қамтылған адамдарға арналған тегін кітап сертификаттары түріндегі бастамалар және кең ақпараттық жұмыс қажет.

«...Қазақстанды оқырман елге айналдыру маңызды. Кітаптарды орыс, қазақ, ағылшын тілдерінде, балабақшада, мектепте оқу. Конкурстар ұйымдастырып, кітаптар сыйлап, осыларды қайтадан сәнге айналдыру керек.

Мемлекеттік деңгейде дәріптеген жөн. Адамдар кітап оқып, ләззат алатын болуы керек. Әрине, кітаптар көптеген маңызды қасиеттерді қалыптастырады. Сол эмоционалды зияттан бастап, оқып, күрделі сюжетті тұғыну. Қазіргі заманғы 20-21-ші ғасырдың әдебиеті бөлек бағдарлама. Бізде балаларға көмектесетін түрлі бастамалар бар. Ауыл балаларына түрлі шаралар ұйымдастырайық, интернет арқылы кітаптар тапсырыс бере алатындай сертификаттар сыйлайық. Керемет кітаптар таңдап, тапсырыс беретіндей мүмкіндік болуы керек. Өйткені, Гарри Поттер өте қымбат кітап екенін білесіздер. Әрбір бала сатып ала алмайды, ал кітап алатын сертификаттар осыған мүмкіндік берер еді» (Э. Карманова, «Комунити» қорының қамқоршылық кеңесінің төрайымы).

Сонымен, цифрлық трансформация адамдардан жаңа дағдылар мен қызығушылықтарды, жаңа технологияларды күнделікті өмірде қолдануға дайын болуды талап етеді. Цифрлық экономика жағдайында орта білім беру жүйесінде ерте жастан қалыптасуы тиіс компьютерлік сауаттылық кәсіби дағдылардың ажырамас бөлігі болып қала бермек.

«...барлық жастар дерлік компьютерлік техниканы қолдана білуі керек. Қазір барлық жерде қажетті дағды десек те болады. Барлық жастар жаппай қолданатын болады деп үміттенемін. Компьютерлік сауаттылықты мектептің бірінші, тіпті бастауыш сыныптарынан бастап сіңіру керек» (Р. Сисемалиев, Қазақстандағы ЮНФПА атқарушы өкілі).

8. Ақпараттандыру және жастармен жұмыс

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен таралуы жағдайында Интернет жастар өмірінде қарым-қатынас құралы, ақпарат көзі, бос уақытты өткізу тәсілі, тауарлар мен қызметтерді сатып алу құралы ретінде ерекше рөл атқарады.

Сонымен қатар қазіргі сын-қатерлер мемлекетке өзекті міндет қояды – жастар ортасындағы идеологиялық жұмыс жүргізу, өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу жүйесін жетілдіру міндетін жүктейді. Сарапшылардың айтуынша, идеологиялық жұмыс мемлекеттік насихатпен теңестірілмеуі керек. Бірқатар сарапшы мемлекет идеологиясы ұғымын қайта қарау маңызды екенін айтты, өйткені қазіргі кезде жастарға қатысты қабылданатын шаралар тар бағытта және төмен тиімділікпен ерекшеленеді.

«...ең бастысы, мемлекеттік жұмыс насихаттау сияқты көрінбеуі керек, оны мемлекет жасап жатқаны байқалмауы керек» (И. Медникова, «Қазақстан» жастар ақпараттық қызметі қамқоршылық кеңесінің басшысы).

«...мемлекеттің идеологиялық жұмысы қайта қарастыруды қажет етеді. Біз мемлекеттік идеологияның не екенін білмейміз. Егер ресми құжатқа қарайтын болсақ, онда бұл әдемі сөздер жиынтығы, бірақ іс жүзінде оны жұмыс құралдары мен нақты жобаларға айналдыру өте қиын. Қазір бәрі әртүрлі ақпараттық-насихаттық материал мен спорттық-мәдени іс-шараға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты таратуға айналып келеді. Бірақ бұл идеологиялық жұмыс па, жоқ па, оны ешкім айта алмайды. Сондықтан мен де осы жерде жастармен идеологиялық жұмыс жүргізу қажеттігі туралы жалпы көзқарасты қайта қарауды ұсынар едім» (С. Бейсембаев, «PaperLab» зерттеу орталығының басшысы).

Бұл ретте, сарапшылар атап өткендей, жастармен жұмыс көбінесе ақпараттық-ағартушылық қызметке бағытталуы тиіс, бұл жастарды әлеуметтендірудің және оларды қоғамның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени даму процестеріне тартудың маңызды құралы болып табылады. Сарапшылардың пікірінше, жастарға арналған ақпарат білім беру сипатында болуы керек, азаматтардың құқықтары мен міндеттері, қауіпсіздік, қоғамдық-саяси өмірге қатысу сияқты тақырыптарды ашуы керек.

«Ақпараттандыру мәселелеріне баса назар аударған жөн. Бірақ дұрыс жастарды тәрбиелеу үшін емес, жастардың өз құқықтары, конституциялық құқықтары, саяси құқықтары, білім алу құқығы, қауіпсіздігі, қоғамдық-саяси өмірге қатысу құқығы туралы жақсы білетін болуы үшін ақпарат беру. Бізде үлкен проблема бар – бұл гендерлік зорлық-зомбылық, жыныстық зорлық-зомбылық, әсіресе жасөспірім қыздар, бірақ жігіттер де зардап шегеді. Сондай-ақ, бұл мәселе айтылмайды, бұл жерде ақпараттандыру жеткіліксіз. Жастарымыз өзі мен айналадағылар арасындағы шектерді нашар түсінеді» (С. Бейсембаев, «PaperLab» зерттеу орталығының басшысы).

«...бірдеңе жасап жатқан ел, бірдеңе орындап жүрген мемлекет, оларды бағалайтын, құрметтейтін қоғам бар екенін көрсету керек» (М. Сүлейман, «Фридрих Эберт» қорының ғылыми қызметкері).

Жастардың қажеттіліктері мен мүдделеріне сүйене отырып, елдегі медиа кеңістікте және ақпараттық қызметтерде ұсынылатын материалдың сапасына баса назар аударған жөн. Интернетте жастар контентін құру жастарды қоғамдық қызметке тарту және жеке тұлғаны жан-жақты дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі пәрменді құралдардың бірі болуы мүмкін.

«...сапалы аудио және бейнероликтер мен жазбалар шығуы тиіс, онда жаңа дүниелер көре алатын болуы керек, Қазақстан бойынша ең болмаса онлайн саяхат жасап, сол арқылы Отанға деген сүйіспеншілікті оятып, жастарға саясат туралы емес, елі туралы айту, мысалы, билік туралы емес, мемлекет туралы, оның тарихы туралы, ел туралы айту» (А. Баймұқанов, Солтүстік Қазақстан облысы Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары).

«...біз сапалы мазмұнды белгілеуіміз керек. Біз барлығымыз сапаға, содан кейін санға ұмтылуымыз керек... адамдар біздің арналарды, әртістерді, қазақстандық ютуберлерді көргісі келетін осындай бәсекеге қабілетті тарихты құруы керек. Сапалы мазмұн жасау керек, бірақ бұл эволюциялық жол болмақ. Біздің эстрадаға қараңыздар, бастапқыда қазақстандық әртістердің бейнебаяндары, әндері қандай еді, олар бірте-бірте дамып, қазір әжептәуір жақсарды, бәріне де уақыт керек» (Э. Карманова, «Комунити» қорының қамқоршылық кеңесінің төрайымы).

Бұл ретте жастар аудиториясына жіберілетін ақпараттың өзі қарапайым және қолжетімді тілде баяндалуы тиіс. Күрделі терминдер мен ұғымдарды түсінікті және қызықты етіп ұсыну маңызды.

«...жастар тілі маңызды. Себебі мемлекет өз өнімін жасаған кезде оның мемлекеттік тілі бар, сәл бюрократиялық, ересек. Жастармен жастар тілінде сөйлесу керек, жартылай бала, жартылай ересек, ол қарапайым болуы керек. Жастарға бәрін қарапайым тілмен түсіндіру керек. Бұл оларды ақымақ дегеніміз емес, тек оларға нақты түсіндіру керек. Шындығында, олар өте ақылды, оларды алдай алмайсың. Сондықтан терминдерге, сөз орамдарына

толы, ауыр ақпараттық бағдарламалардан аулақ болған жөн» (И. Медникова, «Қазақстан» жастар ақпараттық қызметі қамқоршылық кеңесінің басшысы).

«Менің ойымша, басты проблема – ресурстар бар, өкілдік бар, бірақ қарапайымдылық жоқ, түсінікті тіл жоқ. Егер осы жағы реттелсе, онда жұмыс әлдеқайда тиімді болады және жастар, ең болмағанда, мемлекеттік жастар саясаты деңгейінде хабардар болар еді, бұл бірінші мәселе. Екіншіден, жастар конкурстарға, қандай да бір жобаларға және тағы басқа шараларға көбірек қатысатын еді» (Д. Абуова, сарапшы, ҚР Парламенті Сенатының жанындағы Талдау мектебінің түлегі).

Жастардың өз проблемаларын шешуге қатысуын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік желілерде жастар ұйымдарының қатысуын арттыру өзекті мәселе болып қала береді. Әдетте, жастар бірлестіктері қоғамның әлеуметтік инфрақұрылымының маңызды элементі ретінде әрекет етеді, оның қызметі білім беру, жұмысқа орналасу, бос уақытты өткізу, тұрғын үй проблемаларын шешу, саясат, мәдениет, спорт, әлеуметтік қолдауды қамтиды.

«Әлеуметтік желілерде жастар ұйымдарының қатысуын арттыру қажет. Парақшаларды қарапайым және қолжетімді тілде жүргізу. Түрлі интерактивті байқаулар мен іс-шаралар ұйымдастыру. Осылайша жастардың дұрыс идеологиялық құндылықтарын көрсетуге болады» (Д. Абуова, сарапшы, ҚР Парламенті Сенатының жанындағы Талдау мектебінің түлегі).

Сонымен қатар сарапшылар айтып өткендей, жастар саясатын ақпараттық қолдауды жүргізу кезінде материалдарды орналастыру үшін отандық цифрлық платформаларды іске қосу маңызды.

«...мемлекеттік орган бізде қазақстандық интернет бар екенін еске түсіруі керек. Егер мемлекет Қазнетті пайдалана бастаса, онда Қазнет тартымды бола түсер еді. Ал ол қолданбайды. Олардың аккаунтары қайда? Твиттер, Ютуб, Инстаграм. Бұлар америкалық әлеуметтік желілер. Яғни, олар мұны Ювижион, Айтюб желілерінде жасайды. Негізінде бұл бақыланбайтын процесс, бірақ егер мемлекет мұны қандай да бір дәрежеде арттырғысы келсе, онда ол аудиториямен емес, қазақстандық интернетпен айналысуы керек» (М. Шибұтов, «Халықаралық әлеуметтану және саясат институты» қоғамдық қоры директорының орынбасары).

Сарапшылардың пікірінше, келіп түсетін ақпараттың көптігіне және ақпараттық қоғамға көшуіне байланысты, отбасылық және мектептегі тәрбие міндеті болуы тиіс медиабілім өзекті мәселе болып отыр. Медиа-білім медиамен қарым-қатынас мәдениетін, шығармашылық қарым-қатынас қабілеттерін, сыни ойлауды, медиамәтіндерді толық қабылдау, талдау және бағалау қабілеттерін қалыптастырады. Осы процестің нәтижесінде алынған медиа-сауаттылық адамға ақпараттық өрістің мүмкіндіктерін және өзінің ақпараттық қауіпсіздігін белсенді пайдалануға көмектеседі.

«Менің ойымша, біз балаларға Интернеттегі ақпаратты дұрыс сұрыптауға үйретуіміз керек. Барлық адамдар, жастар мен ересектер, ненің жақсы, ненің жақсы ненің жаман екенін білуі керек. Егер адамдар осыны білетін болса, онда олар ақпаратты өздері сараптай алатын болады» (А. Құсманов,

**Экономикалық зерттеулер институтының Талдау орталығы
басшысының орынбасары).**

IV. ҚОРЫТЫНДЫ

Осы зерттеуде жастар арасында бұқаралық сауалнама жүргізу және сарапшылардан сұхбат алу әдістерін пайдалана отырып, өмірдің түрлі аспектісі бөлінісінде Қазақстан жастары дамуының ағымдағы жай-күйіне талдау жүргізілді және мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар әзірленді.

Біріншіден, өмір сапасына қанағаттану дәрежесі және жастардың әлеуметтік өзсезінімі сипаттамасы бойынша тенденциялар қарастырылды.

Зерттеу көрсеткендей, жастардың өмірге қанағаттану деңгейі жоғары деңгейде, *респонденттердің 90%-дан астамы өз өміріне қанағаттанатынын айтты (ұқсас индикатор 2021 жылы 89,8% деңгейінде болды)*. Белгілі бір аймақтық ерекшелік арнайы бөлімде және жастармен жіктелген тікелей мәселелерді ескере отырып көрсетілген.

Сонымен қатар сараптамалық сауалнаманың деректері қазіргі жастардың негізгі проблемалары әлеуметтік-экономикалық жағдайға қанағаттанбау екенін көрсетеді. Білім деңгейінің төмендігі, жұмыссыздық немесе лайықты жалақы алу мүмкіндігінің болмауы және тұрғын үй жағдайының нашар болуы наразылық тудырады. Мұның бәрі әділетсіздік пен әлеуметтік теңсіздік сезімін күшейтудің негізі мен себебі саналады.

Әрбір бесінші респондент несие, қарыз, микрокредит төлеуге қаражаттың жетіспеушілігі проблемасын айтты. 14,7% респондент отбасының дұрыс тамақтануы үшін азық-түлік сатып алу проблемасы барын айтты. Бұл нұсқа бойынша жас аналар, мүмкіндігі шектеулі жастар және NEET санатындағы жастар арасында көрсеткіштер жоғары.

Бұл ретте жастар белгілі бір игіліктермен қамтамасыз етілуі деңгейі айтарлықтай жоғары: 98,4% – смартфон, 92,5% – Интернетке тұрақты қолжетімділік, 66,4% – ноутбук/компьютер бар. Жастардың болашаққа деген көзқарасы бірдей оптимистік және сабырлы. Бұл жағдайда кіші жас тобы өз үмітінде барынша оптимизм танытты.

Тұрғын үй жағдайын жастар жақсы және қанағаттанарлық деп бағалайды, алдағы екі жылда жастардың 22,8% осы мәселені жақсартумен айналысуды жоспарлап отыр. Тұрғын үй жағдайын жақсартудың негізгі тәсілдері меншікті қаражатты, ипотекалық қарызды және туыстарының көмегін пайдаланумен байланысты. Респонденттердің 3,6% ғана мемлекеттік бағдарламаларға қатысу туралы пікір білдірді.

Осылайша, жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын білім беру, тұрғын үйдің қолжетімділігі, табыс деңгейінің өзекті мәселелерін ескере отырып, көптеген жас азамат жоғары деңгейде бағалайтыны туралы гипотеза расталады.

Екіншіден, жастардың денсаулығы, сондай-ақ олардың бос уақытын ұйымдастыру бойынша негізгі үрдістер зерделенді.

Жастар денсаулық жағдайын өте жоғары бағалады. Бұл жағдайда ең көп кездесетін проблемалар қатарына нашар көру қабілеті жатады.

Жастар салауатты өмір салтының маңыздылығын түсінеді, бірақ оны әрдайым ұстана бермейді. Негізгі жаман әдеттер ұйқыға кеш жату, фаст-фудты артық тұтыну және әлеуметтік желілерде және видео ойындарда көп уақыт өткізумен байланысты. Бұл ретте, кіші жас тобына (14-18 жас) назар аудару қажет, өйткені респонденттердің бағалауы бойынша осы топтағы жастардың 50%-дан астамы әлеуметтік желілерде көп уақыт өткізеді.

Жастар денсаулықты сақтау керек екенін түсінеді, бұл ретте таза ауада серуендеуді денсаулықты сақтаудың ең танымал әдісі ретінде келтіреді. Бұл ретте әсері жоғары белсенді денсаулық қолдау шараларын жастардың тек үштен бір

бөлігі атап өтті. Бұл мәселеде жасына, мәртебесіне байланысты дене шынықтырумен жиі айналысатын және ұйқы режимін сақтайтын оқушылар ерекшеленеді.

Жастардың өзін-өзі бағалауы бойынша, негізінен ауыр психологиялық жағдайларға тап болмағаны оң факт саналады. Бұл жас респонденттер осындай проблемаларды өздері немесе жақындарының көмегімен шешуге тырысатынымен байланысты болуы мүмкін. Осы тұрғыда, зерттеу көрсеткендей, психологиялық проблемалардың шешімін табу үшін жастарда интернет–ресурстарды пайдаланудың маңыздылығын арттыру әлеуеті бар (бұл жастардың үштен бір бөлігін білдіреді).

Зерттеу көрсеткендей, жастардың репродуктив денсаулық туралы хабардар болу деңгейі төмен және тек Интернеттен немесе достардан алынған жалпы ақпаратпен сипатталады. Бұл мәселе әсіресе төменгі жас тобында (14-18 жас) және ауыл жастарында өзекті.

Жастардың дене шынықтыру мен спортқа деген көзқарасы оң, бірақ 39,1% жастар спортпен шұғылданбайды немесе ара-тұра шұғылданады. Бұл мәселе, әсіресе, мектеп оқушыларына немесе студенттерге институциялық әсер ету мүмкін болмайтын үлкен жас тобы (24-28 жас) үшін өзекті.

Негізгі себеп – жалқаулық және уәждеменің болмауы, содан кейін респонденттер спорт кешендері мен фитнес-орталықтарға абонементтердің жоғары құны туралы айтты.

Бос уақытты жастар қандай да бір дәрежеде жүзеге асыратын төрт түрлі модельге бөлуге болады.

Бірінші модель – күнделікті мүдде моделі, бос уақытты өткізудің әдеттегі, жалпыға қолжетімді түрлерімен тікелей байланысты адамдардың қалауын құрылымдайды. Бұл, ең алдымен, отбасымен, достарымен уақыт өткізуді қамтиды. Бұл модель зерттеу аясында зерделенген жоқ, бірақ оны жастар арасында кең таралған деп санаймыз.

Екінші модель әдеттегі қалаулардан гөрі зияткерлік қалауды құрылымдайды. Олардың қызығушылықтарының міндетті компоненттері – музыка, оқу, театрларға, музейлерге бару және т.б., сондай-ақ өздігінен білім алуға ұмтылу, зияткерлік әлеуетін арттыру. Зерттеу көрсеткендей, мұндай тәжірибе жастар арасында аса кең таралмаған (респонденттердің жартысына жуығы ондаймен ешқашан айналыспағанын айтты). Респонденттердің 10,9% ғана тұрақты кітап оқитынын айтты.

Үшінші модель адамның іс-әрекетке дайындығымен тікелей байланысты. Бұған спорт, волонтерлік қызмет кіреді. Бұл модель спортпен шұғылдану саласында белсенді жүзеге асырылады және сонымен қатар, әсіресе қоғамдық ұйымдардың қызметіне қатысу бағытында танымал болуды қажет етеді.

Төртінші модель салыстырмалы түрде жақында пайда болды және негізінен заманауи технологиялар мен Интернетке байланысты. Зерттеу көрсеткендей, дәл осы модель жастар арасында ең танымал.

Жалпы, зерттеу гипотезасы жастар қазіргі денсаулық жағдайына қанағаттанады, сонымен қатар бос уақытын пайдалы өткізу үшін жағдай жасалған деген гипотеза расталады.

Үшіншіден, жас қазақстандықтардың құндылық бағдарлары мен мүддесі зерделенді. Жастардың негізгі құндылық бағдарлары, ең алдымен, бейматериалдеп сипатталады. Жастар үшін ең маңызды құндылықтар: отбасы (83,3%), денсаулық (64,2%), достық (40,7%). Материалдық қамтамасыз етілген өмір респонденттердің 39,3% үшін ең басым құндылықтардың бірі саналады.

Жастар арасында кең таралған тренд – салауатты өмір салтын ұстану (23,3%). Әрбір бесінші (22,4%) респондент фрилансингті тренд ретінде айтты. 21,4% қарқынды өмір салтын көрсетті. Алғашқы бестік қатарына диджиталдану,

цифрландыру, технологияларды дамыту (19,4%) және кедейлер мен байлар арасындағы алшақтық (19,2%) кірді. Бір айта кетері, жастар атап өткен трендтер ағымдағы жылы өзгерген жоқ, өткен жылмен салыстырғанда басымдық реті аз ғана өзгерді.

Жастардың сенім радиусына үш негізгі санат кіреді: ғалымдар (18,2%), дәрігерлер (16,4%) және билік өкілдері (14,7%). Бұл мәселеде блогерлер, вайнерлер, тикторкерлер (8,3%), саяси партиялардың көшбасшылары (7,4%), дін қайраткерлері (7,3%), спортшылар (5,5%), бизнесмендер (4,2%) ықпалы аз болды. Бұл ретте, «Сіз кімнің пікіріне сенім артасыз?» деген сұраққа ең көп айтылған жауап – ондай адамдар жоқ деген нұсқа болды (42,4%).

Қазақстандық жастардың басым көпшілігі (85,3%) орыс тілін қандай да бір дәрежеде меңгерген. Қазақ тілін меңгеру деңгейі біршама төмен – 69,1%. Ағылшын тілін тек 12,6% меңгерген.

Қазақстандық жастардың діншілдік деңгейінің өз ерекшелігі бар, ол бір жағынан дінді құндылықтар жүйесінде тек 8-ші орынға (18,1%) қояды, ал екінші жағынан жекелеген топтар үшін дін мен діннің маңыздылығы артып келеді, бұл бөлімде ол егжей-тегжейлі көрсетілген. Бұл ерекшелік өте қызықты және этностық, елді мекен түрі (қала/ауыл), жынысы, тұрғылықты жері, діні бойынша діншілдік корреляциясында көрінеді. Сонымен, дінге белсенді сенушілердің арасында көп болмаса да, ер адамдар басым. Орыс этносы өкілдерінің діншілдік деңгейі айтарлықтай төмен.

Діни тәрбиенің негізгі агенті – отбасы. Бұл ретте, діни сенімді қалыптастырудың өңірлік ерекшелігі, әсіресе, бұл арнайы әдебиетті, интернет-ресурстарды пайдалануға, діни қызметшімен әңгімелесуге қатысты болғанда өзіне назар аудартады.

Осылайша, *қазіргі жастар үшін ең алдымен рухани және бейматериал құндылықтар – отбасы, денсаулық, достық, махаббат.*

Сонымен қатар сарапшылар қазақстандық жастарға қауіпсіздік, әл-ауқат, сондай-ақ өзгерістерге ашықтық сияқты дәстүрлі құндылықтар тән екенін айтты. Соңғысына таңдау еркіндігі мен өзін-өзі тануға деген ұмтылысты жатқызуға болады.

Сонымен қатар сарапшылар жастар арасында даму құндылықтарын – жеке өсу, тұрақты білім алу және т. б. көбірек айтып, танымал ету қажетін атап өтеді. Сонымен қатар материалдық құндылықтардан бөлек өзін-өзі таныту құндылықтары маңызды болғанда жастардың құндылық бағдарлары мен қалауы траекториясы өзгереді.

Төртіншіден, жастарды жұмыспен қамтудың өзекті мәселелеріне талдау жасалды.

Жастар жұмысқа тұру мүмкіндігі шынайлығын бағалауы: 13,5% - жұмыстын оңай табатынына сенімді, 36,2% – оны мүмкін санайды.

Жұмыс орнын таңдаудағы басты фактор – материалдық құраушы (62,0%), үштен бірі кәсіби өсудің маңыздылығын айтты. Респонденттердің үштен бірі үшін әрі қарай білім алу да өзекті. Сонымен қатар басты уәждеме негізінен мансаптық, кәсіби өсумен байланысты.

Жастар арасында жұмыс іздеудің ең тиімді әдісі – әлеуметтік байланыстарды пайдалану. Зерттеуде, респонденттердің пікірінше, мемлекет бастамашылық еткен жастарды жұмыспен қамту механизмдерінің тиімділігі төмен деңгейде екенін анықтады: жұмыспен қамту орталықтарына, enbek.kz сайтына жүгіну және бос орындар жәрмеңкелері.

19% респонденттің кәсіпкерлік қызмет тәжірибесі бар. Сауалнамаға қатысқандардың үштен бірі кәсіпкерлікпен айналысқысы келеді.

Сонымен бірге сарапшылар мүмкіндіктер теңсіздігі жастардың еңбек құндылықтарын қалыптастыруда із қалдырады деп санайды. Еңбек нарығында

қиындықтарға тап болған жастар меритократия қағидаттарын елемеуге кезігеді, бұл қазіргі әлеуметтік лифтілердің тиімсіздігі проблемасын ушықтырады.

Сондай-ақ сарапшылар еңбек нарығы үнемі жаңа мамандықтармен толықтырылып отыратынын айтты. Бұл ретте экономиканың дәстүрлі өндіруші салалары болашақта өз қажеттілігін жоғалтатын болады. Болашақ кәсіптерінің ландшафтын өндірісті цифрландыру және автоматтандыру айқындайтын болады.

Ең танымал мамандықтар ІТ саласындағы мамандықтар мен техникалық мамандықтар болады. Бұл ретте әлеуметтік маңызы бар жұмыс орындары өзгеретін жағдайларға бейімделу үшін өз дағдыларын үнемі арттыруды қажет етеді.

Кең бейінді мамандарға шамадан тыс көбейіп кетуі – Қазақстан еңбек нарығының әлсіз тұсы. Жастарға икемді дағдыларды – сыртқы және қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау, өзін ұстай білу, мақсаттарын тұжырымдай білу және түсіну қабілеттерін дамыту қажет. Бүгінгі таңда жастар үшін қоғаммен тиімді қарым-қатынас жасау маңызды дағдыға айналып келеді. Еңбек нарығында командада жұмыс істей білу, шешендік қабілеттер, тіл білу, оқуға және өз бетінше білім алуға деген қызығушылық та бағаланатын болады.

Қазіргі цифрлық сауаттылық деңгейі азаматтарға жоғары технологиялық ортада өмір сүру мен жұмыс істеудің артықшылықтарын пайдалануға мүмкіндік бермейді. Бұл өз кезегінде бүкіл елдің тиімді цифрлық трансформациядағы мүмкіндіктерін шектейді және әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктің түйінді проблемаларын тереңдетеді.

Бесіншіден, жастардың қоғамдық-саяси көңіл-күйі зерделеніп, жастардың қоғамдық-саяси процестерге қатысу деңгейі айқындалды. Жастардың қоғамдық-саяси көңіл-күйі қалыпты деп сипатталады, бірақ батыс аймақтарда айқын көрінетін наразылық әлеуеті бар.

Қазақстандық жастар саяси жаңалықтар мен оқиғаларға қызығушылық танытпайды. Оның осы салаға деген қызығушылығы негізінен болып жатқан оқиғалардың резонансты болуына байланысты.

Қазақстандық жастар әлеуметтік желілерді белсенді пайдаланады. Ақпараттың негізгі көздері – әлеуметтік желілер, блогтар, мессенджерлер (60,3%), екінші орында қазақстандық БАҚ (36,1%) тұр.

Жастардың басым көпшілігі WhatsApp мессенджерін (92,7%), одан кейін танымал Instagram (85,4%) және YouTube (70,0%) қолданады. TikTok-ты бағалау кезінде жас ерекшелігі көрінеді. Сонымен, бұл әлеуметтік желінің маңыздылығы кіші жас тобы үшін (14-18 жас) – 72,3% (салыстыру үшін: 19-23 жас – 55,6%, 24-28 жас – 46,3%) әлдеқайда жоғары. Telegram мессенджері 5-ші орында болғанмен, оны кіші жас тобы жиі қолданады (14-18 жас – 45,5%; 19-23 жас – 41,6%; 24-28 жас – 39,7%). Facebook желісі, керісінше, үлкен жас тобына бағытталған (14-18 жас – 22,0%; 19-23 жас – 25,9%; 24-28 жас – 27,7%).

Интернеттегі ақпаратқа деген сенім деңгейі негізінен «кейде» жауап нұсқасымен ұсынылған, толық сенетіндер – 10,2%.

Жастардың басым бөлігі жастар ұйымдарының жұмысына және жобаларға қатыспаған (60,7%). Жастар ұйымдарының жұмысына қатысқан респонденттер үлесі – 14,9%, еріктілер қозғалысы – 13,9%. Саяси партиялардың жұмысына қатысқандардың пайызы одан да төмен – 4,7%.

Жастардың волонтерлік жобаларға қатысуының мынадай ерекшеліктері бар: жартысынан көбі қатыспаған, 22,9% – қатысуға дайын екендігін білдірді.

Ең белсенді еріктілер Қызылорда (27,4%) және Атырау (12,7%) облыстарында тұрады; олар көбінесе қалалықтарға (2,4%) қарағанда ауыл жастары (6,2%); жоғары білімі барлар (8,0%).

Болашақта волонтерлік жобаларға қатысуға бағдарланған жастардың үлесі неғұрлым жоғары өңірлер: Ақтөбе (35,2%), Алматы (31,9%), Шығыс Қазақстан облысы (27,2%), Қостанай (27,2%), Солтүстік Қазақстан облысы (26,9%).

Наразылық әлеуетіне қатысты зерттеу әлеуметтік-экономикалық проблемалардың (бағаның өсуі, төлемдердің төмендеуі) наразылық акцияларына себеп болу ықтималдығы жоғары екенін көрсетті. Сонымен бірге ауыл жастары неғұрлым сыни және наразылық акцияларының ықтималдығын қалалықтарға қарағанда жоғары бағалайтынына назар аудартады. Бұл ағымдағы жылы ауыл жастарының наразылық әлеуеті өскенін байқатады.

Есепте жергілікті атқарушы органдардың бақылауында ұстау қажет наразылық әлеуетінің өңірлік көрінісі ұсынылған.

Жастардың жоғары наразылық әлеуеті мен : Қызылорда, Алматы, Атырау облыстары сияқты бірқатар өңірде жаппай наразылыққа қосылуға әзірлігі назар аудартады.

Наразылық білдірудің ең тиімді әдістері – ресми органдарға жүгіну (52,0%) және өтініштер мен петициялар жазу (46,4%). Кейбір аймақта жастардың үлесі өте жоғары, олар үшін наразылықты білдірудің заңсыз тәсілдері қолайлы. «Тіркелмеген немесе тыйым салынған партиялардың, қозғалыстардың, қоғамдық ұйымдардың жұмысына қатысуға» Ақтөбе жастарының 63,7%, Маңғыстау жастарының 39%, Атырау облысы жастарының 38% бөлігі мүмкіндік береді.

Ал санкцияланбаған наразылық акцияларына, митингілерге, пикеттерге, демонстрацияларға келесі өңірлердің жастары қатысуы мүмкін: Маңғыстау (47,6%), Қызылорда (40,0%), Ақтөбе (33,0%) облыстары.

Қазақстанда жастардың құқығын сақтау мәселелері айтарлықтай өзекті емес. Осылайша, жастардың басым бөлігі (78,6%) құқық бұзушылық пен алалауға кезікпегенін айтты.

Алалаудың негізгі себептері қазақ тілін білмеу (6,3%) және этносына (4,3%), сондай-ақ аумақтық мәртебесіне (ауылдан келген) байланысты – 4,3%.

Жастардың басым бөлігі (74,4%) өзінің жеке қауіпсіздігіне сенімді.

Жастардың алаңдаушылығының негізгі себептері жеке деректердің, соның ішінде әлеуметтік желілердің таралуына байланысты.

Жастардың әлеуметтік өзсезініміне әсер ететін факторлардың бірі – қоғамдық-саяси процестер. Жастардың пікірінше, Қаңтар оқиғасының негізгі себебі әлеуметтік-экономикалық проблемалар (47,4%) деңгейінде жатыр. Жастардың үштен бірі үшін (32,3%) бұл экстремистік топтар тарапынан терроризм актісі, 21,7% – мемлекеттік төңкеріс әрекеті жасалды деп санайды.

2022 жылдың қаңтарында митингтерге шыққан адамдардың іс-әрекетін жастар негізінен бейтарап (44,5%) және теріс (37,8%) бағалайды. Тек 15,4% оң баға берді.

Қанды қаңтардың салдарын жастардың көпшілігі теріс бағалайды, өйткені алаңдаушылық сезімі пайда болып, қауіпсіздік сезімі төмендеді (53,0%). Бұл ретте 46,8%-ы «ешқандай әсері еткен жоқпын» және 43,9%-ы «халықпен бірлік пен ынтымақты сезіндім» деген пікір білдірді.

Ресей мен Украинадағы оқиғалар жастарға теріс әсер етті.

44,5% респондент алаңдаушылық сезімін айтты; үштен бірі (32,9%) олардың қауіпсіздік сезімі төмендегені туралы пікір білдірді; 27%-дан астамы билік органдарына деген сенім деңгейінің төмендегенін айтты, 14,8% респонденттерде елден кету туралы ойлары жиіледі.

Қатысудың дәстүрлі емес, бейресми формалары жастар үшін ең қолайлы болып қала береді. Жастар партияларға кіруден, үкіметтік емес ұйымдарда жұмыс істеуден гөрі саяси мақалалар немесе блогтар жазуға, әлеуметтік желілерде қоғамдық маңызы бар материалдар таратуға ынталы. Мүмкін, бұл үрдіс жастар белсенділігінің шамадан тыс бюрократизациясының және «көпшілік көрінісінің» кең таралған тәжірибесінің нәтижесі болған шығар. Демек, қазіргі уақытта жастар институционал қатысу формаларын мойындамайды.

Қазіргі диалог алаңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің жұмысына қарамастан, мемлекеттік органдардың жастармен, әсіресе өңірлерде тиімді өзара іс-қимылының болмауы үрдісі сақталуда.

Жалпы, сарапшылар 2019 жылғы президентті сайлаудан бастап жастар арасында азаматтық белсенділік пен саяси қатысуға деген сұраныс айқын бола бастады деген пікірді бірауыздан қолдады.

Жастардың азаматтық белсенділігі төмен деңгейде екені байқалады, бірақ кейбір наразылық көңіл-күйін көрсету үрдісі де жоқ емес.

Алтыншыдан, жастардың білім сапасына қанағаттану деңгейі анықталды.

Жастардың білім деңгейіне қанағаттануын бағалау тұрақты және 79,3% деңгейінде (2021 жылы 79,5%). Респонденттердің бағалауы бойынша білім беру сапасына қанағаттанудың жоғары деңгейі бар өңірлер анықталды, оған Ақтөбе облысы (98,9%), Қостанай облысы (91,4%), Қызылорда облысы (92,7%), Солтүстік Қазақстан облысы (96,1%) және Нұр-Сұлтан қ. (60,5%), Алматы қ. (62,7%), Маңғыстау облысы (69,5%), Батыс Қазақстан облысы (69,7%) сияқты *білім беру сапасына қанағаттанудың төмен деңгейі* бар өңірлер кірді.

Білім беру деңгейлерінің сапа шкаласы бойынша респонденттер мектептегі білімді колледждер мен жоғары оқу орындарындағы білімге қарағанда неғұрлым жоғары бағалайды деген қорытынды жасауға болады.

Әсіресе бағалар мектеп мұғалімдерінің біліктілігі мен этикалық мінез-құлқы, мектептердің санитария жағдайы жоғары бағаланды. Респонденттер мектептердегі бағалаудың жаңа жүйесіне (ТЖБ, БЖБ және т.б.) және қазақ тіліндегі мектеп оқулықтарының сапасына қанағаттанады.

Колледждердегі сапа бағаларының өзіндік ерекшелігі бар: біріншіден, жоғарыда айтылғандай, олар мектептегі білімге қарағанда төмен және негізінен «қанағаттанарлық» деп бағаланады. Екіншіден, егер мұғалімдердің біліктілігі мектептердегі сияқты ең жоғары бағалар алған болса, онда «мамандық бойынша жұмыс табу мүмкіндігі» тармағы бойынша бағалар ең төмен болды. Бұл факт, респонденттердің пікірінше, күшейту және дамыту қажет бағыт екенін көрсетеді.

Жоғары оқу орындарының білім беру сапасын бағалаудың ерекшелігі үш позиция бойынша қанағаттанудың төмен бағаларында көрініс табады: білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар, студенттердің стипендияларының мөлшері және оқу ақысының деңгейі. Бұл ретте, ЖОО ПОҚ біліктілігіне ең жоғары бағалар берілгені оң факт саналады.

Жастар арасында бейресми білім берудің өсу әлеуеті бар (респонденттердің төрттен бірі онымен айналысатынын айтты).

Ғылыми қызмет жастар арасында аз танымал, онымен 11,1% респондент қана айналысады, ал ауыл жастары мұны қалалық жастарға қарағанда жиі жасайды.

Жастарды ғылыми-зерттеу қызметімен айналысуға ынталандырудың негізгі шаралары: зерттеу жұмыстарына жеке гранттардың санын ұлғайту және студенттерді кафедралар мен ғылыми орталықтардың жобалық қызметіне белсенді тарту.

Сарапшылар білім беру жүйесін одан әрі жаңғырту қажет екенін айтты. Қазақстандық еңбек нарығы үшін жоғары білікті кадрлар даярлау экономиканы дамыту мен оның бәсекеге қабілеттілігін дамытудың стратегиялық міндеттерін шешуге бағытталуы тиіс. Жүргізіліп жатқан жоғары білім беруді жаңғырту шетелдік стандарттарға ғана емес, ұлттық ерекшеліктер мен жергілікті проблемаларды да ескеруі тиіс. Сонымен қатар халықтың түрлі тобының білім алуға қолжетімділігін кеңейтетін түрлі механизм енгізілгеніне қарамастан, жүргізіліп жатқан іс-шаралар мен бағдарламалардың тиімділігіне мониторинг жүргізу маңызды.

Оқуын аяқтаған жастардың көпшілігі білім алған салаларда заманауи тәжірибелік дағдылары мен білімінің болмауына байланысты жұмысқа орналасу кезінде бірқатар проблемаға тап болады. Сонымен бірге жастардың мемлекеттік шаралар туралы хабардар болу деңгейінің төмендігі де олардың еңбек нарығына бейімделуіне кедергі келтіреді.

Сараптамалық сауалнама білім беру мен оқу ұйымдарының бұқаралық болуы да жоғары білім алуға қолжетімділікті арттырып қана қоймай, оның сапасын едәуір төмендететінін анықтады. ЖОО-лардың академиялық еркіндігін күшейту арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттырса, білім беру жүйесін дамудың жаңа сапалы деңгейіне шығуы мүмкін.

Осылайша, жастардың білім беру жүйесіне қанағаттануы, оның кейбір кемшілігіне қарамастан, орташадан жоғары деңгейде деп бағаланады.

Жетіншіден, мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігіне баға берілді. Қолдау шаралары (бағдарламалар мен жобалар) туралы хабардар болу деңгейінің төмен және тиісінше оларға тартылу деңгейінің жоғары болмауына байланысты жастарға іске асырылып жатқан мемлекеттік жастар саясатына қанағаттану деңгейінің төмен болуы тән.

Зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуына жастардың қанағаттану деңгейінің өсу әлеуеті бар екені анықталды. Қанағаттанатынын айтқан респонденттердің үлесі (толық қанағаттанады/дәлірегі, қанағаттанады) 45,3%, қанағаттанбайтындар саны 23,8% болды.

МЖС іске асыру тиімділігін бағалау динамикасы (2021 және 2020 жылдармен салыстырғанда) теріс бағыт алды: ағымдағы жылы МЖС тиімді деп бағалаған респонденттердің саны азайды, қанағаттанбайтын жастар үлесі артты және жастар саясаты туралы білмейтін, естімеген (6%-дан астам) жастардың үлесі артты.

Жастардың басымдықтары өзгерген жоқ: өткен жылдағыдай, бұл жұмысқа орналасу (29,8%), жас отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету (28,3%) және жоғары білім берудің қолжетімділігі мен сапасын арттыру (14,6%).

Зерттеу жастар бағдарламалары мен жобаларына қатысу деңгейі («білемін, қатыстым, іріктеуден өттім» және «білемін, қатыстым, конкурстық іріктеуден өткен жоқпын» нұсқалары бойынша жауаптар жиынтығы) 3%-дан аспайтынын және өте төмен екенін анықтады. Респонденттердің басым бөлігі жастарға арналған бағдарламалар туралы ештеңе естімегенін және білмейтінін айтты (43,2% - 71,0%).

Хабардар болудың ең жоғары деңгейі «Болашақ» (56,6%) және «Жасыл Ел» (52,4%) бағдарламалары бойынша байқалады.

«Баршаға арналған тегін техникалық және кәсіптік білім беру» жобасына (3,5%) және «Жасыл Ел» бағдарламасына (3,0%) қатысу деңгейі ең жоғарысы.

Жастар мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларға қатысуына қанағаттану деңгейі 53,3%-дан 84% аралығында құбылады. Қанағаттанудың ең жоғары деңгейін (76,8%-84,0%) респонденттер мынадай жобаларға қойды: «Жастар практикасы», «Жасыл Ел», «Жалға берілетін тұрғын үй», «Дипломмен – ауылға!». Ал «Жастар кадр резерві» жобасы ең төмен баға алды (53,3%).

Сондай-ақ сарапшылар мемлекеттік жастар саясатының проблемаларды шешу және қазақстандық жастардың сұраныстарына жауап беру қабілеті тұрғысынан тиімділігі төмен екенін айтты.

V. ҰСЫНЫМДАР

Жастар арасында жүргізілген бұқаралық сауалнамада, сондай-ақ сараптамалық сұхбатқа негізделген зерттеу нәтижелері бойынша мемлекеттік жастар саясаты шараларын жетілдіруге бағытталған **мемлекеттік органдар үшін бірқатар ұсыным** әзірленді.

Бірінші. Институционал және ұйымдастырушылық шаралар:

- жастармен жұмыс жөніндегі жеке орган – Жастар ісі жөніндегі агенттік құру мүмкіндігін қарастыру, бұл жастар саясаты саласындағы мемлекеттік органдар мен негізгі институттардың бірлескен өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

- жастар ресурстық орталықтарын әкімдіктердің басқаруынан шығару және оларды қаржыландыруды ұлғайту мүмкіндіктерін қарастыру.

Екінші. Мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың жаңа тәсілдерін қайта қарау, әзірлеу және ілгерілету:

- жастар саясатының барлық жұмысы мен бағытына толық түгендеу және олардың тиімділігіне бағалау жүргізу. Жаңа жастар саясаты жастардың құндылық бағдарларының өзгеруін, ақпараттық кеңістіктің дамуын ескеруі, сондай-ақ жаһандық ұзақмерзімді трендтерге сүйенуі тиіс;

- мемлекеттік жастар бағдарламаларының, атап айтқанда тұрғын үй бағыты бойынша тиімділігіне тексеру жүргізу қажет. Батыс өңірінің, атап айтқанда Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының ЖАО-лары тұрғын үй мәселесін шешу мүмкіндіктері туралы жастарды хабардар ету жөніндегі жұмысты жандандырсын (осы облыстарда тұрғын үй проблемаларын шешу мүмкіндіктері туралы сұраққа жауап беруге қиналған жастардың пайызы ең жоғары болды);

- мемлекеттік жастар саясатын басқаруды ұйымдастыру тәсілдерін қолдау қызметінің бағытына қарай – тұрғын үй бағдарламалары, жұмыспен қамту мәселелері және т.б. өкілеттіктердің ара-жігін нақты ажырату жағына қайта қарау;

- жастар ресурстық орталықтарының жұмысын қызметтің жалпы әдіснамасына сәйкестендіру және келтіру бойынша жұмыс жүргізу. Салыстырмалы деректер алу мақсатында жастар саясатының ұзақмерзімді нысаналы бағдарламаларын әзірлеу, іске асыру және олардың жүзеге асырылуына мониторинг жасау тәртібін қалыптастыру қажет. Сонымен қатар жастар сұраныстарының өңірлік ерекшеліктерін анықтап, ескерген жөн;

- мемлекеттік жастар саясатын әзірлеу кезінде және оның жекелеген жобаларын іске асыру кезінде жастардың ішіндегі белгілі бір әлеуметтік топтың жеке ерекшеліктерін неғұрлым толық ескеру үшін жіктемелі тәсіл қолдану қажет, олардың қажеттіліктері тұрғылықты жеріне, жасына, оқу формасына және т.б. байланысты өзгеруі мүмкін. Бұл тәсіл жастардың әр тобының қажеттіліктері мен сұраныстарын нақты анықтауға мүмкіндік береді;

- жастарды «массовка» ретінде іс-шараларға қатысуға тарту тәжірибесінен бас тарту керек, жастардың қоғамдық процестерге – волонтерлікке, консультациялық органдарға және т.б. қатысуын арттыратын белсенділік нысандарына артықшылық берген жөн;

- мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жолымен орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын қайта реттеу және бәсекелі ортаға беру мақсатында үкіметтік емес жастар ұйымдарын гранттық қаржыландыруды ұлғайту;

- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің қызметіне жергілікті деңгейдегі әкімдіктер мен мәслихаттар жанындағы жастардың қоғамдық консультациялық құрылымдарын дамыту мақсатында көшпелі отырыстар ұйымдастыру арқылы өңірлерден жастарды тарту қажет. Бұл өз кезегінде белсенді жас азаматтарды, әлеуетті және жергілікті

жерлерде көшбасшыларды жүйелі түрде анықтауға жағдай жасауға мүмкіндік береді;

- NEET жастардың санын есептеу және анықтау механизмін қайта қарау керек. Яғни, сандық мәліметтерден басқа осы санаттағы жастардың қажеттіліктерін, қолдаудың нақты формаларын анықтаған маңызды;

- діни мәселелерді зерделеумен айналысатын мамандандырылған ғылыми орталықпен бірлесіп, осы саладағы ықтимал тәуекелдердің толық көрінісін анықтау және болжау үшін бүкіл республика бойынша жастар арасындағы діни ахуалды қысқарту мүмкіндігін қарастыру;

- вакансия жәрмеңкелерін өткізу және жастарды жұмысқа тұрғызу бойынша өңірлердегі жұмыспен қамту орталықтарының жұмысын күшейту;

- халықтың ауылдан қалаға кетуінің алдын алу және ауылдарды дамыту мақсатында әлеуметтік желілерде челленджер, промороликтер іске қосу, реалити-шоулар жасау және т.б. шаралар арқылы Қазақстан мен шетелдің үздік тәжірибесі үлгісінде осы саланың беделін көрсете отырып, агроөнеркәсіптік кешеннің беделін жаңғыртқан жөн. Өңірлерде ауыл шаруашылығын жүргізудің табысты тәжірибелері туралы материалдарды БАҚ-та және әлеуметтік желілерде жариялау;

- жастардың, әсіресе осал әлеуметтік топтардың (бала тууға байланысты демалыстағы жас аналар, мүмкіндіктері шектеулі жастар және NEET санатындағы жастар) әлеуметтік-экономикалық жағдайына қосымша зерттеу жүргізу;

- жастарды қолдаудың дәстүрлі қызметтерін (психологиялық көмек және т.б.) онлайн форматқа ауыстыру немесе құпиялық ережелерін ескере отырып, осы бағыт бойынша мобильді қосымшаларды әзірлеу (смартфондарда жүктеу үшін), бұл туралы жастарға хабарлау мүмкіндігін қарастыру;

- волонтерлік, жастар кәсіпкерлігі, ғылыми жобалар мәселелеріне мамандандырылған жастар ұйымдарының, ҰЕҰ әлеуетін қолдау және арттыру бойынша жұмыстарды жүзеге асыру.

Үшінші. Өмірдің түрлі аспектісі бойынша жастарды қолдауға бағытталған жаңа жобалар мен бағдарламаларға бастамашылық жасау:

- жастар үшін бастапқы жарна және ай сайынғы табыс мөлшері жөніндегі талаптарды жұмсарту арқылы ісін жаңа бастаған мамандарға арналған жеңілдікті ипотекалық несие беру бағдарламасын әзірлеу;

- қаладағы қоғамдық өмірден тыс қалатын ауыл жастары үшін әлеуметтік лифтілер болатын жобалар әзірлеу;

- жастар арасында қазақ тілін үйрену бойынша онлайн платформаны танымал ету (soyle.kz, «Тіл-құрал» және т.б.);

- қаржылық сауаттылық және икемді дағдыларды дамыту курстарын, оның ішінде қосымша білім беру шеңберінде әзірлеу;

- әртүрлі номинациядағы үздік жаңалықтарды жариялау бойынша сайыс ұйымдастыру (әртүрлі критерий бойынша: өзектілік, шынайылық, объективтік және т.б.); қоғамдық-саяси, жастар тақырыбын жария ету ерекшеліктерін зерделеу бойынша оқыту курстары мен мастер-кластар өткізу; жаңалық тартатын аккаунттар мен блогтардың жарнамасы саясатын бақылау және т.б.; медиаконтент өндіру жөніндегі арнайы жобалар арқылы ынтымақтастықты жолға қою (Salem Social Media, Qazaqfilm, Netflix және т.б.);

- NEET санатындағы жастардың өзін-өзі танытуы мен әлеуметтенуіне деген қажеттіліктерін іске асыруға бағытталған білім беру, шығармашылық және мәдени бағдарламалар мен жобалар әзірлеу қажет. Қысқа мерзімді жобаларға (шығармашылық конкурстарға, спорттық эстафеталарға және т.б.) қатысу осы санаттағы жастардың назарын аударып, жаңа рөлдік модельдерді қоюға мүмкіндік береді;

- БАҚ және әлеуметтік желілерде кең ақпараттық жариялаумен және ірі ақшалай сыйлықпен ауылдың жас кәсіпкерлеріне тәлімгерлік ету бойынша жобаға бастамашылық ету;

- балалар мен жасөспірімдерде азаматтық белсенділік пен патриотизмді тәрбиелеу мақсатында отан туралы ой-өрісті кеңейту үшін зияткерлік ойындарды, білім беру, дамыту әдістерін, мысалы, *бірқатар үстел ойынын, онлайн викториналар құру* ұсынылады; қаржылық сауаттылыққа тәрбиелеу және жастар арасында кәсіпкерлікті танымал ету үшін қазақстандық ерекшелікке назар аударатырып, *қазіргі заманғы танымал әлемдік үстел ойындарын* пайдалану ұсынылады, мысалы «Monopoly in Kazakhstan», «Alias in Kazakhstan»;

- жастардың қоғамдық санасында толеранттық, бейбітшілік мәдениеті, патриотизм, азаматтық жауапкершілік ұғымдарына негізделген жас қазақстандық тұлғасының жаңа құндылық моделін бекіту бойынша орта білім беру мекемелерінде сынып сағаттарын және колледждер мен ЖОО-ларда семинарлар бағдарламасын әзірлеу және ұйымдастыру;

- жастардың мемлекеттік тілді өз бетінше үйренуіне арналған платформа ретінде «тіл кафелері» пилоттық жобаларын іске қосу мүмкіндігін қарастыру. Бұл жоба Ресей Федерациясы, Эстония, Финляндия және басқа да Еуропа елдерінде сәтті жүзеге асырылуда және тілдік тәжірибені еркін және достық жағдайда өткізуге мүмкіндік береді, атап айтқанда: сөздік қорын толықтыру, пікірталас, фильм көру және үстел ойындары арқылы өздігінен үйрену тәжірибесі. «Тіл кафелерін» кітапханаларда, жазғы уақытта саябақтарда ұйымдастыруға болады;

- тәжірибе алмасу, студенттерді жаңа білім мен дағдылармен, мәдениетпен және елдің басқа өңіріндегі еңбек саласының мүмкіндіктерімен байыту үшін жағдай жасау мақсатында студенттердің ел ішіндегі *академиялық мобильділігі бағдарламасының мүмкіндіктерін кеңейту*. Жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары үшін *осындай жобаны* іске қосу;

- буллингтің алдын алу мәселелері бойынша мектеп әкімшілігі мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру және білім беру мекемелерінде оң ахуал жасау жөнінде арнайы курстар әзірлеу. Сондай-ақ буллингтің алдын алу бойынша педагогтар мен мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал (үстел кітабы, жадынама және т.б.) әзірлеу қажет;

- орта білім беру мектептеріндегі шамадан тыс жүктелген сыныптар проблемаларын шешу жөніндегі Жол картасын әзірлеу, бұл сапалы білім алуға ғана емес, сонымен қатар балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі тану еркіндігіне де елеулі кедергі болуы мүмкін;

- жастарды тарта отырып, жергілікті, өңірлік және республикалық деңгейлерде аула спорты мәдениетін, аула футболы, волейбол, стритбол және т.б. бойынша жарыстар ұйымдастыруды және өткізуді ілгерілету;

- оқытудың базалық және орта деңгейлеріне бағдарланған мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін тегін оқыту бойынша қолжетімді және сапалы білім беру жобаларын жасау, ілгерілету және уақтылы ақпараттық жария ету. Ресурс жетіспеушілігі мен материалдық ынталандыру болмауынан қазақ тілін ілгерілету жөніндегі көптеген жеке бастамалардың өз жұмысын жалғастыра алмауына байланысты осы жобаларды мемлекеттік қаржыландыруды (АБҚО гранттық қаржыландыру жүйесі арқылы болуы мүмкін) қамтамасыз ету ұсынылады. Бұл ретте халықты тегін курс ашылғаны туралы кеңінен хабардар ету, курс туралы ақпаратты (мекенжай, телефон, байланыс, жұмыс режимі) ресми сайттарда және әлеуметтік желілердегі аккаунттарында орналастыру.

Төртінші. Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру шеңберінде ақпараттық жұмысты күшейту:

- жастарды шешім қабылдау процесіне тарту және азаматтық қатысуды арттыру үшін жастарды қолдау мен азаматтық бастамаларды дамытудың

мемлекеттік бағдарламалары туралы белсенді ақпараттық жұмыс жүргізу. Бұл ретте азаматтық қоғамды қолдау жөніндегі бастамалар ашықтық пен есеп берушіліктің айтарлықтай жоғары деңгейінде болуға тиіс. Жастардың қатысуы өміршең және тұрақты жастар ұйымдары мен ҰЕҰ арқылы кеңейе алады;

- насыбай, снюс, вейп, электрондық темекі және т.б. заттардың зияны туралы әлеуметтік роликтер әзірлеуді және оларды қоғамдық орындарда (саябақтарда, СОО және т.б.), сондай-ақ мектептерде көрсетуді қамтамасыз ету;

- ұлтшылдық көңіл-күй мен ксенофобияның алдын алу мақсатында қысқа метражды бейнероликтерді, мемуарларды, инфографиктерді, ойланбай айтылған пікірлер мен көпшілік алдында айтылған пікірлердің және әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде этностар, конфессиялар, репатрианттар өкілдерін және т.б. қорлайтын жалған ақпаратты таратудың ықтимал салдарлары туралы сюжеті бар анимациялар көрсету;

- әлеуметтік желілерде міндетті түрде дер кезінде әрекет ететін кері байланыспен жастарды тұрақты негізде қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды түсіндіру үшін парақшалар ашу; жастарды қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылу нәтижелерін жария ететін ақпараттық контент құруды қамтамасыз ету, сондай-ақ жастарды қолдау жөніндегі материалдардың мазмұны мен БАҚ-қа беру тәртібін қайта қарау қажет;

- YouTube және әлеуметтік желілерде әртүрлі тақырып бойынша (қоғамдық-саяси, мәдени, әлеуметтік, қоғамдық, бизнес және т.б.) волонтерлік қызметтегі, кәсіпкерліктегі және т.б. тәжірибесі туралы танымал жарқын тұлғалардың қатысуымен подкасттар тарату;

- осы нысаналы топқа патриотизмге, толеранттыққа, сан алуандылықтағы бірлікке, этносаралық келісімге баса назар аудара отырып, әлеуметтік желілерде оң контентті қалыптастыру үшін жасөспірімдер мен жастар арасында танымал сервистерді (мысалы, қазақстандық «VIP house» тикток-үйі және т. б.) пайдалану мүмкіндігін қарастыру;

- ел ішінде жұмыс істеп тұрған мемлекеттік және мемлекеттік емес білім беру бағдарламалары, жұмысқа орналастыру және тағылымдамадан өту жөніндегі бағдарламалар мен гранттар бойынша жастарды хабардар етуді күшейту;

- жастарды қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы ақпараттандыру шеңберінде әлеуметтік медиа мен БАҚ-та веб-құжаттама форматын (интерактивті мүмкіндіктері бар бейнеформаттар) пайдалануды кеңейту ұсынылады;

- жастар арасында ғылыми-зерттеу қызметін дәріптеу, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын оқушыларды көтермелеу жөніндегі жұмысты жалғастыру. Оқушылар мен студенттер жобаларының инкубаторларын құру үшін бизнес-құрылымдар тарапынан қолдау құралдарын тарту мүмкіндігін қарастыру;

- жастардың жыныстық өмірді жүргізуге, оның ішінде контрацепция құралдарының қолжетімділігі арқылы жауапты көзқарасын қалыптастыру мақсатында жоғары сыныптарда, жоғары оқу орындары мен колледждерде жыныстық тәрбие жөніндегі бағдарламаларды енгізу бойынша шаралар қабылдау;

- жастарды жыныстық және репродуктив денсаулық туралы хабардар етуді қамтамасыз ету. Жастар топтарының жасын, мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын, курстар әзірлеу. Жастарға (жастарын ескере отырып), ата-аналарға арналған ақпараттық контентті орналастыра отырып, БАҚ және әлеуметтік желілердің әлеуетін пайдалану. Халықтың түрлі топтарын жыныстық және репродуктивті денсаулық туралы хабардар етудің маңыздылығы туралы ақпараттық жұмыс жүргізу;

- медиасауаттылық және фактчекинг бойынша пәндерді/курстарды сынып сағаттарының жоспарына (мектептерде) және СОӨЖ (колледждер мен ЖОО-

ларда) енгізу. Бұл жағдайда пәннің/курстың тәжірибелік бағдарлануына негізгі баса аударған жөн;

- халық тығыз орналасқан өңірлерде (Жамбыл, Алматы, Түркістан облыстары, Шымкент, Алматы қалалары) волонтерлік жобалар туралы хабардар ету және жастарды волонтерлікке тарту жөніндегі жұмысты жандандыру.



Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі



«МОЛОДЕЖЬ КАЗАХСТАНА»

АНАЛИТИЧЕСКИЙ ДОКЛАД ПО РЕЗУЛЬТАТАМ
СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ

Нур-Султан, 2022

Социологическое исследование «Молодежь Казахстана»: НИЦ «Молодежь», Нур-Султан, 2022. - 129 стр.

Аналитический доклад основан на результатах социологического исследования «Молодежь Казахстана», проведенного методами массового республиканского и экспертного опросов по заказу Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан.

© Научно-исследовательский центр «Молодежь», 2022

СОДЕРЖАНИЕ

I. ПРОГРАММА СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ	125
II. РЕЗУЛЬТАТЫ МАССОВОГО ОПРОСА МОЛОДЕЖИ	131
Социально-демографические характеристики респондентов.....	131
1. ЗДОРОВЬЕ И ДОСУГ МОЛОДЕЖИ	131
Состояние здоровья молодежи	131
Отношение к здоровому образу жизни	133
Отношение к репродуктивному здоровью	140
Отношение к физической культуре и спорту	143
Досуг молодежи	147
2. ОБРАЗОВАНИЕ И НАУКА В ЖИЗНИ МОЛОДЕЖИ	151
Удовлетворенность системой образования	151
Школы.....	153
Колледжи	155
Вузы.....	156
Неформальное образование	157
Научная деятельность	158
3. СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ МОЛОДЕЖИ	161
Социальное самочувствие молодежи.....	161
Жилищная ситуация	166
Вопросы трудоустройства молодежи.....	168
Способы поиска работы	169
Опыт предпринимательской деятельности	171
4. ЦЕННОСТНЫЕ ОРИЕНТАЦИИ И ИНТЕРЕСЫ СОВРЕМЕННОЙ МОЛОДЕЖИ	173
Ценностные ориентиры молодежи.....	173
Языковая среда.....	178
Формирование религиозных убеждений.....	179
5. ГРАЖДАНСКАЯ АКТИВНОСТЬ	183
Общественно-политические настроения молодежи.....	183
Гражданская активность.....	188
Протестный потенциал	191
Январские события 2022 года	196
Конфликт между Россией и Украиной.....	199
Соблюдение прав молодежи	200
Вопросы безопасности	201
6. ЭФФЕКТИВНОСТЬ РЕАЛИЗАЦИИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ МОЛОДЕЖНОЙ ПОЛИТИКИ.....	203
III. РЕЗУЛЬТАТЫ ЭКСПЕРТНОГО ОПРОСА	211

1. Оценка эффективности мер государственной молодежной политики.....	211
2. Актуальные проблемы молодежи.....	215
3. Ценностные ориентиры и предпочтения современной молодежи ...	218
4. Гражданская и политическая активность.....	221
5. Молодежная культура: создание условий для проявления таланта	224
6. Модернизация высшего образования	226
7. Рынок труда и навыки молодежи	229
8. Информатизация и работа с молодежью.....	233
IV. ВЫВОДЫ.....	237
V. РЕКОМЕНДАЦИИ.....	245

I. ПРОГРАММА СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ

Согласно данным Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан на начало 2022 года, в общей структуре населения страны молодежь составляет 20% или 3 741 083 человека, и является важным стратегическим и кадровым ресурсом. Молодежь играет важную роль в социальных отношениях, производстве материальных и духовных благ. Как показывает практика, положение молодежи в обществе и степень ее участия в развитии социальной среды зависит как от государственной политики, так и от уровня социально-политической активности самой молодежи.

Основным нормативным правовым документом, регулирующим сферу взаимодействия государства и молодежи в Республике Казахстан, является Закон «О государственной молодежной политике в Республике Казахстан» от 9 февраля 2015 года, в котором определены его цели, задачи, основные направления, а также механизмы государственной поддержки молодежи, обозначены ее социальные и политические права.

В государственных стратегических документах отмечается особая значимость молодого населения в развитии государства и важность формирования ответственности и активной гражданской позиции казахстанской молодежи. Государство на постоянной основе предпринимает меры в области расширения возможностей молодежи для творческой и профессиональной реализации, а также для повышения степени ее социального благополучия.

Для эффективной интеграции молодежи в социально-экономические процессы необходимы исследования проблем молодежной среды и повышение компетентности специалистов, работающих с молодежью.

Актуальность настоящего исследования обуславливается необходимостью постоянного анализа основных тенденций, проблем и особенностей развития молодежи для совершенствования государственной молодежной политики. Всестороннее изучение мнения и оценок молодых казахстанцев, а также экспертов в области молодежной политики касательно социальных институтов, организаций и государственных программ представляет собой особую ценность для анализа эффективности предпринимаемых мер государственной молодежной политики.

Методологическая часть программы

Цель исследования – изучение текущего состояния развития молодежи Казахстана в разрезе различных аспектов жизни и выработка рекомендаций по повышению эффективности реализации государственной молодежной политики.

Задачи:

- рассмотреть основные тенденции по состоянию здоровья молодежи, а также по организации ее досуга;
- выявить степень удовлетворенности качеством жизни и характеристики социального самочувствия молодежи;
- изучить ценностные ориентации и интересы молодых казахстанцев;
- проанализировать актуальные вопросы занятости молодежи;
- определить степень удовлетворенности молодежи качеством образования;
- изучить общественно-политические настроения молодежи;
- определить уровень участия молодежи в общественно-политических процессах;
- выработать рекомендации по повышению эффективности реализации государственной молодежной политики.

Гипотезы исследования:

1. Социально-экономическое положение молодежи с учетом актуальных вопросов трудоустройства, образования, доступности жилья, уровня доходов, оценивается большинством молодежи на высоком уровне.

2. Для молодежи в большей степени характерна удовлетворенность текущим состоянием здоровья, а также созданы условия для проведения полезного досуга.

3. Удовлетворенностью молодежи системой образования, несмотря на отдельные ее недостатки, оценивается на уровне выше среднего.

4. Главной ценностью для современной молодежи, в первую очередь, являются духовные и нематериальные ценности – семья, здоровье, дружба, любовь.

5. Основным каналом формирования мнения и представлений молодежи о различных аспектах жизнедеятельности являются социальные сети.

6. Уровень гражданской активности молодежи отмечается на невысоком уровне, при этом имеется тенденция к проявлению некоторых протестных настроений.

7. Для молодежи характерна невысокая степень уровня удовлетворенности реализуемой государственной молодежной политикой ввиду низкого уровня информированности о мерах государственной поддержки (программ и проектов), и, соответственно, невысокой степени вовлеченности в них.

Объект исследования – население Республики Казахстан в возрасте от 14 до 28 лет включительно (молодежь), выбранная по параметрам, репрезентирующим ее социально-демографические и территориальные характеристики.

Предмет исследования – оценка молодежью Казахстана основных аспектов своей жизни, включающие: здоровье и досуг, образование и наука, социально-экономическое положение, ценностные ориентации и интересы, общественно-политические процессы.

Интерпретация основных понятий

Государственная молодежная политика – система социально-экономических, организационных и правовых мер, осуществляемых государством и направленных на поддержку и развитие молодежи. Целью государственной молодежной политики является создание условий для полноценного духовного, культурного, образовательного, профессионального и физического развития молодежи, участия в процессе принятия решений, успешной социализации и направления ее потенциала на дальнейшее развитие страны.

Молодежь – это социально-демографическая группа, выделяемая на основе совокупности возрастных характеристик, особенностей социального положения и определенных социально-психологических качеств. В соответствии с Законом Республики Казахстан «О государственной молодежной политике», в настоящем исследовании в качестве молодежи выбраны граждане Республики Казахстан от четырнадцати до двадцати девяти лет.

Социальное самочувствие – интегральная характеристика реализации жизненной стратегии личности, отношения к окружающей действительности, субъективных ее сторон. Соотношение между уровнем притязаний и степенью удовлетворения потребностей субъекта, которые представлены как когнитивные формирования.

Общественно-политические настроения – общая эмоционально-рациональная оценка значительными количествами людей соответствия реальной социально-политической действительности, тех или иных ее аспектов

притязаниям, потребностям и интересам этих людей, осуществление которых связано с данной действительностью, с данными аспектами.

Ценностные ориентации – отражение в сознании человека ценностей, признаваемых им в качестве стратегических жизненных целей и общих мировоззренческих ориентиров.

Методическая часть исследования

В исследовании применены количественный и качественные методы сбора и анализа информации – массовый опрос с применением анкеты посредством личного интервью с респондентом, а также метод экспертного интервью.

В качестве основного **метода сбора информации** использован массовый опрос молодежи, в возрасте от 14 до 28 лет включительно, «face-to-face». Данный метод позволил получить наиболее объективную информацию о ситуации в молодежной среде.

Массовый опрос предполагает участие в исследовании большого числа респондентов, отобранных на основе выборки, и отражающих в своей совокупности структуру социальной группы. На основании результатов проведенного массового опроса с той или иной степенью точности строится прогноз о массовом поведении. Основное предназначение массовых опросов – получение информации о мнениях людей, их мотивах и оценках социальных явлений, о феноменах и состояниях общественного, группового и индивидуального сознания.

Экспертный опрос – разновидность опроса, в ходе которого респондентами являются эксперты – высококвалифицированные специалисты в определенной сфере деятельности. Метод подразумевает компетентное участие специалистов в анализе и решении рассматриваемой проблемы.

В практике социологических исследований экспертный опрос используется: для прогноза развития того или иного явления; для оценки степени достоверности массового опроса; для сбора предварительной информации о проблеме исследования (зондаж); в ситуациях, когда массовый опрос простых респондентов не возможен или не эффективен.

Надежность оценок и решений, принимаемых на основе суждений экспертов, достаточно высока и, в значительной степени, зависит от организации и направленности процедуры сбора, анализа и обработки полученных мнений. Сама процедура предполагает анализ исследуемой ситуации; выбор группы экспертов; выбор способа замера экспертных оценок; процедуру непосредственной оценки работы экспертов; анализ полученных данных.

Объем выборочной совокупности составил 2000 респондентов. Территория проведения социологического исследования охватывает все регионы Республики Казахстан – города республиканского значения гг. Нур-Султан, Алматы и Шымкент, 14 областных центров, а также сельские населенные пункты. В исследовании использована стратифицированная многоступенчатая выборка с квотированием. Вначале, исходя из численности населения по областям и городам, определены объемы выборки по регионам страны. Далее, по каждому региону вычислены объемы городской и сельской выборки.

Расчет выборочной совокупности по проекту, человек*

	Всего	Городское население	Сельское население	Мужчины	Женщины
Республика Казахстан	2000	1126	874	1019	981
Акмолинская	74	33	41	38	36
Актюбинская	91	61	30	46	45
Алматинская	210	42	168	106	104
Атырауская	71	36	35	37	34
Западно-Казахстанская	66	32	34	33	33
Жамбылская	130	49	81	66	64
Карагандинская	138	107	31	71	67
Костанайская	81	44	37	42	39
Кызылординская	95	39	56	48	47
Мангистауская	82	32	50	42	40
Павлодарская	70	47	23	36	34
Северо-Казахстанская	52	22	30	27	25
Туркестанская	256	49	207	132	124
Восточно-Казахстанская	125	74	51	65	60
г. Нур-Султан	124	124	0	61	63
г. Алматы	204	204	0	104	100
г. Шымкент	131	131	0	65	66

* По данным Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан на 1 января 2022 года

В настоящем исследовании отбор единиц наблюдения проведен в несколько этапов:

1. Отбор по областям – исходя из численности населения по областям и городам республиканского значения от 14 до 28 лет включительно, определены объемы выборки по 17 регионам страны.

2. Отбор по принципу город-село – в каждой области высчитаны объемы городской и сельской выборки. Опросом охвачены все областные центры, отдельные малые города и сельские населенные пункты.

3. Отбор точек опроса – в городских и сельских населенных пунктах производился простой случайный отбор микрорайонов и улиц из картографического списка данного поселения.

4. Отбор домохозяйства – следуя по маршруту от стартовой точки по правилу «левой руки» отбиралось домохозяйство с 5-кратным шагом отбора в городе и 3-кратным шагом отбора в селе с ограничением активных интервью на одно домохозяйство в количестве 1 респондента, подошедшего по квотам. Стартовая точка выбиралась произвольно.

5. Отбор респондентов согласно квоте – в каждом отдельно взятом домохозяйстве респонденты отбирались по двум признакам – пол и возраст – половозрастной квоте – возраст респондента на момент опроса не должен был быть ниже 14 и выше 28 лет, а также репрезентативная представленность по полу (количество опрашиваемых мужчин и женщин рассчитано согласно данным Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам по каждой области, городу и селу).

Выборка репрезентативна, т.е. по выделенным параметрам состав респондентов приближается к соответствующим пропорциям в генеральной совокупности. При этом отклонение средних характеристик выборочной совокупности от средних характеристик генеральной совокупности не превышает $\pm 2,19\%$.

Выборочная совокупность экспертных интервью составила 10 экспертов согласно заданным параметрам: квалификация, сфера деятельности (связанная с молодежью в тех сферах, которые должны быть изучены – здравоохранение, образование и досуг, занятость и трудоустройство, государственная молодежная политика и т.д.).

Структура инструментария

